

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

3

МАРТ

1965

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН ҚП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XLIV ЖЫЛ ШЫҒУЫ

3

МАРТ

1965

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Советтер жұмысындағы жаңа кезең	3
Ғ. Сақтағанов — Партия қатарының тазалығы мен бірлігі жолындағы күрес (РКП(б) IX съезінің 45 жылдығына)	8
Ф. Савицкий — Ауыл шаруашылығын интенсификациялаудың маңызды шарты	13
Н. Оразбаев — Қаратау қазынасы — халық игілігіне	18

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНА

М. Габдуллин — Ол күндердің өшпес даңқы	22
--	----

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМДІ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның КПСС Программасында дамытылуы (VII тақырыпқа методикалық кеңестің жалғасы)	28
А. Байшин — Капиталистік елдер жұмысшы табының қазіргі кезеңдегі күресі (IX тақырыпқа)	44

НАСИХАТШЫ — АҚЫЛШЫ ӘРІ ТӘРБИЕШІ

Г. Пряникова — Шеберлік мектебі, А. Корытко — Өмір — оқу өзегі, Н. Гулак — Бұл да өнер	49
З. Жанғозин — Саяси оқудың орталығы	55

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

М. Савельев, Е. Наливайко — Аудандық партия комитеті — шешуші буын	57
А. Птущенко — Тиянақты білім, тұрақты мамандық (Семей облыстық партия ұйымының жұмыс тәжірибесінен)	62

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ө. Малыбаев, Ғ. Ақмамбетов — Болашақтың барлаушылары	67
---	----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Партия тұрмысы мәселелері байыпты жазылсын	71
--	----

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

С. Ділдәбеков — Бейбітшіл халықтардың өділ ісі сөзсіз жеңеді	76
«Қазақстан коммунистінің» сынынан кейін	80



СОДЕРЖАНИЕ

Передовая — Местные Советы в новых условиях	3
Г. Сактаганов — За чистоту и единство рядов партии (к 45-летию IX съезда РКП(б))	8
Ф. Савицкий — Важное условие интенсификации сельскохозяйственного производства	13
Н. Оразбаев — Богатства Каратау — на благо народа	18

К 20-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

М. Габдуллин — Немеркнущая слава грозных дней	22
---	----

В ПОМОЩЬ ИЗУЧАЮЩИМ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ

Марксистско-ленинское учение о партии и его развитие в Программе КПСС (продолжение методического совета к седьмой теме)	28
А. Байшин — Борьба рабочего класса капиталистических стран на современном этапе (к IX теме)	44

ПРОПАГАНДИСТ — НАСТАВНИК И ВОСПИТАТЕЛЬ

Г. Пряникова — Школа мастерства, А. Корытко — В неразрывной связи с жизнью, Н. Гулак — Это — главное	49
З. Жангозин — Центр политической учебы	55

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

М. Савельев, Е. Наливайко — Районный комитет партии — решающее звено	57
А. Птущенко — Сельским труженикам — массовую квалификацию (из опыта работы Семипалатинской областной партийной организации)	62

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ


О. Малыбаев, Г. Акмамбетов — Разведчики будущего	67
--	----

ОБЗОР ПЕЧАТИ

Вопросы партийной жизни на страницах областных газет	71
--	----

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОБЗОР

С. Дилдабеков — Правое дело миролюбивых народов восторжествует	76
По следам выступлений журнала «Казахстан коммунист»	80



Советтер жұмысындағы жаңа кезең

В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы күнінен бастап Советтердің маңызын ерекше атап көрсетті. Ол Коммунистік Интернационалдың I конгресін ашардағы сөзінде және сондағы баяндамасында пролетариат диктатурасының бүкіл дүние жүзілік мәнін терең ашып берді. «Совет өкіметінің мәні мынада, — деп мәлімдеді В. И. Ленин, — бүкіл мемлекеттік өкіметтің; бүкіл мемлекеттік аппараттың тұрақты және бірден-бір негізі капитализм езген таптардың нақ өзінің, яғни жұмысшылар мен жартылай пролетарлардың (өзгенің еңбегін қанамайтын және өзінің жұмыс күшінің бір бөлегін болса да үнемі сатуға мұқтаж болып отыратын шаруалардың) бұқаралық ұйымы болып табылады» (Шығармалар, 28-том, 478-бет).

Сонымен бірге В. И. Ленин советтік демократияның буржуазиялық демократиядан жер мен көктей айырмашылығына, оның белгілеріне тоқталды. Буржуазиялық демократия әрқашан және барлық жерде тек құрғақ уәдеге шебер-ақ. Онда бұқара мындаған тәсілдер мен айлалар арқылы саяси өмірге қатысудан және демократиялық праволар мен бостандықтарды пайдаланудан шеттетіліп отырады. Ал Совет өкіметіне келсек, ол еңбекші бұқарасын басқару аппаратына жақындастыратын етіп құрылған. Оның артықшылығы да осында.

Біздің қоғамның қазіргі даму кезеңінде еңбекшілер депутаттары Советтерінің ролі барған сайын арта түсуде. Советтер халқымыздың шын мәнісіндегі аса ұлы жеңісі болып саналады. В. И. Ленин Советтерді демократизмнің ең жоғарғы түрі деп бағалаған болатын. «Өйткені Советтер — халықтың өзі, халық бұқарасының өзі».

Ұлы Октябрь біздің елдің күллі қоғамдық өмірі мен мемлекеттік басқару ісін демократияландырудың жаршысы болды. Коммунистік партия Совет мемлекеті тарихының өнбойында Советтерді барынша нығайтуға үнемі қамқорлық жасап, олардың қызметін шаруашылық және мәдени құрылыстың аса маңызды, түйінді міндеттерін шешу ісіне бағыттап отырды.

Советтердің күллі жұмысын жоғары сатыға көтеруде партияның XX, XXI және XXII съездерінің шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілер депутаттары Советтерінің жұмысын жақсарту және олардың бұқарамен байланысын күшейту туралы» (1957 ж.) қаулысының ролі ерекше болды. Бұл тарихи документтерде советтік демократияны онан әрі дамыта беру, барлық азаматтарды шаруашылық пен құрылысты басқаруға қатынастыру, еңбекшілердің творчестволық белсенділігі мен инициативасын барынша арттырып, оның жұмысына халықтың бақылауын күшейту міндеті ерекше атап көрсетілді.

Партияның XX съезінен кейінгі жерде Советтердің жұмысы да бұрынғыдан әлдеқайда жаңдана түсті. Жаңа формалар мен жұмыс тәсілдері қанат жайды. Сессиялар дер кезінде шақырылып, онда қаралатын мәселелердің өрісі кеңейді. Сайлаушылар алдында депутаттардың, ал Советтердің алдында атқару комитеттерінің есебі тыңдала бастады. Көшпелі сессиялар өткізу дәстүрге айналды. Мұның бәрі, сөз жоқ, жергілікті Советтердің ролін арттыруға, олардың бұқарамен тікелей байланысын күшейтуге игі ықпалын тигізді.

Советтердің коммунистік құрылыстағы ролін арттыруға партияның жаңа Программасында да айрықша назар аударылған. Советтердің жұ-

мысын жақсарту үшін және жаңадан миллиондаған еңбеккерлер мемлекетті басқару мектебінен өтетіндей етіп, Советтерге жаңа күштердің ағылып келуі үшін әрбір сайлау сайын депутаттар құрамының кем дегенде үштен бірін жаңартып отыру дұрыс болады деп көрсетілді Програмада.

Біздің республикамызда ғана 98 713 депутат және 2 757 депутаттық топ жұмыс істейді. Республикамыздағы көше және үй комитеттерінің, халық жасақтары мен жолдастық соттардың, мектеп пен семьяға көмектесуші комиссиялардың және басқа осындай ұйымдардың саны 80 мыңнан асады. Бұлардың жұмысына 750 мың адам белсене қатынасады. Әсіресе соңғы жылдарда жергілікті Советтердің жұмысында қоғамдық негіз кең өріс алды. Қазір республикамызда атқару комитеттерінің 892 штаттан тыс бөлімі, 3 720 штаттан тыс нұсқаушы мен инспектор, партиялық-мемлекеттік бақылау комиссияларының 34 мың тобы мен постысы бар. Шаруашылық пен мәдени-тұрмыс салалары бойынша құрылып, белсенді қызмет атқарып отырған тұрақты комиссиялардың саны барған сайын артып келеді. Мұндай бұқаралық ұйымдар — социалистік демократияның нағыз қол жеткен тамаша жеңістерінің бірі. Мұның өзі, екінші жағынан, біздің елде мемлекеттік жұмыстың миллиондардың төл ісіне айналғанын айқын сыпаттайды. Қоғамдық ұйымдар миллиондаған адамдарды өз қатарына біріктіре, әрі қоғамға пайдалы, мархабатты істермен шұғылдана отырып, еңбекшілерге тәрбие берудің, оларды мемлекетті басқаруға кеңінен қатынастырудың тамаша мектебіне айналуда.

В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы күндерінде ақ «...біздің мемлекеттік аппаратымызды бірден, әп-сәтте он есе арттырып жіберегін «тамаша құралымыз» бар, капиталистік мемлекеттің ешқайсысында да бұл құрал болған емес және болуы мүмкін де емес. Бұл тамаша іс — еңбекшілерді, кедейлерді мемлекетті басқару жөніндегі күнделікті жұмысқа тарту» деп атап көрсеткен болатын (Шығармалар, 26-том, 97-бет). Ұлы көсемнің бұл нұсқауы қазіргі кезде толығынан жүзеге асуда. Еліміздің алдына қойылып отырған коммунистік құрылыс міндеттерінің уақыт озған сайын ойдағыдай жүзеге асырылуы мемлекет билігі мен басқару органдарының баршасына аса елеулі міндет жүктейді.

Әсіресе Советтердің ролі қазіргі кезеңде, коммунистік құрылыстың барысында өмірдің барлық жағын қамтитын халық ұйымына, оның бірлігінің көрінісіне айналып отырғанда өте-өте арта түсуде. Тұрғын үй мәселесін шешу, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс жағдайына қамқорлық жасау, шаруашылыққа басшылықты тікелей жақсарту жөнінде жергілікті Советтердің қыруар жұмыс істеп отырғаны жұртқа мәлім. Ауыл-селоларда, қалаларда, қаз қатар тұрғын үйлер, мектептер мен ауруханалар, балалар бақшалары мен яслилер, газ құбырлары мен асфальтты жолдар, сәнді көпірлер мен сан алуан басқа да тұрмыстық құрылыстар, — мінеки осылардың бәр-бәрі де негізінде Советтердің, олардың депутаттарының белсенділігі мен ақыл-ойының арқасында жүзеге асырылып жатқан халық игіліктері.

Халықтың тұрмыс қажетін өтеуде, елді пункттерді көркейтуде, халық ағарту ісі мен денсаулық сақтау орындарына кең қамқорлық жасауда Советтердің ролі айрықша. Алайда соңғы екі-үш жылдың ішінде елімізде жүргізілген орынсыз ұйымдастыру шараларының салқыны Советтердің жұмысына қатты тиді. Әнгіме басшы партия, совет органдарын өндірістік принцип бойынша қайта құру, партия және совет органдарын өндірістік, селолық деп қолдан бөліп тастау жайында болып отыр. Мұның өзі саяси-шаруашылық мәселені бірлесіп, ақылдасып шешуге мүмкіндік бермеді, жұмысқа және халықпен байланыс жасауға едәуір кедергі жасады. Оның үстіне, бұл мемлекет билігі мен басқару органы ретіндегі Советтердің ролін мүлде төмендетуге әкеліп соқты. Олар іс жүзінде шаруашылық құрылысқа белсеніп араласудан сырт қалды.

Бұл жағдай өте-мөте аудандық және ауыл-селолық Советтердің жұмысын мүлде қиындатып жіберді. Көп жерде мемлекеттік билік органдарының праволары шектеліп, олардың қызмет өрісі тарыла бастады. Ол ол ма, тіпті «селолық Советтердің енді қажеті шамалы, оны таратса да болады» деуші жел өкпелер де табылды. Партияның лениндік Орталық Комитеті бұл қателіктерді дер кезінде, әрі батыл түзетті. 1964 жылғы ноябрь Пленумы партия ұйымдары мен олардың басшы органдарын территориялық-өндірістік белгі бойынша қайта құруға оралу қажет деп тапты. Осыған іле-шала Совет органдары да біріктіріліп, бұрынғы қалпына келтірілді. Осыған орай жергілікті Советтердің праволары мен міндеттері ұлғая түсті.

Бізге жергілікті Советтердің ролін арттыру мәселесіне жалаң сөз жүзінде ғана қарау мүлде жат. Облыстарда, қалаларда, поселкелер мен селоларда олардың шынайы билігін қамтамасыз ету — бүгінгі күннің өктем талабының бірі. Бұл ретте әрдайым Советтер мен олардың табиғаты жөніндегі лениндік қағиданы басшылыққа алу керек. «Социалистік демократияның онан әрі даму барысында, — деп көрсетілген партияның жаңа Программасында, — мемлекеттік өкімет органдары бірте-бірте қоғамның өзін-өзі басқару органына айналатын болады. Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың) праволары ұлғайтылады. Олар жергілікті маңызы бар мәселелердің бәрін түпкілікті шешіп отыратын болады». Программалық бұл қағида әрбір Совет жұмысының негізі болуға тиіс.

Биылғы жылы март айында Советтердің бұдан екі жыл бұрын сайланған өкілдік мерзімі бітті. Соған байланысты біздің елімізде жергілікті Советтердің сайлауы болып өтті. Сайлау қорытындылары советтік демократияның тағы бір жарқын көрінісі, коммунистер мен партияда жоқтар блогының салтанатты жеңісі болып саналады.

Жергілікті Советтердің сайлауына әзірліктің барысында шаруашылық және мәдени құрылыста қол жеткен табыстар кеңінен сөз болды. Әрбір Совет пен әрбір депутаттың жұмысында орын алып келген кемшіліктер ашылып, оны жоюдың нақты шаралары белгіленді. Сайлаушылар өз қалаулыларына жаңадан тағы да аманаттар тапсырды.

Жергілікті Советтер 1965 жылға арналған мемлекеттік жоспар мен бюджеттің мұқият орындалуын қамтамасыз етуге, социалистік демократияны онан әрі өрістетуге, жергілікті органдардың барлық буындарында қоғамдық негіздегі жұмысты кеңінен енгізуге, халықтың белсенділігін неғұрлым арттыра отырып, қоғамдық жұмыстың өрісін кеңейтуге, олардың түрлері мен тәсілдерін жетілдіре беруге міндетті.

Биылғы жылдың жоспарында ұлттық табыс едәуір өседі, соның негізінде совет адамдарының материалдық және мәдени дәрежесін арттыру көзделді. Бұл үшін өндірістің барлық саласын тиімді жүргізу керек. Социалистік жарысты кеңінен өрістетудің жаршысы болу, техникалық прогресс пен жоғары сапалы өнім шығару жолындағы күрес үстінде туатын жаңалық атаулының бәрін қолдап отыру, кертартпалыққа, тоғышарлыққа, енжарлыққа және социалистік демократияның табиғатына жатпайтын басқа да ескілік қалдықтарына қарсы батыл күресу, әсіресе, қазір көктемгі егіске ойдағыдай әзірленуді, мал қыстатуды үлгілі өткізуді қамтамасыз ету — жергілікті Советтердің төл ісі.

Әлбетте, совет органдары жұмысының нәтижелі болуы оның құрамына, Советтерге халықтың игілігі жолында жан-тәнімен беріле, адал қызмет ететін тәжірибелі, ықтиятты, әзірлігі мол, белсенді азаматтардың сайлануына көп байланысты.

Депутат — халық қызметшісі. Сондықтан еңбекшілер Советтерге еңбегімен де, жеке басының жоғары моральдық қасиетімен де танылған өздерінің ең таңдаулы өкілдерін: алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен колхозшыларды, алуан түрлі мамандық иелерін, ғылым мен техника-

ның, әдебиет пен өнердің қайраткерлерін жібереді. Сайлаушылар сенімі — депутат үшін үлкен абырой, зор бақыті

Бір кезде пролетариаттың ұлы жазушысы А. М. Горький «Мен Россияның жер бетіндегі ең жарқын демократия болатынына кәміл сенемін» деп аса көрегендікпен айтқан еді. Міне, қазір бұл арманның толық іске асқанын біздің советтік шындық дәлелдеп отыр.

Советтік сайлау системасының нағыз бұқаралығы мына бір мысалдан өте айқын көрінеді. Биыл тек біздің республикада ғана жергілікті Советтердің депутаттығына 102 мыңнан астам адам сайланды. Олардың 67,5 проценті тұңғыш рет дауысқа түсіп отыр. Ал депутаттардың жалпы құрамы мынадай: жаңадан сайланған депутаттардың 54,4 проценті — партияда жоқтар, 38,8 проценті — әйелдер, 45,3 проценті — жұмысшылар, 11,5 проценті — колхозшылар. Бұл шынайы демократияның айқын белгісі.

Республика жергілікті Советтерінің биылғы сайлауында бұл мәселеге ерекше назар аударылды. Биылғы сайланған халық өкілдерінің ішінде ондаған ұлттың таңдаулы ұлдары мен қыздары: кенді Алтайдың металлургияшылары мен құрылысшылары, Ақтөбе ферросплавшылары мен оңтүстіктің мақташылары, Гурьев мұнайшылары мен Арал балықшылары, Қарағанды кеншілері мен Тын өлкесінің диқандары, Жетісу өңірінің майталман малшылары мен қызылшашылары бар. Атап айтқанда, Тын өлкесіндегі «Заря» колхозының атақты механизаторы Василий Скрыль, күріш алқабының академигі аталған Ыбырай Жақаев, Алматы облысы Кеген ауданындағы «Қызыл ту» совхозының аға шопаны Асылхан Оразбаев, Қөкшетау облыстық онкологиялық диспансердің бас дәрігері Өмірбек Бәйкенов және басқалары — халықтың лайықты қалаулылары.

Қазіргі кезеңде жаңадан сайланған Советтер мен депутаттардың алдында аса күрделі де жауапты міндеттер тұр. Бұл міндеттерді абыроймен орындау үшін депутаттардың және олардың сан миллиондаған активтерінің белсенді де тыңғылықты жұмысы, коллективтік ақыл-ойы мен ынта-жігері қажет.

Бұл ретте совет қызметкеріне жүктелетін міндеттің жауаптылығы өте зор. Әрбір басшы совет қызметкері ел алдындағы өз жауапкершілігін жете түсініп, халықтың талап-тілегіне сай адал қызмет етуге тиіс. Ол, ең алдымен, істің орындалуына мұқият бақылау жасап отыруға, оны ұйымдастыруға міндетті. Бірде-бір шешімнің, бірде-бір шағымның аяқсыз қалмауын қамтамасыз ету — әрбір совет қызметкерінің, әрбір депутаттың абыройлы борышы. Дегенмен, бірқатар жерлерде істің орындалуын бақыламау, сайлаушылар алдында уақтылы есеп беріп отырмау, олардың тапсырған аманаттарын орындауға селқос қарау сияқты фактілер әлі күнге дейін орын алуда. Мұндай жерде белгіленген шараның дер кезінде жүзеге асырылмауы, жоспардың орындалмай қалуы кездейсоқ емес.

Еңбекшілердің мәдени-тұрмыс дәрежесін ұдайы арттыруға қамқорлық жасау — жергілікті Советтердің бірінші кезекті міндеті. Советтер халыққа қызмет ететін кәсіпорындардың, әсіресе сауда орындарының жұмысына терең үніліп, халық тұтынатын бұйымдардың сапалы да сәнді болуына қатаң бақылау жасағаны жөн. Бұл ретте жергілікті Советтердің сауда жөніндегі тұрақты комиссиясы және бүкіл жұртшылық қыруар жұмыс істей алады. Олар сатылатын товарлардың түр-түрі мен сапасын тексеруге, тұтынушылардың тілегін қанағаттандыруға немқұрайды, жауапсыз қараушы сауда мекемелерінің басшыларына қатаң талап қоюға борышты.

Халықтың әл-ауқат және мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсарту, шаруашылық мәселелерін тыңғылықты шешу жөнінде жергілікті Советтердің қаншалықты роль атқаратынын мына бір мысалдан да айқын көруге болады. Қөкшетау облысындағы қазіргі Ленинград ауданы тың иге-

рілген жылдары жапан түзде орнады. Бұл маңда бұрын шағын-шағын бес колхоз бен жалғыз-ақ совхоз болатын. Аудандық Совет атқару комитеті, ең алдымен құрылыс мәселесін қызу қолға алды. Көп кешікпей совхоз орталықтарында тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық мекемелер сап түзеді, тың игерушілер ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Алғашқыда бұл ауданда он үш мың адам тұрса, қазір 40 мыңнан асады. Ол кезде жалғыз орта мектеп, 4 клуб болса, қазір 6 он бір жылдық мектеп, 8 сегіз жылдық мектеп, 22 клуб, 2 мәдениет үйі бар. Аурухана атымен жоқ еді, олардың саны 15-ке жетті, оның үстіне 11 фельдшерлік-акушерлік пункт қосылды. Магазиндердің саны бұл мерзім ішінде 3—4 есе көбейді. Совхоздар мен аудан орталығында жол қатынасы әлдеқайда жақсарды.

Тың игерушілердің тұрмыс дәрежесі жылдан-жылға жақсара түсуде. Осыған орай олардың талап-тілегі де өсіп, тұрмыс пен мәдениет мәселесінің маңызы барған сайын артуда. Ленинград аудандық Советі мен оның атқару комитеті өз жұмысында бұл жағдайды мұқият ескеріп отырады. Қазір аудандық Совет тұрғын үй құрылысын кеңінен өрістетуді қызу қолға алып, ол үшін құрылыстың индустриялық әдісін қолдануда. Екінші басты мәселе — мал шаруашылығы мен бау-бақша өсіру үшін су тапшылығын жою. Бұл бағытта да қажетті шаралар қолданылуда. Қысқасы, аудандық Совет еңбекшілердің барлық мұқтажын ойластырып, олардың өскелең тілек-талабын толық қанағаттандыруды бірінші парызымыз деп біледі.

Өткен айдың бас кезінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «1965 жылы тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыстарды күшейту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады. Онда соңғы жылдарда республикада бұл салада едәуір жұмыс атқарылғаны, сонымен бірге елеулі кемшіліктердің орын алып отырғаны атап көрсетілді. Әсіресе тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыстардың сапасы еңбекшілердің өскелең талаптарына сай болмай отыр. Көптеген жағдайда пайдалануға берілген тұрғын үйлерде, оның мәнерленуінде елеулі ақаулар болады, олар техникалық нормаға сай келмейді. Орталық Комитет бұл кемшіліктердің басты себептерін ашып, оны жоюдың нақты шараларын белгіледі. Жергілікті Советтер қаулыда белгіленген шаралардың жер-жерде толық жүзеге асырылуын қадағалап, күнбе-күн қамқорлық жасап отыруға тиіс. Бұл үшін тұрақты комиссиялардың жұмысын жандандырып, халықтың бақылауын күшейту керек.

Социалистік демократияны жан-жақты өрістетіп, жетілдіре беру — ең ардақты міндет. Бұқараның творчестволық белсенділігін барынша дамытпайынша, социалистік демократияны онан әрі кеңінен өрістетпейінше коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды орнықтыру, адамның жеке басының жетілуін қамтамасыз ету ешбір мүмкін емес.

Біздің демократия — дәуір тынысы, уақыт туы. Ол — қоғамның күшқуатын еселеп арттырады, халықтың коллективтік тәжірибесі мен ақыл-ойын соның қызметіне жұмсайды. Сондықтан жергілікті Советтердің жұмысын жан-жақты жақсартып, оның ролін барынша арттыру — аса маңызды міндеттің бірі. Бұл партия ұйымдарына да өте құрметті, әрі жауапты міндет жүктейді. Партия ұйымдары жергілікті Советтердің жұмысына барынша көмектесіп, оларды коммунистік құрылыстың ұлы ісіне бағыттап отыруға тиіс.

Партия қатарының тазалығы мен бірлігі жолындағы күрес

(РКП(б) ІХ съезінің 45 жылдығына)

Совет Одағы Коммунистік партиясының, бүкіл халқымыздың тарихында 1920 жылғы 29 марттан 5 апрельге дейін болып өткен РКП(б) ІХ съезі көрнекті орын алады. Съездің «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері туралы» қабылдаған қарарының Совет мемлекетін нығайтуда, елімізде социализмнің материалдық-техникалық базасын жасауда орасан зор маңызы болды.

Съезд жұмысына бастан-аяқ В. И. Ленин басшылық етті. Ол Орталық Комитеттің есепті баяндамасын жасап, көптеген мәселе жөнінде сөз сөйледі. Есепті баяндамада жас Совет мемлекетінің екі жылдан астам істеген қызметі қорытылып, халықаралық және ішкі жағдайға байсалды баға берілді, бейбіт тыныстауға байланысты экономикалық міндеттер белгіленді. Съезд елді электрлендіруге, транспорт, отын, өнеркәсіп жұмысын жақсартуға, халық тұтынатын бұйымдар өндіруді шұғыл арттыруға негізделген бірыңғай шаруашылық жоспар арқылы ғана елдің экономикасын ойдағыдай көтеруге болады деп атап көрсетті. Бұл жоспар іс жүзінде Советтер еліндегі социализм орнатудың тұңғыш перспективалық жоспары еді.

ІХ съезд партияны халық шаруашылығын жедел қалпына келтірудің нақты міндеттерін шешуге үндеді, Совет мемлекеті жүйесінде кәсіпшілер одақтарының ролі мен орнын анықтап берді. Съезд еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды шарты ретінде социалистік жарысты кеңінен өрістетуге айрықша көңіл бөлді, 1920 жылғы 1 майда Бүкіл россиялық сенбілік өткізуге шешім қабылдады. В. И. Ленин ұлы бастама деп көрегендікпен бағалаған бұл коммунистік сенбіліктер кейіннен расында да бүкіл халықтық қозғалысқа ұласып, социалистік қоғамымыздың тамаша қозғаушы күштерінің біріне айналды.

Азамат соғысы аяқталарда Коммунистік партияның алдында тұрған саяси және шаруашылық міндеттер партия ұйымдарын нығайта түсуді талап етті. Сондықтан да ІХ съезд ұйымдастыру мәселесі жөнінде арнаулы шешім қабылдап, ішкі партиялық жұмысты жақсарту, партия қатарының өсуі мен әлеуметтік құрамын реттеп отыру, сол арқылы оның тазалығы мен бірлігін нығайту міндеттерін белгілеп берді. Біз бұл мақаламызда осы мәселеге кеңірек тоқталмақпыз.

* *

*

Партия үшін өз қатарының тазалығы мен бірлігін нығайту, сапалық құрамын үздіксіз жақсарту беру мәселесінің өмірлік маңызы бар. Партияның бірлігі мен күші, совет қоғамының саяси жетекшісі ретіндегі ролі мен ықпалы осы мәселенің дұрыс шешілуіне байланысты. Сондықтан да Коммунистік партия құрылған алғашқы күннен бастап өз қатарының сапалық құрамын жақсартып, тазалығын сақтауға ерекше көңіл бөлді. В. И. Ленин партияның ең тұңғыш Уставын талқылаған кездің өзінде-ақ: біз партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтерген үстіне көтере беруіміз керек деп атап айтты.

Азамат соғысы жылдарында шаруашылықтың күйзелуіне, елді жайлаған аштық пен суыққа байланысты жұмысшы табының бір бөлегі ыдырап, деревняға кетті. Мәселен, 1920 жылдың басына қарай өнеркәсіп пен транспорттағы жұмысшылардың саны соғысқа дейінгімен салыстырғанда тең жарымдай, ал металлургия заводтарында жеті еседен астам кеміп кетті. Мұның партия құрамына да әсері тимей қойған жоқ. Сондықтан 1920 жылы партия өз қатарын реттеу жөнінде батыл шаралар қолданды.

Партия алдыңғы қатарлы еңбек адамдары өзі келеді деп күтіп отырмай, жұмысшылардың, еңбекші шаруалардың арасында ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысын өрістетті, олардың саналы, белсенді бөлегін өз қатарына тартты. Соның өзінде ол партияға адам алған кезде 1919 жылғы декабрьде қабылданған РКП(б) Уставының ережелерін бұлжытпай орындауды талап етті. Бұл Уставта партия қатарына қара басының ғана қамын ойлайтын шенқұмар, мансапқор, жағымпаз жат элементтерді өткізбеу шаралары көзделген болатын.

Сол жылғы февраль-апрель айларында болған уақытша тыныстауды пайдаланып, партия жер-жерлердегі партиялық жұмысты жақсартуға, фабрикалар мен заводтарда, деревняда бастауыш ұйымдардың санын көбейтуге назар аударды. Ол жер-жердің бәрінде өз қатарының сапа құрамын өсіру үшін берік негіз жасауға ұмтылды. Шаруашылық құрылыстың шұғыл міндеттері де коммунистік ұялардың жүйесін кеңейте түсуді талап етті.

Партия ұяларын құру жөнінде Москва, Петроград, Иваново-Вознесенск сияқты ірі өнеркәсіп орталықтарының партия ұйымдары күрделі де жемісті жұмыс жүргізді. Мысалы, Петроградтың Москва аудандық комитеті коммунистерді барлық заводтар мен фабрикаларға, цехтар мен мастерскойларға бөліп, оларға барған жерінде коммунистік ұялар ұйымдастыруды тапсырды. Коммунистер жұмысшылар арасында үгіт-түсінік жұмысын өрістетіп, оларды партияның Программасымен, Уставымен таныстырды, кәсіпорындардағы РКП(б) ұяларының маңызы мен ролін түсіндірді. Сөйтіп неғұрлым саналы, алдыңғы қатарлы жұмысшыларды партия қатарына тартты.

Мұндай жұмыс жер-жердің бәрінде жүргізілді. Соның арқасында партия қатарына жаңа мүшелер ағылып келе бастады. Мысалы, бір ғана март айының өзінде Москва партия ұйымына 2 268 мүше мен 1 399 мүшелікке кандидат қабылданды. 1920 жыл ішінде Петроград партия ұйымына жаңадан 10 533 коммунист қосылды. Және де бұл ұйымдарда партияға өткендердің басым көпшілігі фабрика-завод жұмысшылары болды.

Деревняда да партия ұйымдары мен коммунистердің саны әжептәуір көбейді. Бұл, біріншіден, Коммунистік партияның шаруалар бұқарасы жөнінде дұрыс саясат жүргізгенінің нәтижесі болса, екіншіден, көптеген аудандардың ақ гвардияшылардан азат етілгенінің, сондай-ақ партияның деревняда өрістеткен үгіт-түсінік жұмысының арқасы еді. Партия өзінің губерниялық, уездік, болыстық ұйымдастырушыларын едәуір көбейтті. Оларға деревня пролетарларының таңдаулы өкілдерін партияға өтуге әзірлеу, сөйтіп жер-жерде коммунистік ұялар құру міндеті жүктелді. Мәселен, 1920 жылдың бас кезінде тексерілген 22 губернияда небәрі 10 ғана болыстық ұйымдастырушы болған болса, сентябрь айына қарай 52 губернияда 307 губерниялық және уездік, 1 564 болыстық ұйымдастырушы болды. Партияның жеткілікті даярлығы бар, тәжірибесі мол, ысылған бұл кадрлары өздеріне жүктелген міндетті тамаша атқарып шықты. Бұларға жергілікті партия комитеттері болыс-болысқа жіберген арнаулы үгітшілер, инициативтік топтар көмектесті. Олар шаруалар арасында үгіт-насихат жұмысын өрістетіп, деревняда коммунистік ұялар құрумен тікелей шұғылданды, өздері сол ұяларға ұйтқы болды.

Осының бәрі ауылдық жерде партия ұйымының едәуір өсіп, шаруалар бұқарасына коммунистік ықпалдың артуына жағдай туғызды. Бастауыш ұйымдардың көбеюіне орай коммунистердің саны да өсті. 1920 жылдың сентябрінде деревнядағы партия мүшелері мен кандидаттарының саны 186 мыңға жуықтады.

Селода коммунистік ықпалдың күшейіп, партиялық-саяси жұмыстың өрістеуі жұмысшы табы мен шаруалар бұқарасының одағын шындай түсуге, пролетариат диктатурасының деревнядағы әлеуметтік тірегін күшейтуге көмектесті. Село коммунистері азық-түлік, әсіресе астық дайындауға белсене ат салысты, тылды нығайтып, майданға үлкен көмек көрсетті.

Сонымен жұмысшылардың да, еңбекші шаруалардың да көкейтесті мүдделерін қорғаған Коммунистік партияның дұрыс саясаты нәтижесінде 1920 жылы партия қатарының өсуіне берік негіз жасалды. РКП(б) мүшелерінің 1920 жылғы Бүкіл россиялық санағының мәліметтеріне сәйкес, жалпы 16 537 партия ұясының 8 465-і сол жылы жаңадан құрылған болып шықты. Партияның IX және X съездері аралығында коммунистердің саны 120 543 адамға көбейді. Ең маңыздысы, ақ поляктар мен Врангель бандаларына қарсы күрес тұсында партия қатары неғұрлым қауырт өсті. Мұның өзі Коммунистік партияның бұқара арасындағы беделі үздіксіз артып, халықпен байланысы күшейе түскенін дәлелдейтін аса маңызды факт.

Партия коммунистер армиясын жаңа жауынгерлермен толықтырған кезде өз қатарының құрыштай берік, таза болуын бір сәтке де ұмытқан жоқ. В. И. Ленин партияға мүше қабылдауға асқан сақтықпен, ұқыптылықпен қарауды, коммунист болғысы келген адамның адалдығын, жұмысшы табының ісіне, социалистік революция ісіне қалтқысыз берілгендігін мейлінше мұқият тексеруді қатты талап етті. Ол партияның әрбір мүшесі партия үшін жауапты екенін, сондай-ақ партия өзінің әрбір мүшесі үшін жауапты екенін әсте ұмытуға болмайды деп ескертті.

Партия ұйымдары Лениннің осы нұсқауын басшылыққа алып, партия қатарына өткісі келгендердің бәрін емес, коммунист деген жоғары атқа ең лайықтыларын ғана іріктеп, сұрыптап алып отырды. Бұл істе жаңадан қабылданған РКП(б) Уставы үлкен роль атқарды. Жаңа Уставта партияға кіретіндер үшін кандидаттық мерзім туралы ереже енгізілген болатын. Кандидаттық мерзім жұмысшылар мен шаруалар үшін екі ай, қалғандар үшін кемінде алты ай болып белгіленді.

Әрине, партия өз қатарын ең алдымен жұмысшы табы есебінен толықтыруға баса көңіл бөлді. Бірақ бұдан партияға тек жұмысшылар ғана қабылданды деген ұғым тумауы керек. Коммунистер армиясы еңбекшілердің басқа топтарының да алдыңғы қатарлы, саналы өкілдерін күшәк жая қарсы алды. Кімде-кім өз еркімен майданға аттанса, коммунистік сенбіліктерге белсене қатысса, заводтар мен фабрикаларда жан аямай еңбек етсе, партияға ең бірінші кезекте солар қабылданды. Партия өзінің әлеуметтік құрамын солармен толықтырып отырды. Соның өзінде партия коммунист болғысы келгендерге еш қандай артықшылық, жеңілдік береміз деп үміттендірген жоқ. Қайта коммунистке ең ауыр, ең қиын міндет жүктелетінін, соғыс майданының да, шаруашылық құрылыстың да алғы шебінде коммунистер болатынын ашық ескертті.

Азамат соғысы жылдарында коммунистер армиясы ең қатал сыннан, социализм үшін күрестің үлкен мектебінен өтті. Соғыс уақытының аса ауыр жағдайында, коммунистер қайта-қайта майданға алынып немесе Қызыл Армияның жауынгерлік күшін қамтамасыз ететін өндіріс салаларына жіберіліп жатқан кезде, партия қатарында ең табанды, ең саналы, революция ісіне қалтқысыз берілген коммунистер қалды. Ал кездейсоқ еніп кеткен тұрлаусыз, тоғышар элементтер майданға барудан, сенбіліктерге қатысудан, заводтар мен фабрикалардағы ауыр бей-

неттен жалтарып, ілезде-ақ өздерін өздері масқаралады. Партия ондайларды өлтіре әшкерелеп, өз қатарынан аластап тастады.

Коммунист болсақ оңай олжаға, жоғары мансапқа ие боламыз ба деп дәмеленген тоғышар элементтердің кетуі партия қатарын әлсіретпегені былай тұрсын, қайта оның тазалығын, бірлігі мен топтасқандығын күшейте түсті. Бұл жөнінде В. И. Ленин былай деп жазды: коммунистерді майданға алу бізге көмектесті. Су жүректер мен оңбаған тоғышарлар партиядан зыта қашты. Мейлі, кете берсін! Партия мүшелері санының бұлай азаюы—оның күші мен салмағының өлшеусіз өсуі болып табылады.

Партияның құрамын жақсартуда бірыңғай партиялық билеттің енгізілуімен байланысты 1920 жылғы август-октябрьде жүргізілген РКП(б) мүшелерін екінші рет қайта тіркеудің зор маңызы болды.

РКП(б) ІХ съезіне дейін бүкіл партиямызда бірыңғай партия билетінің нұсқасы болмағаны мәлім. Партия билетінің нұсқасын әрбір губерниялық партия комитетінің өзі белгілеп келді. Бұл жағдай партия мүшелерін есепке алуға, партиялық документтерді реттеуге қиындық келтіріп, жат элементтердің еніп кетуіне жол ашып жүрді. Осы жағдайды ескере отырып, РКП(б) ІХ съезі барлық партия ұйымдарынан бірыңғай партия билетін енгізу негізінде коммунистердің есебін ретке келтіруді талап етті. Алайда, ұзамай ақ поляктармен басталып кеткен соғыс бұл шараның тез жүзеге асуына бөгет жасады.

1920 жылғы августа РКП(б) Орталық Комитеті барлық губерниялық партия комитеттеріне партия мүшелерін бүкіл россиялық көлемде қайта тіркеу және бірыңғай партия билетін енгізу жөнінде нұсқау берді. Орталық Комитет қайта тіркеу кезінде партия мүшелерінің бәрін байсалды, байыпты түрде тексеру қажеттігін атап көрсетті. Қайта тіркеудің негізгі мақсатының өзі партияға жағыну ниетімен еніп алып, коммунист деген атақты өз қара басының қамы үшін пайдалануға тырысқан жат элементтерден партияны тазарту еді. Қайта тіркеу аяқталғанша партияға мүше қабылдау уақытша тоқтатылды.

Жеке партия ұйымдары жөніндегі мәліметтердің өзі қайта тіркеу нәтижесінде партиямыздың құрамы 1919 жылғымен салыстырғанда сәл ғана кемігенін дәлелдейді. Қайта тіркеу кезінде партия қатарынан шығарылғандар және кетіп қалғандар қалалар мен жұмысшы аудандарынан гөрі уездік ұйымдарда көп болды. Мұның себебі, өнеркәсіпті аудандарға қарағанда ауыл шаруашылығымен айналысатын аудандардың партия ұйымдарында тұрлаусыз жат элементтер басымырақ еді.

Негізінен алғанда РКП(б) қатарынан партиялық тәртіпті бұзғандар, сенбіліктерге қатысудан, майданға барудан жалтарып бастартқандар шығарылды. Қайсы біреулер қайта тіркеуге келмей қалды немесе партиядан шығамыз деп өздері арыз берді. Олардың көпшілігі коммунистке жүктелетін міндеттің қиыншылығынан қашқан, тұрмыс ауыртпалығын көтере алмаған тұрлаусыз элементтер еді.

Қайта тіркеу нәтижесінде партия мүшелерінің саны біршама азайды, бірақ оның есесіне сапалық құрамы жақсарып, қатары нығая түсті. Партия мүшелерін қайта тіркеу және бірыңғай партия билетін енгізу партиялық күштің дәл мөлшерін анықтап, ендігі жерде ол күшпен шаруашылық құрылыстың ең шешуші учаскелерін жоспарлы түрде нығайтып отыруға, сөйтіп еңбекшілерді жаңа қоғам орнату жолындағы күреске неғұрлым белсенді жұмылдыруға мүмкіндік берді.

* * *

РКП(б) ІХ съезінің партия қатарын таза ұстау, оны жаңа жауынгерлермен толықтыру ісін реттеп отыру жөніндегі нұсқауы қазірде де өз маңызын ешбір кеміткен жоқ. Партияның XXII съезінде қабылданған

КПСС Программасында коммунизм құрылысы кең өріс алған дәуірде совет қоғамының бастаушы және бағыттаушы күші ретінде Коммунистік партияның ролі мен маңызы арта түседі деп атап көрсетілген. Ал партияның ролі мен маңызының артуы коммунистер армиясының жауынгерлік құрамына, партия қатарының кіршіксіз тазалығы мен құрыш-тай бірлігіне байланысты. Сондықтан партияның жаңа Уставында коммунистерге жүктелетін міндет пен жауапкершілік қай кездегіден болса да күшейтілген. Қазір партияға адам қабылдағанда оның әлеуметтік тегі емес, жеке басының қасиеттері, саяси, іскерлік, моральдық сапасы шешуші роль атқарады.

Коммунистік партия — жанды саяси организм. Ол ешқашан бір орында тоқырап тұрған емес және тұрмайды да. Совет қоғамының дамуымен бірге партия да үздіксіз дамып, жетіліп отырады. Бір кезде жұмысшы табының алдыңғы қатарлы жауынгер отряды ретінде өсіп қалыптасқан Коммунистік партия елімізде социализмнің толық жеңуі нәтижесінде қазір бүкіл халықтың партиясы болып отыр. Олай болатын себебі, партияның саясаты бүкіл совет халқының: жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, совет интеллигенциясының көкейтесті мүдделерін білдіреді. Ал партияның ең ұлы мақсаты — коммунизм орнату — барлық совет адамдарының мақсатына, партияның идеологиясы — марксизм-ленинизм — бүкіл совет халқының идеологиясына айналды. Партия өз қызметінде үнемі еңбекшілермен ақылдасып, кеңесіп, олардың ой-пікіріне, ұсынысына, сын-ескертпелеріне мұқият құлақ асып отырады.

Сондай-ақ біздің Коммунистік партия өзінің құрамы жағынан да нағыз халықтық партия болып табылады. Ол бүтіндей жұмысшылардан, шаруалардан, интеллигенттерден, еліміздегі барлық ұлттардың өкілдерінен құралған. КПСС XXII съезінен кейінгі уақыттың өзінде коммунистердің қатары 1 700 мыңнан астам адамға көбейіп, қазір 12 миллион дерлік болып отыр. Партияның барлық мүшелері мен кандидаттарының 70 проценттен астамы тікелей материалдық өндіріс салаларында еңбек етеді.

Бүкіл совет халқының шексіз сүйіспеншілігіне, қалтқысыз сенімі мен қолдауына ие болған Коммунистік партия елімізді коммунизм жеңісіне қарай сеніммен алға бастап келеді.

Ғ. САҚТАҒАНОВ,

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Қоғамдық ғылымдар академиясының аспиранты.

Ауыл шаруашылығын интенсивтендірудің маңызды шарты

Ф. САВИЦКИЙ

Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің Программасында халықтың ауыл шаруашылық өнімдері жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыру мақсатымен ауыл шаруашылық өнімінің жалпы мөлшерін он жылдың ішінде шамамен екі жарым есе, жиырма жылдың ішінде үш жарым есе көбейту міндетін алға қойды.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің ішінде дәнді дақылдардың алатын орны ерекше. Өйткені астық — бүкіл ауыл шаруашылығын, оның бір саласы мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің негізгі буыны. Соған сәйкес дәнді дақылдарды өндіру жиырма жылда екі еседен астам, мал өнімдерін өндіру мөлшері: ет жөнінен он жылда шамамен үш есе, жиырма жылда төрт есе дерлік, сүт жөнінен тиісінше екі еседен астам және үш есе дерлік көбейеді.

Осындай іргелі міндеттерді орындауға Қазақстанның қосар үлесі зор. Біздің республика дәнді дақылдар мен мал өнімдерін өндірудің жалпы мөлшері жөнінен Россия Федерациясынан кейін екінші орын алады. Қазақстан жылма-жыл бір миллиард пұттай астық дайындауға, келешекте оның мөлшерін бұдан да көбейтуге тиіс. Бұл міндеттер, бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанда да ауыл шаруашылығын интенсивтендіру жолымен жүзеге асырылады. Жан-жақты механикаландыру және дәйекті интенсивтендіру—ауыл шаруашылығын өрге бастырудың, еліміздің ауыл шаруашылық өнімдеріне деген қажеттерін өтеудің негізгі жолы. Механикаландыру мен интенсивтендіруді жүзеге асыру техникалық қарулану жағынан, өндірісті ұйымдастыру жағынан ауыл шаруашылығын өнеркәсіпке барған сайын жақындата түседі, ал ауыл шаруашылық еңбегі индустриялық еңбектің бір түріне айнала бастайды.

Партияның Орталық Комитетінің февраль Пленумы ауыл шаруашылық өндірісін интенсивтендірудің сара жолын көрсетіп берді. «Интенсивтендіру, — делінген Пленумның қаулысында, — ауыл шаруашылығын өрге бастырудың басты бағыты, оның өндіргіш күштерін дамытудың даңғыл жолы».

Шаруашылықты интенсивті жүргізу дегеніміз, біріншіден, әрбір гектар жерден өнімді көп алу, екіншіден, механикаландыру және химияландыру негізінде еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту, өнімнің әрбір өлшеміне еңбек пен қаржыны неғұрлым аз жұмсап, астықты, етті, сүтті, өзге де өнімдерді көп алу. Ол үшін ауыл шаруашылығын әрбір аудан мен шаруашылықтың табиғи және экономикалық жағдайына сәйкес белгілі бір кәсіпке бейімдеу керек. Мұның өзі ауыл шаруашылық өндірісін ғылыми негізде дұрыс орналастыруды талап етеді.

Ал әрбір шаруашылықтың табиғи-экономикалық мүмкіндіктерді ауыл шаруашылық өнімдерін мол өндіру, оны өндіруге жұмсалатын шығынды азайту, еңбек өнімділігін арттыру үшін тиімді пайдалануы жұмысты комплексті механикаландыруға да байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстанда егіншіліктегі негізгі жұмыстарды, мал шаруашылығындағы кейбір жұмыстарды механикаландыруға қажетті

машина-жабдық жеткілікті. Республикада орта есеппен әрбір совхозға 250 трактордан (15 аттың күшімен есептегенде), 69 комбайннан, 60 автомашинадан, ал колхоздарда — тиісінше 96 трактордан, 19 комбайннан, 30 автомашинадан келеді. Шаруашылықтарда техниканың бұлардан басқа да бірқатар түрі бар. Колхоздар мен совхоздар сиыр саууға, жемшөп дайындауға, оны малға ұқсатып беруге, қора тазалауға, қой қыркуға арналған машина-жабдықты үзбей пайдаланып келеді.

Соңғы жылдары республикада техниканы сақтау жайын жақсарту, жөндеу базасын нығайту, механизаторлар даярлау, олардың мамандығын арттыру жөнінде зор жұмыстар істелді. Мұның бәрі ауыл шаруашылығындағы негізгі жұмыстарды механизм күшімен атқаруға мүмкіндік берді. Мысал келтірейік. Шымкент облысының колхоздары мен совхоздары өткен жылы машина-трактор паркін дұрыс пайдаланды. Соның нәтижесінде агротехникалық шаралар кезінде іске асырылды, ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алынды. Орал облысының шаруашылықтарында да техника жақсы пайдаланылды. Ал Қызылорда, Көкшетау, Қостанай облыстарының көптеген шаруашылықтары техниканың қуатын сарқа пайдаланбағандықтан қар тоқтату, топырақ өңдеу, егісті баптап-күту жөніндегі тапсырмаларды толық орындай алмады. Соның салдарынан олар ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жөніндегі жоспарларын орындамады.

Машина-жабдықтың тиімді пайдаланылмауы негізінен мынадан болып келеді: агрегаттар дұрыс ұйымдастырылмайды, жөндеу сапасы нашар, тракторлардың түр-түрі көп. Қазір республиканың колхоздары мен совхоздарында дөңгелекті тракторлардың 30 түрі (маркасы), шынжырлы тракторлардың оннан астам түрі бар. Сол себептен де шаруашылықтар оларды запас бөлшектермен толық қамтамасыз етіп, мезгілінде жөндей алмайды.

Колхоздар мен совхоздар аспалы машиналарды қолдануда да елеулі қиыншылықтарға кездесіп отыр. Мәселен, оларда 124 мың әр түрлі тіркемелі машина жұмыс істейді, ал агрегат құруға арналған гидросистемамен жабдықталған 106 мың ғана трактор бар. Бұл барлық аспалы машинаның 68 проценті. Мұның үстіне 30 мыңнан астам трактордың гидросистемасы дұрыс қондырылмаған. Ал оларды тіркемелі машиналарға ауыстыру қосымша қыруар тіркеушіні керек етеді.

Ауыл шаруашылық техникасын тиімді пайдаланудың маңызды шарты — машиналарды сапалы жөндеу. Республиканың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары тракторларды тораптық-үздіксіз әдіспен жөндеуді ұйымдастырды. Бұл озат әдіс машиналардың жеке тораптарын жөндеуге маманданған жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыруға, жөндеу сапасын жақсартуға, жұмысшылардың тапсырылған іске жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Республикада жөндеудің тораптық-үздіксіз әдісін 100 шаруашылық, үздіксіз әдісін 500-дей шаруашылық, оның ішінде Тын өлкесінде тиісінше 80 және 260 колхоз бен совхоз қолданып келеді. Мұның тиімділігін мынадан көруге болады. Қостанай облысының «Обаған», Димитров атындағы совхоздары тораптық-үздіксіз әдісті қолдану арқылы жұмыс сапасын жақсартып, өндірістік жоспарларын үнемі артығымен орындауда. Ал жөндеудің озат әдістеріне жете мән бермеген шаруашылықтар үнемі артта қалуда. Мәселен, Ақтөбе облысының «Мағаджан», «Пригородный», «Қопа», Жанкелдин, Жамбыл атындағы, Қарағанды облысының «Шет», «Путь к коммунизму» және басқа совхоздарында жағдай дәл осындай.

Республиканың колхоздары мен совхоздары алдында мал шаруашылығындағы еңбекті комплексті механикаландыру жөнінде зор міндеттер тұр. Ауыл шаруашылығының бұл саласында қол еңбегі әлі де көп қолданылады. Мұны ескеріп, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, республиканың Министрлер Советі 1964 жылғы январьда мал және құс

фермаларын комплексті механикаландыру жөнінде арнаулы қаулы қабылдады. Қаулыны орындау мақсатымен колхоздар мен совхоздар өткен жылы 181 сиыр фермасындағы, 24 шошқа фермасындағы, 9 құс фермасындағы жұмысты механикаландырды. 9 фермада қой қырку және тоғыту жұмысын түгел механикаландыру шаралары жүзеге асырылды.

Мал фермаларын механикаландыру жөнінде, әсіресе Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстары зор жұмыстар жүргізді. Қостанай облысында былтыр тапсырмадағы 29 ферманың орнына 50, Солтүстік Қазақстан облысында 12 ферманың орнына 40, Көкшетау облысында 15 ферманың орнына 19 ферма механикаландырылды.

Бұл шаралардың пайдасы зор болды. Бұған мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Шығыс Қазақстан облысының «Ұба» совхозында жемшөпті ұқсату, шошқа суару жұмыстарын механикаландыру нәтижесінде алғашқы жылдың өзінде-ақ еңбек шығыны 6, жемшөп шығыны 11 процент кеміді. Сондай-ақ Целиноград облысының «Путь к коммунизму» совхозында сиыр фермаларын механикаландырудан бір жылдың өзінде-ақ 37 мың сом пайда түспек.

1964 жылы мал шаруашылығындағы еңбекті механикаландыру есебінен республиканың совхоздары, алдын-ала жасалған есеп бойынша, 3 миллион сом қаржы үнемдеп, 5 мың адамды басқа жұмысқа ауыстыруға тиісті еді. Бірақ бұл жоспарлы тапсырма орындалмай қалды. Бұған шаруашылықтардың басшылары да, мал қораларын салу жоспарын орындамаған мердігерлік құрылыс орындары да, колхоздар мен совхоздарды мал қораларының үлгі жобаларымен қамтамасыз етпеген жобалау институттарының қызметкерлері де, ауыл шаруашылығына тиісті мөлшерде құрал-жабдық жеткізіп беруді қамтамасыз етпеген жоспарлау органдары мен халық шаруашылық советтері де кінәлі.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігі мен оның төменгі орындары колхоз, совхоз өндірісін механикаландыру жұмысын мықтап жақсартып алмай келеді. Мұны мойындауымыз керек. Суармалы егіншілік және су шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі де бұл жөнінде мақтана алмайды. Ал осы мәселелерге бірсыпыра облыстық, аудандық партия комитеттерінің, Совет органдарының да жете мән бермейтіндігін айтуымыз керек.

Ауыл шаруашылығын механикаландыру, техниканың жұмыс өнімділігін арттыру жайы, әсіресе Павлодар, Қызылорда, Гурьев облыстарында қанағаттанғысыз.

Ауыл шаруашылық өндірісіне техниканы қолдануда Қазақтың ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты зор көмек көрсетуге тиіс. Бірақ институтты бүгінгі күннің өскелең талабына сай жұмыс істеп отыр деуге болмайды. Институт әсіресе машина-трактор паркін пайдалану, жаңа техниканы жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі эксперименттік лабораториялар ұйымдастыру мәселесін баяу шешіп келеді.

Партия, совет, әкімшілік орындары, шаруашылық басшылары бұл кемшіліктерді жоюға жедел шаралар қолдануы керек. Ол үшін барлық мүмкіндік бар. Құрылысқа күрделі қаржы жетіспеген жағдайда, СССР Министрлер Советінің ұйғарымына сәйкес, мемлекеттік банктен кредит алуға болады.

Мал қораларын салу, машина-жабдықты орнату мәселенің бір жағы ғана. Екінші жағы — оларды толық және тиімді пайдалану. Ол үшін тұрақты электр қуаты болуы қажет.

Рас, бұл жөнінен біраз жұмыс істелді. Республикада 623 шаруашылық электр қуатын мемлекеттік электр желісінен алып тұрады. Оның ішінде Тын өлкесінде 213 колхоз бен совхоз мемлекеттік электр желісіне қостырылған. Бірақ бұл жеткіліксіз. 1 269 шаруашылық, яғни олар

дын басым көпшілігі электр қуатын өздерінің жылжымалы дизельді электр станцияларынан алады. Бұлардағы бір киловатт-сағат электр қуатының құны мемлекеттік электр станцияларындағыдан әлдеқайда қымбат.

Осыған сәйкес алдағы бесжылдықта колхоздар мен совхоздардың көпшілігін мемлекеттік электр жүйесіне қосу көзделіп отыр. Ол үшін кейбір жерде колхозаралық қуатты дизель электр станцияларын салу керек. Бұл міндет Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігіне (министрі Т. Батуров жолдас) жүктелген. Бірақ министрлік өз міндетін орындай алмай отыр. Министрліктің құрылыс орындары 1964 жылы 23 дизельді электр станциясын салуға тиісті болса, оның алтауын ғана салуға кірісті. Соның салдарынан колхоздар мен совхоздардағы көптеген жұмыс механикаландырылмай отыр.

Мұны ескеріп, облыстық және аудандық партия, совет орындары шаруашылық басшыларымен бірге, жергілікті энергетика басқармаларымен келісе отырып, әрбір шаруашылықты электр қуатымен толық қамтамасыз ету шараларын жедел белгілеп, жүзеге асыруға тиіс.

Малға пішен, құнарлы азық дайындауда машинаның ролі үлкен. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары жылына 22 миллион гектар жердің шөбін шауып, 3 миллион гектар жердің құнарлы азығын жинайды. Шөпті мезгілінде шауып, маялап, қора басына тасып алу, 30 миллион тонна сүрлем салу үшін техниканы өнімді пайдалану керек. Ал шабылған пішеннің бәрін бір мезгілде жинап, маяға салуға, яғни пішен дайындаудың үздіксіз әдісін қолдануға арналған машиналардың комплексі әзірше әлі жоқ. Ал оның бержағында алдыңғы қатарлы шаруашылықтар техниканы тиімді пайдаланып, зор табысқа жетіп келеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Возвышенский» совхозында қолда бар машиналар мынадай тәртіп бойынша қолданылады: шөп шабылысымен іле-шала тырмаланады да бірден автомашинаға немесе трактор арбасына тиеледі. Осы үздіксіз әдіспен совхоз жұртшылығы август айының ішінде-ақ 52 550 тонна пішен дайындап, тасып алды. Мұның өзі жоспардағыдан әлдеқайда көп. Семей облысының «Арқалды» совхозы да пішен әзірлеудің үздіксіз әдісін қолданып, жақсы табысқа жетті.

Республиканың оңтүстік облыстарындағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтар да суармалы жердегі екпелі шөптерді шауып, жинауға машиналар комплексін қолданып, едәуір табысқа жетті. Олар жұмысты мынадай тәсілмен ұйымдастырады: шөпті шауып, бірден преске салады, престелген шөпті транспортпен қора басына тасып үйеді.

Мал азығын дайындауды механикаландыру пішенді көк балауса, сапалы күйінде жинап алуға, уақытты үнемдеп, оған жұмсалатын еңбек шығынын азайтуға көмектеседі. Бірақ республика шаруашылықтарының басым көпшілігі пішен жинауды комплексті механикаландыруды айтпағанда, техниканы өзін тиімді пайдалана алмай отыр. Соның салдарынан көптеген колхоз бен совхоз жемшөп дайындауды ұзаққа созып келеді.

Биылғы жылы республика бойынша 2 700 тонна қант қызылшасы жиналуға тиіс. Еңбекті комплексті механикаландырмай тұрып бұл міндетті орындау мүмкін емес.

Бұл салада қол жеткен табыстардан гөрі кемшілігіміз басым. Мәселен, бұрнағы жылы Алматы облысының совхоздары бір центнер қант қызылшасын өндіруге 168 адам-минут жұмсады. Бір центнер қызылшасын жоспардағы 1,92 тиынның орнына 2 сом 62 тиынға түсті. Жамбыл облысының совхоздарында да жағдай осылай болды.

Ал елімізге әйгілі қызылшасы-механизатор В. Светличныйдың бұл жөнінен табыстан-табысқа ие болып келе жатқаны жұртқа аян. Ол басқаратын звено жылма-жыл тәлімі жердің әр гектарынан 252 центнерден

434 центнерге дейін қызылша алып, қызылшаның бір центнерін өндіруге 10 адам-минуттан 17 адам-минутқа дейін жұмсап келеді. Звено өндірген қант қызылшасының бір центнері 30—39 тиынға түсуде. Бұл Жамбыл, Алматы облыстарының шаруашылықтарында өндірілген қызылшадан 10—16 есе арзан.

В. Светличныйдың жолын қуушылар Қазақстанда да бар. Алматы облысы, Талдықорған ауданының Партияның XXII съезі атындағы колхозының В. Бубольц басқаратын механизаторлар звеносы (звенода 5 адам бар) 80 гектар жердің әр гектарынан 461 центнер қызылша алды. Звено бір центнер қызылшаға 42 адам-минут жұмсады, қызылшаның әрбір центнері 68 тиынға түсті. Сондай-ақ Алматы облысының «Жанашар» совхозындағы Жанғарашев, Тын өлкелік машина-сынау станциясындағы Беляев жолдастар басқаратын механизаторлар звеносы да қызылша өсіруде жақсы көрсеткішке жетті. Мұндай мысалдарды басқа облыстардан да келтіруге болады.

Бұлар мұндай табысқа ең алдымен жер жыртудан бастап өнім жинауға дейінгі барлық жұмысты механикаландыру, техниканы тиімді пайдалану, агротехникалық шараларды дұрыс қолдану арқасында ие болды.

Өткен жылы республикада 24 мың гектар, оның ішінде суармалы жерлерде 10 500 гектар жердің қант қызылшасын механизаторлар звеносы өсірді. Олардың табысы да жаман болған жоқ. Бірақ мұны жұмысты түгел механикаландыру жөніндегі үлкен істің бастамасы ғана деп білу керек. Ендігі міндет — В. Светличныйдың озат әдісін қызылша егісі көлемінің бәрінде қолдану.

Келешекте ауыл шаруашылығы өндірісін онан әрі механикаландыру, соның негізінде еңбек өнімділігін арттыру, барлық жұмысты комплексті механикаландыру жөнінде зор міндеттер тұр. Партия Программасында атап көрсетілгеніндей, халық шаруашылығының бұл саласында сонымен қатар автоматика құралдарын да, техникалық-экономикалық көрсеткіштері жоғары, әрбір аймақтың жағдайларына сай келетін машиналар жүйесін қолдану керек.

Қазақстанда осы мәселелерді түбегейлі шешу үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс. Әсіресе біз мал шаруашылығындағы, техникалық дақылдар егісіндегі жұмыстарды комплексті механикаландыруға ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Бірақта бұл мәселелерді шешуде СССР Халық шаруашылығы советі, өзге де одақтық мекемелер мен ғылыми-зерттеу институттары істейтін жұмыстар аз емес. Атап айтқанда ауыл шаруашылығы өндірісіне шөпті шауып, бірден жинап престеуге яки маяға салуға керекті, қырмандағы астықты түсіру, тиеу, тасу, кептіру, овоштарды баптап-күтуге және жинауға керекті, машиналар комплексіне, жөндеу мастерскойлары мен құрылыс орындарына керекті көтерме механизмдерге зәру болып отыр.

Ауыл шаруашылығын техникалық жағынан қайта жарактандыру ісі еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың неғұрлым озат әдістерімен, ауыл шаруашылық өндірісіндегі қызметкерлердің мәдени-техникалық дәрежесін барынша көтеріп отырумен ұштастырылуға тиіс. Жаңа техниканы меңгерген және арнаулы ауыл шаруашылық әзірлігі бар маман қызметкерлер колхоздар мен совхоздарда барған сайын көбейе бергені жөн. Механизатор кадрлары арнаулы курстар мен мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде көптеп даярлануы қажет.

Республиканың колхоздары мен совхоздары — механикаландырылған ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары. Мемлекет оларға азық-түлік өнімдерін көптеп өндіру, өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету жөнінде зор да жауапты міндеттер жүктеп отыр. Бұл міндеттер егіншілік пен мал шаруашылығындағы барлық жұмыс жаппай түгел механикаландырылған күнде ғана ойдағыдай орындалады.

Қаратау қазынасы — халық игілігіне

КПСС Программасында совет халқының азық-түлік жөніндегі қажетін толық қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мол өндіріп отыру міндеті алға қойылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мөлшерін арттыруда химияның атқаратын ролі зор.

Партия Программасында: «Ауыл шаруашылығын жан-жақты, дұрыс химияландыруды жүзеге асыру — ауыл шаруашылығының минерал тыңайтқыштар жөніндегі, арам шөптерді жою, өсімдіктер, малдың түрлі аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресуге керекті химиялық заттар жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыру; барлық колхоздар мен совхоздарда жергілікті тыңайтқыштарды барынша жақсы пайдалануды қамтамасыз ету» деп көрсетілді. Ауыл шаруашылығына қажетті минералдық тыңайтқыштарды өндіруде Қаратау кен-химия комбинатының да алатын орны елеулі.

Бұл күндері республикамызда құнарлы фосфориттің табиғи қоймасы Қаратауды білмейтін адам кемде-кем. Қаратау өзінің шикізат қоры жөнінен Совет Одағында Кольск түбегіндегі Хибин кенінен кейін екінші орын алады. Оның қойнауында бір жарым миллиард тоннадай руда бар. Қазіргі уақытта Қаратауда екі кен орны — Ақсай мен Шолақтау жұмыс істеп жатыр. Комбинат коллективі 13 миллион тонна руда өндіру жөнінде белгіленген қуатты мерзімінен бұрын іске қосу үшін ерен еңбек етуде.

Қаратау кеншілері мен құрылысшылары социалистік жарыста алған міндеттемелерін үнемі абыроймен орындап келеді. Мысалы, өткен жылы «Молодежный» руднигі, Ақсай руднигінің екінші кезегі іске қосылды. Фосфорит рудасын өңдейтін кен-байыту фабрикасы салынды. Фабриканың бірінші кезегі 1963 жылдың аяғында, ал екінші кезегі бытырғы жылдың мартында пайдалануға берілді. Бұған қоса Ақсайда ұнтақтау-сұрыптау фабрикасы қатарға қосылды. Қазір комбинат жылына миллиондаған тонна руда бере алатын дәрежеге жетті. Жалпы Қаратау кен-химия комбинаты өзі жұмыс істей бастаған 18 жылдың ішінде миллиондаған тонна руда берді. Өткен жылы руда өндіру жоспары 101,2 процент, кен жынысын аршу 100 процент, флотоконцентрат дайындау 102 процент орындалды.

Қазір Қаратау — Орта Азия, Сибирь мен Қиыр Шығыс аудандары үшін фосфоритті тыңайтқыш өндіретін өнеркәсіптің негізгі шикізат базасына айналып отыр. КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1963 ж.) Пленумында Қазақстандағы фосфорит шикізатының аса ірі қоймасы Қаратау фосфорит бассейні халық шаруашылығына пайдаланылғалы отыр, Қаратау бассейнін игеруді тездету үшін барлық шараларды қолдану қажет, бұл міндетті орындау республика коммунистері мен еңбекшілерінің абырой алатын ісі болуға тиіс деп көрсетілді.

Кен-химия комбинатын өркендетудің болашақ жоспарына сәйкес 1970 жылы мұнда руда өндіру 10 миллион тоннаға жеткізілуге тиіс. Бұл биылға белгіленген дәрежеден 4 есе, ал комбинаттың 18 жыл бойы өндіргенінен бір жарым есе көп. Фосфорит өндіруді шұғыл арттырудың мұндай межесіне Жанатас руднигі сияқты кеннің өн ірі көзін пайдалануға беру есебінен жетуге болады.

Жанатаста кен зерттеу жұмыстары 1939 жылы қолға алынып, 1960 жылы аяқталды. Қаратаудың шикізат қоры аталатын Жанатастың кен қоры мол. Одан табылған руда құрамында 25,7 процент фосфорит ангидридi бар. Кейбір жерлерде мұнын мөлшері 30—32 процентке жетеді. Мұндай шикізатты ешқандай алдын-ала байытусыз-ақ өңдеуге болады.

Жанатасқа жақын жерден тағы да Көксу, Көкжон кен көздері табылды. Осы Жанатас, Көксу, Көкжон рудасының жалпы мөлшері Қаратау кен қорының 80 процентіне жуықтайды. Осыған байланысты бассейнің солтүстік-батыс жағынан екінші ірі өнеркәсіп комплексі салынып жатыр. Жанатас, Көксу, Көкжон қазба байлығын игеруде құрылысшылар мен кеншілердің алдында күрделі де жауапты міндеттер тұр. Ол фосфорит өндіретін жаңа өнеркәсіп комплекстерін салу мәселесі.

Қаратау фосфоритінің егістікке пайдаланғандағы құнарлылығын арттыру мақсатымен фосфорит ұнының құрамына әр түрлі химиялық заттар қосылып байытылады. Мұнан кейін алынатын флотоконцентрат егістік үшін аса құнды болады. Фосфорит рудасынан флотоконцентрат алу мәселесін қазір ғалымдар жақсы шешті.

Қаратаудағы байыту фабрикасы жылына небәрі бір миллион тоннадан аса ғана флотоконцентрат шығарады. Оның өндірген өнімінің құрамында 29 процентке дейін фосфорит ангидридi бар. Керекті тыңайтқыштар даярлау үшін Қаратаудан еліміздің түрлі суперфосфат заводтарына шикізат (руда, фосфорит ұны, флотоконцентрат) жіберіледі. Шикізатты кен орнынан жүздеген километр қашықтықтағы заводтарға жөнелту жұмысқа елеулі қиыншылық келтіруде. Мысалы, Жамбыл, Қокан суперфосфат заводтары, Шымкентте салынып жатқан фосфор тұзы заводы, Чарджоу, Куйбышев заводтары комбинаттан жүздеген мыңдаған километрдей қашықта. Шикізаттын алысқа тасылуы оның түсер құнын жоғарылатуда. Мысалы, фосфорит шикізатын осынша жерге тасу 1970 жылға белгіленген жоспардың өзінде миллиондаған сомға қымбатқа түспекші. Алдын-ала жасалған есепке қарағанда, егер Қаратаудан алынған рудадан сол жердің өзінде элементарлы фосфор бөлініп шығарылатын болса, онда тек қана тасымал шығынына жұмсалатын қаржыдан бірнеше миллион сом үнемдеуге болады.

Қаратау қаласына жақын жерден және Жанатастан фосфор тұзы кәсіпорының салуды белгілеп отырғанымыздың мәнісі де міне осында. Рудадан фосфор алу үшін қажетті әк пен кварцит мұнда жеткілікті. Бірақ Қаратау бассейнінің өзінен фосфоритті өңдеуді ұйымдастыру ісі судың тапшылығынан тежеліп келеді. Алдын ала жүргізілген есепке қарағанда Қаратау өнеркәсіп аймағындағы өндірістік қуаттар үшін 1970 жылы секундына 4—5 текше метр су қажет екені анықталып отыр. Келешекте оның бір жарым-екі есе өсетіні сөзсіз. Сондықтан да осы өңірдің өзінен су қорын іздестіріп табудың маңызы орасан зор.

Соңғы кездері «Гидропроект» институтының қазақ бөлімшесі Қаратаудың өнеркәсіп орындарын сумен жабдықтаудың кейбір жолын ұсынып жүр. Олардың есебіне қарағанда Бүркітті, Шабакты, Көктал, Тамды өзендерінің ағысын қажетке қарай ыңғайластыру таяу арада ойдағыдай аяқталмақшы.

Бұған қоса мына жайды да ескерген жөн ғой деп ойлаймыз. Қаратау маңында атам заманнан бері-ақ тұщы судың мол екені мәлім. Олар ешбір пайдасыз, босқа ағып жатыр. Осы судың қорын зерттеп, шаруашылық қажетке жаратудың өзі фосфорит рудасын сапалы етіп өндіруге едәуір көмектесер еді. Сондықтан бұл істің ойдағыдай аяқталуына Қазақ ССР Халық шаруашылығы советі мен «Главгостройдың» қамқорлық жасағаны абзал. Сонда су мәселесі түпкілікті шешілетін болады.

Биыл кен-химия комбинаты коллективінің алдында Жанатас кенін игеру, Ақсай комплекс құрылысын салып бітіру, орталық механика мастерскойын кенейту міндеттері тұр. Үстіміздегі жылы үш миллиондай тон-

на фосфорит рудасын өндіру қажет. Бұл үшін 6 миллион текше метрден аса кен жынысы жер астынан сыртқа шығарылмақ. Бұл міндетті ойдағыдай орындауда қаратаулықтарға бүкіл ел болып көмектесуде. Мысалы, Минск автомобиль заводы 25 тонналық машиналарды, Урал ауыр машина жасау заводы экскаваторларды жеткілікті мөлшерде жіберіп отыр. Ал Украина машина жасаушылары шахта жабдығын, ташкенттіктер компрессорларды, азербайжандықтар байыту фабрикасы мен карьерлерге керекті қуатты электр моторларын жіберді.

Амал не, комбинатта осынша қыруар техника тиімді пайдаланылмай келеді. Өткен жылы экскаваторлардың, бұрғылау станоктарының, автомашиналардың қуатын пайдалану 30—40 проценттен аспады. Кен құрал-жабдықтарын толық пайдалана алмай жүруіміздің бір себебі—бізде техника жөндейтін база нашар. Сондықтан да бұзылған, сынған машина, құрал-сайман ұзақ уақыт жөндеуде болып, іске жедел қосылмайды. Кейбір күрделі тетіктерді өзімізде жөндей алмайтын болғандықтан басқа қалаларға жөнелтеміз. Міне осының бәріне көп уақыт, кейде тіпті екі-үш ай кетеді, біраз қаржы шығын болады. Екінші бір кемшілік, комбинатта еңбек тәртібі нашар, еңбекті ұйымдастыру жайы мардымсыз. Жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер арасында өзара социалистік жарыс жөнді ұйымдастырылмай, кең құлаш жаймай отыр. Үшіншіден, осы күнге дейін байыту фабрикасын толық игере алмай келеміз. Оның жұмыс істеуінен тұруы көп. Әлі күнге дейін темір жол транспорты да мардымсыз пайдаланылады. Темір жол транспорты жұмыс уақытының біразын босқа өткізеді.

Техниканы өнімді пайдалану, еңбек өнімділігін еселеп арттыру, өнімнің түсер құнын арзандату—коллектив алдында тұрған негізгі міндеттің бірі. Алайда өндірілген руданың түсер құны әлі де жоғары, ал концентраттың сапасы төмен. Сондай-ақ концентраттың түсер құны да қымбат.

Байыту фабрикасы жұмысының сапасыздығынан руда жобада көрсетілгендей байытыла алмай келеді. Химия кәсіпорындарын жобалау институты негізгі жобаның өзіне тоқсанға тарта өзгеріс енгізді. Сол үшін 450 мың сомдай қаржы жұмсалды. Соған қарамастан байыту фабрикасының жұмысы жақсы жолға қойылмай отыр. Соның салдарынан да Орта Азия мен Қазақстан заводтарын сапалы концентратпен қамтамасыз ете алмау қаупі туып отыр. Сөйтсе де бұл жағдайды түзеуге болады. Ол үшін Жанатас руднигінің төрт карьерінің бәрін де жедел игеру керек.

Биылғы жыл—комбинат коллективі үшін техникалық-экономикалық көрсеткішті жақсарту жолында қажырлы еңбек ету жылы болуға тиіс. Кен жынысын қазуда әрбір жұмысшының еңбек өнімділігі 1410 тоннаға жеткізілмекші. Ал товарлы руданың түсер құнын 5 процентке арзандату белгіленіп отыр.

Өнімнің түсер құнын барған сайын арзандату—бар резервтерді, өндіріс қуатын сарқа пайдалануға байланысты. Бұл үшін, ең алдымен, кен құрал-жабдығын және транспортты неғұрлым тиімді пайдалану керек. Мұны өндіріс озаттарының тәжірибесі айқын көрсетіп отыр. Мысалы, экскаватор машинисі Ерген Өміров жолдас өзінің нормасын ай сайын асыра орындап келеді. Ақсай руднигі бойынша орташа есеппен бір экскаваторға келетін жылдық өнім 490 мың текше метрге тең болса, Е. Өміров жолдасын экскаваторы 661 мың текше метр кен қазды. В. Русаков жолдас басқаратын бұрғылау станогының бригадасы нормасын үнемі 25—30 процентке асыра орындайды. Рудник бойынша бір айда бір станок орташа есеппен 1560 метр скважина бұрғыласа, В. Русаков жолдас басқарған станок 1898 метр скважина бұрғылады. Өндіріс озаттарының қолы жеткен көрсеткіштері рудник бойынша орташа көрсеткіштерден 30—50 процент жоғары. Мұның өзі еңбек өнімділігін

арттырудың комбинатта аса мол резерві барлығын байқатады. Мәселе осы резервтерді толық пайдаланып, озаттар, жаңашылдар тәжірибесін барлық жұмысшылардың игілігіне айналдыруда болып отыр. Шығарылатын руданың түсер құнын арзандатудың тағы бір жолы осы.

Өнімнің түсер құнын арзандату жолындағы үлкен резервтердің бірі — шаруашылық есеп. Шаруашылық есепті бригадаларда, учаске мен цехтарда қолдану мемлекеттік жоспардың барлық түрін асыра орындауға жағдай жасайды. Өндіріске орасан зор пайда келтіреді. Шаруашылық есепке көшу учаске, цех бастықтарының жауапкершілігін арттырып, барлық қорды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Комбинатта бірінші болып «Молодежный» шахтасының № 1 учаскесі шаруашылық есепке көшірілді. Таяу уақытта бүкіл шахта шаруашылық есепке көшірілмек. Сол сияқты комбинаттың басқа цехтарын да шаруашылық есепке көшіру жоспарланып отыр. «Молодежный» шахтасындағы № 1 учаскенің шаруашылық есепке көшірілгеніне аз ғана уақыт өтсе де елеулі табысқа қол жетті. Учаскеде жұмысшылардың еңбектегі ынта-жігері мықтап артта түсті. Еңбек өнімділігі 20 процент өсті.

Комбинатта әлі де болса толық пайдаланылмай отырған резервтің бірі — еңбек өнімділігін арттыру. Еңбек өнімділігін арттырудың негізі жұмысты комплексті әдіспен жүргізу болып табылады. Комплексті әдіс Ақсай руднигінде өткен жылдың август айынан бері қарай қолданылуда. Мұның өзі жақсы нәтиже беруде. Еңбек өнімділігі бір жарым еседей артып, авария біржола жойылды. Еңбек өнімділігін арттырудың бұл прогрестік әдісі бұдан бұрын Соколов-Сарыбай комбинатында қолданылған еді. Комплекс құрамында экскаваторшылар, шоферлер, бұрғышылар, электриктер бар. Бұрын олардың әрқайсысы жұмысты өз алдына оқшау, бөлек-бөлек істейтін де, біріне-бірінің жәрдемі аз болатын. Енді солардың барлығы да өндірістік жоспарды орындау үшін бірлесіп еңбек етуде.

Коммунистік партияның жаңа Программасында таяудағы 10 жыл ішінде еліміздің өнеркәсіп орындарында еңбек өнімділігін екі есе, жиырма жыл ішінде кем дегенде 4—4,5 есе арттырып, Америка Құрама Штаттарындағы еңбек өнімділігінің қазіргі дәрежесінен шамамен екі есе асып түсу белгіленді. Әрине, мұндай үлкен міндетті орындаудың шешуші шарты — еңбек өнімділігін арттыру, техникалық прогресті барынша тездетіп, әрдайым жаңа техниканы өндіріске енгізіп отыру екенін кеншілер жақсы біледі. Сондықтан да комбинат кеншілері мен байытушылары өндірістік жоспарды асыра орындау мақсатында жаңа кен техникасын, жаңа технология мен озат еңбек әдістерін, жақсы тәжірибені өндіріске кеңінен енгізу үшін ынталы болуда.

Биыл комбинат коллективі өндірілмекші әрбір тонна руданың түсер құнын 14,3 процент кемітуді өздеріне міндет етіп отыр. Бұл міндетті қолда бар техниканы барынша тиімді пайдаланып, әлі де болса ашылмаған резервтерді мұқият зерттеп іске қосқанда ғана орындауға болатынын жақсы түсінеміз. Сондықтан да комбинаттың партия ұйымы, дирекциясы болып бірлесе отырып, қолда бар бірақ әлі пайдаланылмай жүрген қорлар мен резервтерді тауып, оны кәдеге жарату жолында елеулі қызмет атқармақ. Біз Қаратау химиясының үлкен резервтері дегенде осы аталғандарды еске аламыз.

Н. ОРАЗБАЕВ,

Қаратау кен-химия комбинаты бас инженерінің орынбасары.

Жамбыл облысы.

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНА

Ол күндердің өшпес даңқы

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН,

Совет Одағының Батыры

Совет халқының фашистік Германияға қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына алдағы май айының тоғызында жиырма жыл толады. Бұл күнді қаһарман совет халқымен бірге бүкіл прогресшіл адам баласы өзінің ұлы мерекесі ретінде атап өтеді.

Тарихи тұрғыдан, бұл жеңістің мәні — совет халқының Ұлы Отан соғысын фашистік Германияны талқандаумен аяқтағанында ғана емес. Бұл — жеңістің бір көрінісі ғана. Жеңістің тарихи тамыры, маңызы бұдан гөрі тереңірек жатыр. Ол қайсы?

Ұлы Отан соғысының халқымыз бен партиямызға, совет мемлекетіне өте қатал сын болғаны мәлім. Бірақ Коммунистік партия бастаған совет халқы, ірге тасын кемеңгер Лениннің өзі қалаған советтік мемлекеттік құрылыс бұл сыннан мүдірмей өтті. Бұл соғыста совет мемлекетінің құрыштай беріктігі, еліміз халықтарының мызғымас достығы мен моральдық бірлігі, дүние жүзінде советтік құрылыстан берік, қуатты күш жоқ екені бүкіл әлемге мәлім болды.

Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі дүние жүзінде социалистік системаның қалыптасып, нығаюына және оның тамырын тереңге жіберуіне себепші болды. Егер Ұлы Отан соғысына дейін жер шарында социалистік ел біреу, яғни Совет Одағы ғана болса, совет халқының тарихи ұлы жеңісінің нәтижесінде Европа мен Азияда жаңа социалистік мемлекеттер дүниеге келді. Олар: Польша, Чехословакия, Румыния, Венгрия, Болгария, Албания, Югославия, Қытай Халық Республикасы, Вьетнам Демократиялық Республикасы, Корея Халық-Демократиялық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы. Мұнымен қатар совет халқының жеңісі және социалистік системаның нығаюы нәтижесінде соғыстан кейінгі дәуірде Азия мен Африкада, Латын Америкасында халықтардың бостандыққа ұмтылуы, империализмге қарсы күресі бел алды, көптеген ел отарлық езгіден құтылып, тәуелсіздікке ие болды, жаңа тұрмыс құруға кірісті.

Әрине, совет халқы бұл жеңіске онайлықпен жеткен жоқ. Біз оған көптеген қиыншылықты, мұқтаждықты, ауыртпалықты бастан кешіре отырып жеттік. Біз бұл жеңіске Коммунистік партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің халықты ұлы күреске ұйымдастыруы, зор майданға жетекшілік етуі арқасында, халқымыздың жанқиярлық ерлігі мен еңбегінің нәтижесінде ие болдық.

Фашистік Германияның алдына қойған негізгі мақсаты бүкіл әлемге қожалық ету, барлық елді өзіне бағындырып алу болғаны тарихтан белгілі. Осы мақсатына жету үшін ол 1937 жылы Италиямен және Жапониямен соғыс одағын жасады. Ал Совет Одағына қарсы соғыс ашпастан бұрын Европадағы мемлекеттерді біртіндеп (Австрия, Чехословакия, Польша, Дания, Норвегия, Бельгия, Голландия, Люксембург, Франция) басып алды. Бұл мемлекеттердің билеуші топтары фашистік агрессорға қарсы күресу ісін ұйымдастыра алмады. Қайта, Гитлердің алдында оп-онай тізе бүкті. 1940 жылы фашистер Венгриямен, Румыниямен, Болгариямен одақтасты, Түркиямен достық шарт жасады. Ал 1941 жылдың апрель-май айларында Греция мен Югославияны басып алды.

Сөйтіп үлкенді-кішілі бірнеше мемлекетті жаулап алған фашистік Германия, енді Совет Одағына қарсы соғысқа даярлана бастады. Ол

үшін 1940 жылдың аяқ шенінде фашист қаракшылар Совет Одағына қарсы соғыс ашудың толық жоспарын жасап бітірді. Оған «Барбароссе жоспары» деп ат қойды. Өзінің бұл жоспарында фашистік Германия Совет Одағын бір-екі айдың ішінде талқандаймыз, соғысты жеңіспен аяқтаймыз деп көкіді. Олар Совет Одағын күрту, совет халықтарын құлдыққа айналдыру — өздерінің басты мақсаты екенін ашып айтты.

Совет еліне қарсы соғысу үшін үлкен даярлық жасаған гитлерлік Германия 1941 жылғы июнь айының орта кезінде әскерлерін СССР-дің шекараларына төге бастады. Фашистер еліміздің бір ғана батыс шекарасына екі жүзден астам дивизиясын әкеп орналастырды. Содан кейін ол Германия мен СССР арасында өзара тиіспеу туралы 1939 жылы жасасқан шартты опасыздықпен бұзды да, 1941 жылғы 22 июнь күні тұтқиылдан біздің Отанымызға қарсы соғыс ашты.

Соғыстың алғашқы күні-ақ партиямыздың Орталық Комитеті бүкіл совет халқына жар салды, фашистік Германияның зұлымдық жасағанын, елімізде Ұлы Отан соғысының дәуірі басталғанын түсіндірді. Осыған байланысты совет халқының, армиямыздың алдында тұрған нақты міндеттер көрсетілді. «Барлығы майдан үшін, барлығы жауды жеңу үшін! Біз жеңеміз!»—деп партия көтерген ұрандар совет халқына үлкен жігер, күш-қуат берді. Өнеркәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда, мекемелерде жұмыс істейтін совет адамдарының бәрі өздерін қасиетті Отанның солдатты деп есептеді. Барлық жұмыс соғыс жағдайы тудырған міндеттерді орындау, майдан талабын өтеу мүддесіне бағындырыла жүргізілді. Халқымыз жаңадан кәсіпорындар салуда, майдан жақындап қалған және соғыс қаупі төнген жерлердегі заводтар мен фабрикаларды еліміздің Шығыс аудандарына көшіруде асқан ерлік көрсетті, орасан қиыншылықтарға мойымай қажырлы еңбек етті.

Ал бұл кезде ұрыс майдандарында басқыншы жауға қарсы кескілескен шайқас күн сайын үдеп бара жатқанды. Біздің ер жүрек әскерлеріміз қас жаумен қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше арпалысты. Олар өздерінің Отанға, Коммунистік партияға шын берілгендігін қиян-кескі күрес үстінде көрсетіп отырды. Алайда, соғыстың алғашқы айларында әскери күші мен техникасы басым жау біздің армияны біраз шегінуге мәжбүр етті. Бірақ бұл Совет Армиясының әлсіздігі, нашарлығы емес еді. Мұндай шегінудің себебі де болатын. Атап айтқанда, біріншіден, фашистік Германия Совет Одағына шабуыл жасағанда бұған дейін өзі басып алған Еуропаның барлық күш-қуатын мықтап пайдаланды. Екіншіден, фашистер СССР-ге қарсы шабуылды қанненқаперсіз жағдайда кенеттен бастады. Үшіншіден, Совет мемлекетінің қуатты соғыс өнеркәсібі болғанымен, қару-жарак жаппай шығарылмайтынды. Соғыс техникасының кейбір жана түрін (мәселен, самолет, танк) шығару ісі енді ғана қолға алына бастаған еді. Төртіншіден, Совет Армиясының негізгі күштері шекарадан кейініректе тұрды. Сондай-ақ осы заманғы соғысты жүргізуде біздің әскерлердің тәжірибесі аз еді.

Бұл айтылғандар соғыстың алғашқы айларында бізде бірсыпыра қолайсыз жағдай туғызғаны рас. Бірақ ол совет адамдарын ешбір үрейлендіріп, сенімсіздікке түсірген жоқ. Қайта, соғыс дауылы күшейген сайын совет адамдарының ерлік жігері арта түсті. Жауынгерлеріміз сүйемдей жер үшін асқан батырлықпен алысты, жауға соғыссыз, күрессіз еш нәрсе де қалдырған жоқ.

Совет Одағын бір-екі айдың ішінде талқан етіп, басып алуға дәмеленген фашистер іс жүзінде басқаша жағдайға кезікті. Ұрыс майдандарында совет әскерлері қатты қарсыласып, қаһармандықпен соғысты, кей жерлерде неміс армиясын қорғаныс жасауға мәжбүр етті. Мұның өзі біздің елдің күш жинауына, жауға қарсы күресті ұйымшылдықпен жүргізуге, соғыс экономикасын жолға қоюға мүмкіндік жасады. Ал уақытты өте беруі фашистер үшін тиімсіз еді. Сондықтан олар қыс түскенше

соғысты аяқтамақ болып бар күшін Москва бағытына төкті, Москваға қарай 51 дивизиясын аттандырды. Бұларды жаудың он бес мың танкі, үш мыңдай зеңбірегі, жеті жүзден астам самолеті қолдады. Москваны баса-көктеп алу үшін жау 1941 жылғы сентябрьдің 30-да аса күшті шабуылға шықты. Бірақ жау қаншама жанталасса да, Москваны басып алу жөніндегі мақсатына жете алмады.

Москваны қорғауға аттанған советтің ер жүрек әскерлері тарихта бұрын-соңды болмаған ғажап ерлік көрсетіп, жаудың алғашқы шабуылын да, одан кейін ноябрьде жасаған екінші шабуылын да тойтарып тастады. Осының нәтижесінде Москва түбінде жаудың ең таңдаулы әскер бөлімдері, маңдай алды техникасы талқандалды. Мәселен, 1941 жылғы ноябрьдің 16-нан декабрьдің 6-на дейін, айналасы 20 күннің ішінде Москва түбінде жаудың 55 мың әскері қырылды, 100 мыңнан астам солдатты жаралы болды, 777 танкісі, 297 зеңбірегі мен минометі, 244 пулеметі, жүздеген самолеті қиратылды.

Москва түбінде фашистердің күл-талқанын шығарған совет қарулы күштері жауға қарсы ендігі шабуылды декабрьдің 6-күні өзі бастады. Басқыншыларды Москва түбінен батысқа қарай дүркірете қуып тастады, Москва мен Тула облыстарын түгелдей жаудан тазартты, Калинин, Ленинград облыстарының бірнеше ауданын азат етті.

Москва үшін жүргізілген қорғаныс ұрыстары болашақта жауды жеңіп шығатындығымыздың алғашқы белгісін берді, халықтың жүрегіне «Жеңеміз жауды!» деген толық сенім орнатты. Москва үшін шайқас совет халқының батыр да батыл екенін, күш-қуаты енді ғана көріне бастағанын бар әлемге танытты. Сонымен қатар Москва үшін жүргізілген ұрыстар бүкіл совет халқының ұраны да, тілегі де бір екендігін, өзара достығы, ауыз бірлігі күшті екендігін байқатты. Қызыл астананы қорғау шайқастарында совет жауынгерлерінің көрсеткен қаһармандығы ғажап. Соның бір мысалы ретінде панфиловшы 28 батырдың ерлігін еске түсірейік.

Қазақстанның астанасы — Алматыда жасакталған, көп ұлтты халқымыздың өкілдерінен құралған, орыс халқының батыр ұлы генерал Панфилов бастаған 316-дивизияның жауынгерлері қасық қаны қалғанша алысып, тамаша ерлік өнегесін көрсетті. Бұған совет халқымен бірге бүкіл әлем сүйсінді. Фашист жендеттерге қарсы қалай күресу керектігін Москва түбінде панфиловшылар да көрсеткен еді десек артық айтқандық емес. Бұлардың ерлігі, айла-амалы, жауды жапыра ұруы армиямыздың басқа бөлімдеріне үлгі болды.

Неміс фашистері Москва түбінде мықтап соққы көрсе де, өздерінің шапқыншылық қара ниет ойынан, Совет Одағын жаулап алу ойынан бас тартпады. Москваны, Ленинградты тікелей шабуылмен ала алмаған соң, енді олар негізгі әскер күшін 1942 жылдың жазында Отанымыздың оңтүстігіне аттандырды; Сталинградты, Кавказды басып алып, тағы да Москваға шабуыл жасаймыз, сөйтіп әлде де соғысты жеңіспен бітіреміз деген қысыр қиялынан, жалған үмітінен қайтпады.

Осы арам пиғылын іске асырмақ болған неміс жендеттері 1942 жылғы июнь айының ішінде Сталинградқа қарай күшті шабуыл бастады. Екі жақтың әскері тарихта бұрын-соңды кездеспеген ұрысқа кірді. Совет жауынгерлері еліміздің әрбір сүйем жері үшін жаумен аянбай арпалысып, асқан ерлік қимыл жасады; әрбір төбешік, әрбір деревня үлкен ұрыс қамалына айналды. Осындай кескілескен шайқас тұсында Коммунистік партия бүкіл совет халқын, батыр жауынгерлерді: «Тапжылма, табанды бол! Жауды жапыра сок! Бір адым да шегінбе!» деп ерлік күреске жігерлендірді. Партия бастап, халық қостаған біздің әскерлер фашистерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізе отырып, оларды қансыратып, әлсірете берді. Бұған ноябрьдің ортасына дейін Сталинград

маңында жаудың 180 мың әскерінің қырғынға ұшырауы, бес жүз мыңнан астам солдаттының жаралы болуы, әбден дәлел.

Сталинградты қорғаған совет жауынгерлері жаудың шабуылын бөгеді; оның қарулы күштерін талқандаумен болды, сонымен бірге алдағы күнде өзі бастайтын зор шабуылға даярлық жасады. Жауға қарсы мұндай шабуылды Совет Армиясы 1942 жылғы 19 ноябрьде бастады. Сталинградта жаудың алтыншы армиясы, төртінші танк армиясы, 22 дивизиясы, үш жүз отыз мың әскері қоршауға алынды. Қоршауға түскен жау біраз уақыт қарсылық көрсетті, өз еркімен берілмеді. Сондықтан совет әскерлері қоршаудағы жауды талқандауға кірісті.

Бұл операция 1943 жылғы 2 февраль күні аяқталды. Соның нәтижесінде Сталинградта жаудың 91 мың адамы тұтқынға алынды, оның ішінде 24 генерал, 2500 офицер және немістің алтыншы армиясының командашасы фельдмаршал Паулюс бар еді. Жау тек қоршауға алынған кезінде ғана 147 200 адамынан өлідей айрылды. Ал дұшпаннан 750 самолет, 1 550 танк, 6 700 зеңбірек, 1 462 миномет, 8 135 пулемет, 90 мың винтовка, 61 102 автомашина, 7 369 мотоцикл, 480 трактор, 320 радио станция, 3 бронепоезд, 56 паровоз, 1 125 вагон қолға түсті.

Совет Армиясының Сталинград түбіндегі тарихи жеңісі фашистік Германияны күйретудің басы болды. Сталинградта ең тандаулы деген әскери күшінен айрылған гитлершілдер содан былайғы жерде үнемі жеңіліске ұшырап отырды. 1943 жылдан бастап совет әскерлері соғыс майдандарында жеңістен жеңіске жете берді. Жау Ленинград маңынан, Кавказдан қуылды. Совет Армиясының мықты соққысына шыдай алмаған дұшпан кейін, батысқа қарай шегініп кетті. Армиямыздың, бүкіл халқымыздың патриоттық рухы, қайрат-жігері тасқындай түсті. Біздің еліміз 1944 жылдың өзінде-ақ фашист жендеттерден толық тазартылды. Енді соғыс фашистік Германия мен оның сыбайластарының жеріне көшті.

Бірақ халқымыз совет жерін фашист қарақшылардан тазартып алумен мақсатымыз орындалды деген жоқ. Ендігі міндет: фашистерді өз жерінде құрту, оларды бұдан былай бас көтере алмастай етіп талқандау, Европаны басқыншылардан азат ету, Берлинде Жеңіс туын тігу еді.

Айбынды Совет Армиясы фашист басқыншыларды өз жерінде талқандауды 1945 жылы 12 январьда бастады да, барлық майданда шабуылды өрістете отырып, дұшпанды Берлин бағытына тықсырып әкелді. Берлин үшін жүргізілген ұрыстарда екі жақтың күші қандай болғаны туралы Ұлы Отан соғысында аты шыққан даңқты колбасшылардың бірі, Совет Одағының Маршалы В. И. Чуйков мынадай қызықты дерек келтіреді*. В. И. Чуйковтың жазуынша, 1945 жылғы апрель айының 16-на қарсы екі жақтың Берлин үшін ұрысқа шығарған күші төмендегідей болыпты:

	Совет әскерлері	Жау әскерлері
Дивизия саны	193	85
Адам саны	2,5 миллион	1 миллион
Зеңбіректер мен минометтер	41 мың	10 мың
Танктер мен өздігінен жүретін зеңбіректер	6 250	1 500
Самолеттер	7 500	3 300

Берлин операциясына осыша күшпен кіріскен Совет Армиясы жаудың күлін көкке ұшырды. Берлин үшін болған ұрыстарда совет әскерлері жаудың 480 мың солдаты мен офицерін тұтқынға алды, бір жарым мың танкісі мен өздігінен жүретін зеңбірегін, төрт жарым мың самолетін, 10 917 зеңбірегін мен минометін тағы басқа көптеген қару-жарағын қолға түсірді.

* «Октябрь» журналы № 4, 1964 жыл, 142-бет.

1945 жылғы майдың 2 күні Берлин алынды. Біздің әскерлер Берлиндегі Рейхстаг үстіне Жеңіс туын тікті. Майдың 8 күні фашистік армияның жоғарғы командованияесінің өкілдері Германияның соғыста жеңіліп, сөзсіз тізе бүккендігі жайындағы актіге қол қойды. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша 9 май — Жеңіс күні, Жеңіс мерекесі деп жарияланды.

В. И. Ленин соғыста қолдаушы халқы, мықты тылы бар армия ғана жеңілмейді деп үйретті. Лениннің кеменгерлікпен айтқан бұл сөзінің ақиқаттығын Ұлы Отан соғысы толық дәлелдеді. Еліміз майдандағы армияның мықты тірегі, қамқоршысы болды. Мәселен, Сталинград маңында Отанымызға хауіп төнген кезде Тамбов облысының колхозшылары совет халқына тән патриоттық іс бастады. Олар танк колонналарын жасау үшін 80 миллион 200 мың сом ақша жинады. Тамбовтықтардың патриоттық бастамасын еліміздің барлық республикасының еңбекшілері қолдады. Майданға тарту ретінде самолет, танк жасау қорына жер-жерде ерікті түрде қаржы жинау қолға алынды. Бұл бастамаға колхоздар мен совхоздар, өнеркәсіп орындары, мекемелер ғана ат салысып қойған жоқ, сонымен бірге оған жеке адамдар да қатысып, тамаша өнеге көрсетті. Мысалы, саратовтық колхозшы Ф. Головатый өзінің адал еңбегімен тапқан табысынан жүз мың сомға самолет жасатқызып, оны Сталинградты қорғаушыларға жіберді.

Мұндай патриоттық бастамалар Қазақстан көлемінде де кең өріс алды. «Қазақстан колхозшысы», «Советтік Қазақстан» деп аталатын танк, самолет колонналарын жасау қорына небәрі жарты жылдың ішінде республикамыз бойынша 421 миллион 176 мың сом жиналды.

Қазақстан еңбекшілері өздерінің адал еңбегімен тапқан табысынан мың-мың сом қаржы бөліп, майданшыларға тарту етті. Бұған мысал ретінде бірнеше патриоттың атын аталық: Бөкенбаев Оразбай (Алматы облысы, Қаратал ауданы, «Қызыл бұлақ» колхозы) — 300 мың сом, Баймағамбетов Күләш (Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «1 май» колхозы) — 325 мың сом, Байжанов Саип (Қостанай облысы, Обаған ауданы, «Коммунистер советі» колхозы) — 175 мың сом, Ысқақова Кәделі (Гурьев облысы, Төңіз ауданы, Карл Маркс атындағы колхоз) — 175 мың сом, Оңдасынов Бектай (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы, «Ақтас» колхозы) — 166 мың сом, әйгілі палуан Қажымұқан — 100 мың сом берді. Мұндай патриоттар соғыс кезінде өте көп болды.

Ал Отан қорына деп ақшадай, заттай жылу жинау да кеңінен өріс алды. Мысалы, соғыстың алғашқы жылында Қазақстан бойынша Отан қорына ақшадай 110 миллион 820 мың сом, ұтыс қарызының облигациясымен 144 миллион 7 мың сом түсті, 108 мың 300 тонна азық (ет, май, астық, жеміс т. б.) тапсырылды. Бұл жөнінде де совет адамдары асқан патриоттық көрсетті. Мәселен, тары өсіруде дүние жүзілік рекорд жасаған Шығанақ Берснев өзінің адал еңбегімен тапқан табысынан Қызыл Армияның қорына деп 252 пұт астық, «Қазақстан колхозшысы» деген танк колоннасын жасауға деп 100 пұт астық берді.

Осы келтірілген фактілер майданда жауға қарсы соғыста дұшпанды қаусата соғып жүрген жауынгерлерді бүкіл халқымыз қолдағанын, халық пен армияның тас-түйін бірлікте болғанын дәлелдейді. Майдан мен тылдың біртұтастығы, тылдағы еңбеккерлердің майданға көмегі — қас дұшпанның сағын сындырудағы ең шешуші күштің бірі.

Отанымыздың барлық күш-қуатын зұлым фашистерді талқандау күресіне жұмылдырушы, жеңіске жету жолын көрсетуші, халқымыз бен армиямызға рух беріп, ұлы аттанысқа бастаушы — Совет Одағының Коммунистік партиясы, оның лениндік Орталық Комитеті. Еңбек дүбірінде, сондай-ақ соғыс даласында, ұрыстың ең хауіпті де ауыр шебінде алдыңғы сапта коммунистер жүрді, олар өздерінің ерлігімен басқаларға үлгі болды. Бүкіл әлемге даңқы шыққан панфиловшы 28 батырды ерлікке бастаған саяси жетекші, коммунист Клочков екенін, тоғыз жүз күндік қоршауды басынан кешірген ленинградтықтардың алдыңғы сапында коммунистер болғанын еске алсақ, Коммунистік партияның батырлық-ерлік тұлғасы, ұйымдастырушылық-басшылық бейнесі көз алдымызға келеді.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтаған совет халқы соғыс дауылы басылысымен-ақ алда жүзеге асыратын келелі істерінің жоспарын жасады. Онда халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамыту, халықтар арасында достық пен баянды бейбітшілік орнату міндеттері белгіленген болатын. Соғыстан кейінгі жиырма жыл ішінде совет халқының бейбіт құрылыста аса зор тарихи табыстарға ие болғаны әмбеге аян.

Иә, совет халқына, барлық адал ниетті адам баласына бейбітшілік керек. Бірақ америка империалистері желіктіріп отырған Батыс Германияның соғыс құмарлары кешегі сұрапыл соғыстың өздері үшін немен аяқталғанын ұмытып, «кек қайыру» үшін жана соғысқа әзірленуде. Бейбітшіліктің жаулары қаншама жан таласып, соғыс өртің тұтандыруға әрекет жасаса да, онысынан ешнәрсе шықпақ емес. Өйткені олардың бұл әрекетіне қарсы тұрушы күдіретті күш бар. Ол күш—бейбітшілікті жақтайтын, бейбітшілік үшін күресетін халықтар. Оның алдыңғы сапында батыр совет халқы келеді. Совет халқы, бұдан былайғы уақытта да ешкімнің қоқан-лоққысынан қорықпай, коммунизм үшін, баянды бейбітшілік үшін күресушілердің ұлы көшін алға бастай бермек.

Совет халқының Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап, Жеңіс туын желбіреткеніне жиырма жыл болып қалды. Осыған байланысты халқымыздың майдандағы, тылдағы ерлігін еске түсіріп, ұмытпай қастерлеу және бүгінгі ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу басты міндетіміз болып табылады. Бұл үшін совет адамдарының майдандағы, тылдағы жанқиярлық ерлік істерін, патриоттық бастамаларын ұмытпай еске түсіру, оларды күнделікті үгіт-насихат жұмысында пайдалану қажет деп білеміз. Қай ауылды, қай колхозды, тіпті қай семьяны алсақ та соғыс тұсында бүкіл халықтық аттанысқа қатыспағаны жоқ. Біреулері қолына қару алып, майдан шебінде жүрсе, екіншілері тылдағы еңбек вахтасында болды. Бәрі де нешелеген қиыншылықты басынан кешіре және жеңе отырып, жұрт сүйсінерліктей қызмет атқарды.

— Демек, біз соғыс жылдарында ерлік жасаған, жеңіске үлес қосқан адамдарды, олардың қажырлы да нәтижелі еңбегін ардақтауға тиіспіз. Бұл жұмысқа тек үгітші-насихатшылар ғана қатысып қоймай, оған еңбек адамдары да араласқаны мақұл.

Совет адамдарының соғыс кезіндегі ерлігін, бүгінгі ел сүйсінген қызметін көпшілік игілігіне айналдыруда жергілікті баспасөз, радио, телевизия, кино орындары, театрлар, клубтар, мектептер мен жоғары оқу орындары көп жұмыс істей алады. Әрбір коллектив өз арасында жүрген ерлерін, майданда, тылда абыройға ие болған абзал жандарын, сондай-ақ Отан үшін қаза тапқан ардагерлерін білуге тиісті.

Бұлармен қатар совет халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісін көрсетуде, майдан мен тыл батырларының бейнесін жасауда ақын-жазушылардың, өнер қайраткерлерінің, тарихшылардың алдында да құрметті міндет тұр. Рас, Отан соғысы тақырыбына жазылған шығармалар бізде едәуір. Бірақ бізге енді Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі», М. Шолоховтың «Тынық Доны» сияқты эпопеялар керек. Біз ақын-жазушылардың көркем шығармаларынан, театр сахнасынан, кино экранынан жеңімпаз халқымыздың кесек тұлғасын, қаһарман замандастарымыздың жарқын бейнесін көргіміз келеді. Сондай-ақ Отан соғысының тарихын ғылыми тұрғыдан шынайы баяндайтын зерттеу еңбектерін туғызу — тарихшылардың абзал борышы.

Жеңістің жиырма жылдығын тойлауға даярлық кезінде және одан кейін де біз совет халқының ерлік, батырлық дәстүрін насихаттауды кең көлемде жүргізе беруге міндеттіміз. Бұл реттегі біздің істейтін жұмысымыздың басты нысанасы — соғыс батырларын қадыр тұту, жүректе мәңгі сақтаумен қатар, олардың ерлік салтын бүгінгі жастарға үйрету, жана адамды патриоттық рухта тәрбиелеу ісіне көмектесу болмаққа керек.

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМДІ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның КПСС Программасында дамытылуы*

(VII ТАҚЫРЫПҚА МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖАЛҒАСЫ)

ПАРТИЯНЫҢ ЛЕНИНДІК САРА ЖОЛЫ — КОММУНИЗМДІ ОЙДАҒЫДАЙ ОРНАТУДЫҢ БҰЛЖЫМАС НЕГІЗІ

Бұл тақырып бойынша өткізілетін сабақтың негізгі мақсаты — коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңіндегі партиямыздың сара жолының мазмұны мен мәнін түсіндіру, КПСС саясатының ғылыми негіздерін ашып, осы саясаттың қалай жүзеге асып жатқанын көрсету. Сабаққа әзірлену үстінде марксизм-ленинизм классиктерінің маңызды-маңызды шығармаларын және партиямыздың басқа да документтерін терең оқып, үйрену қажет. Өйткені бұларда партияның ішкі және сыртқы саясатының принциптері тұжырымдалған, коммунизм орнатудың программасы баяндалған.

Сабақта мына мәселелерді қарастырған жөн:

1. ПАРТИЯНЫҢ XX, XXI және XXII СЪЕЗДЕРІНДЕ КОЛЛЕКТИВТІК ТҮРДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН, КПСС-ТІҢ САРА ЖОЛЫ
2. КПСС БАСШЫЛЫҒЫ — КОММУНИСТІК ҚҰРБЫЛЫС ЖОСПАРЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ШЕШУШІ ШАРТЫ
3. ПАРТИЯ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ МЫЗҒЫМАС БІРЛІГІ — САРА ЖОЛДЫ ОЙДАҒЫДАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

ПАРТИЯНЫҢ XX, XXI ЖӘНЕ XXII СЪЕЗДЕРІНДЕ КОЛЛЕКТИВТІК ТҮРДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН, КПСС-ТІҢ САРА ЖОЛЫ

Сабақтың басында, ең алдымен партияның сара жолы не екенін түсіндіре кеткен жөн. Бұқараның саяси көсемі және коллективтік ұйымдастырушысы ролін ойдағыдай атқару үшін, қоғамдық дамудың пісуі жеткен міндеттерін жүзеге асыруға еңбекшілерді жұмылдыру үшін партия маркстік-лениндік ілімді басшылыққа алып, әрбір тарихи кезеңде саяси бағыт, сара жол белгілейді, жұмысшы табына, барлық еңбекшіге дұрыс нысана береді, оларды социализм мен коммунизмнің жеңісі жолындағы күрес перспективасымен қаруландырады.

Партияның сара жолы қазіргі тарихи кезеңнің негізгі міндеттерін орындауға бағытталған. Ол КПСС Программасы мен партияның басқа да маңызды документтерінде көрсетілген. Жұртқа мәлім, партияның бірінші Программасы патша өкіметі мен капитализмді құлату және пролетариат диктатурасын орнату бағытын, екінші Программа — социализм орнату бағытын белгіледі. XXII съезд қабылдаған өзінің үшінші Программасында КПСС елімізде коммунистік қоғам орнатуды тікелей міндет етіп қойып отыр. Жаңа Программада КПСС-тің XX, XXI және XXII съездерінде белгіленген, партиямыздың лениндік бағыты неғұрлым толық бейнеленді.

Партияның үш программасы коммунизмнің ұлы идеалдары жолындағы оның дәйекті қаһармандық күресін баяндайды, азаттық қозғалысының, жаңа қоғам құрылысының әр түрлі кезеңіндегі оның тәжірибесі мен өзекті міндеттерін бейнелейді. Партия программасынан оның сара жолы, стратегиясы мен тактикасы айқын көрінеді.

Будан кейін өзінің сара жолын белгілегенде біздің партия нені басшылыққа алатынын көрсетіп, КПСС саясатының ғылыми сыйпатын, тарихи сабақтастығын ашу ке-

*) Журналымыздың 1965 жылғы 2 номерінде жетінші тақырыптың бірінші бөлімі бойынша («Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның КПСС Программасында дамытылуы») материал және әдебиеттер тізімі жарияланды. Бұл номерде жетінші тақырыптың қалған екі бөлімі бойынша материалдар беріліп отыр.

рек. «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында В. И. Ленин Коммунистік партия «ҒЫЛМИ негіздерге сәйкес қимыл жасауға тиіс», оның саясаты «ғылым және аспаннан түспейтін өнер», ол революциялық теорияның берік негізінде, қоғам дамуының заңдарын терең ұғып, түсіну нәтижесінде жасалады (Шығармалар, 31-том, 67-бет).

КПСС сара жолының, оның саясатының ғылыми сыйпаты ең алдымен мынадан көрінеді: ол қоғам дамуының көкейтесті қажеттерін, тарихи процестің барысында жинақталған, СССР-де коммунизм орнатудың барлық объективтік мүмкіншіліктерін есепке алып отырады. Партияның сара жолы коммунизм орнатып жатқан совет халқының міндеттерін, қоғамның экономикалық, саяси және рухани өмірінің барлық саласындағы міндеттерін жинақтап көрсетеді. Партиямыздың Программасында былай делінген:

«Ғылыми коммунизмнің партиясы болып табылатын КПСС дамудың қажетті сатыларын аттап өтуге болмайтынын, дәл сондай-ақ қол жеткен дәрежеде тұрып қалуға, алға басуды тежеуге болмайтынын басшылыққа ала отырып, коммунистік құрылыстың міндеттерін материалдық және рухани алғы шарттардың әзір болуы және пісіп жетілуі дәрежесіне қарай алға қойып, орындап отырады» (КПСС XXII съезінің материалдары. Алматы, 1962 ж. 394-бет).

Коммунизм орнату мақсатын алға қойып, партия жаңа Программда өзінің сара жолы жаңа міндеттерге, СССР-де социализм толық және түпкілікті жеңіске жеткен, социализмнің дүние жүзілік системасы өмір сүріп отырған жаңа жағдайға бейімдеп нақтылай түседі және дамытады. Мұнда партия еліміздің бұдан бұрынғы даму кезеңдерінің жетістіктері мен тәжірибесіне сүйеніп, өзінің саясатында сабақтастықты қамтамасыз етеді. Мысалы, қоғамның өндіргіш күштерін үздіксіз өрге бастыру және осының негізінде халықтың әл-ауқатын көтеру, әлеуметтік және рухани прогресс үшін материалдық алғы шарттар жасау сияқты міндеттерді алайық. Әрине, бұл міндеттер социализм құрылысы тұсында да орындалып отырады. Ал коммунизм құрылысын кең өрістету дәуірінде социализмнің бұдан бұрынғы барлық жеңісіне арқа сүйейтін, партия мен халықтың революциялық-көркейту қызметінің тарихи аумағы барынша ұлғаяды.

КПСС сара жолының күші мен өміршеңдігі — оның бүкіл халықтың ізгі мүдделерін ғылыми тұрғыдан білдіретінінде, оны халықтың толық қолдайтындығында. Партияның сара жолы бұқараның жасампаз қызметі арқылы жүзеге асырылады, ол жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, совет интеллигенциясының нақты істерінен, творчестволық еңбегінен көрініп отырады.

Әрине, бұл мәселені оқып, үйренген кезде насихатшы семинардың, үйірменің құрамын, тыңдаушылардың даярлық дәрежесін есепке алады. Саяси мектептер мен үйірмелерде бұл мәселені насихатшының кіріспе аңгімесінде жатық етіп түсіндірген мақұл.

Партия мен халықтың түпкі мақсаты — коммунизм орнату. Социалист-утопистер өздерінің ілімінде тамаша, әділетті қоғамдық құрылысты арман етсе де, социалистік идеалдарды жүзеге асырудың дұрыс жолын таба білмеген еді, ал марксизм-ленинизм класеиктері қоғам дамуының объективтік заңдарын ашты. Олар қоғам дамуы социализмнің, коммунизмнің жеңісіне сөзсіз апарады деп дәлелдеді. Қоғам дамуының заңдарымен қаруланған маркстік-лениндік ілім жұмысшы табының, миллиондаған бұқараның күш-жігерін біріктіріп, ұлы міндеттерді орындауға бағыттап отырады. Партияның сара жолының, саясатының ғылыми-теориялық негізі — біртұтас, іргелі ілім болып табылатын марксизм-ленинизм.

Біздің партия саясатының ғылыми сыйпаты, оның қоғамдық дамудың объективтік заңдарының талаптарын есепке алып отыратыны жөніндегі мәселені қарастырғанда, насихатшы тыңдаушылардың «Социализм мен коммунизм құрылысының заңдылықтары туралы маркстік-лениндік ілім» деген төртінші тақырыптан алған білімін тағы бір пысықтап шығуы шарт (қараңыз: «Қазақстан коммунисті» № 12, 1964 ж.). Коммунистік құрылыстың программасын белгілей отырып, партия социализмнің коммунизмге бірте-бірте ұласуы — объективтік заңдылық, оны совет қоғамы дамуының бұдан бұрынғы бүкіл барысы әзірледі дегенге сүйенеді.

В. И. Ленин 1917 жылы апрельде «Пролетариаттың революциямыздағы міндеттері» деген кітапшасында былай деп жазды: «Адамзат капитализмнен тікелей тек социализмге ғана, яғни өндіріс құрал-жабдығын ортақ иемденуге, өнімдерді әркімнің жұмысына қарай бөлуге өте алады. Біздің партияның көздегені бұдан әрі жатыр. Социализм бірте-бірте коммунизмге сөзсіз ұласуға тиіс, ал коммунизмнің туына: «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге қажетіне қарай» деп жазылған» (Шығармалар, 24-том, 70-бет). Владимир Ильич коммунизмді «жаппай молшылық пен тұрақты бейбітшілік...» қоғамы ретінде сыйпаттайды (Шығармалар, 27-том, 146-бет).

Мынаны атап айтқан дұрыс: өзінің сара жолын белгілей отырып, КПСС революциялық теорияны жаңа заманға, коммунистік құрылыстың жаңа міндеттеріне сәйкес оған әрі дамытады.

Партияның сара жолына, оның негізгі саясатына жалпы сыйпаттама бергеннен кейін КПСС XX, XXI және XXII съездері белгілеген сара жолдың мазмұны туралы әңгімеге көшкен жөн. Партияның сара жолы коммунизм жолындағы күрестің жалпы бағытын белгілейді, жаңа қоғам құрылысының ішкі және сыртқы жағдайларын есепке алып отырады. Ол партияның түрлі документтерінде, халық шаруашылық жоспарларында (перспективалық және ағымдағы) нақтыланып, дамытылады. Осы тақырыптан әңгіме өткізгенде насихатшы тыңдаушылардың көбінің КПСС Программасымен таныс екенін, коммунизм құрылысының міндеттерінен жалпы түсінігі бар екенін ескереді. Әңгіме үстінде тыңдаушылар үйірме, семинар жетекшісінің көмегімен өз білімін байқап көріп, тереңдете түседі, тақырыптың нақты мәселелеріне талдау жасап үйренеді. Жеке жолдастарға коммунистік құрылыстағы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, жаңа адам тәрбиелеу сияқты бір-бірімен өзара байланысты басты міндеттерді ашып көрсететін қысқаша пікірлер айтуды алдын ала тапсырған пайдалы.

Бұл міндеттердің өзара байланыстылығы неден көрінеді?

Өндіргіш күштерді жан-жақты дамыту, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күрес — партияның бүкіл сара жолының түйіні. Партия Лениннің: коммунизм ең алдымен экономикалық жағынан негізделуге тиіс, коммунизм капитализммен салыстырғанда қоғамдық еңбектің ең жоғары өнімді түрі деген нұсқауларына сүйенеді. Өндіргіш күштердің дамытылуы негізінде социалистік өндірістің қатынастар жетілдіріледі, олар бірте-бірте коммунистік қатынастарға ұласады, жаңа адам қалыптасады. Бір жағынан, коммунистік экономиканы құру адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасы мен санасында өзгерістер жасайды, совет халқының әл-ауқаты мен мәдениетін арттырады, ал мұның өзі бұқараның жоғары еңбек және саяси белсенділігінің, социалистік демократияны өрістетудің, қоғам мүшелерін өндіріс пен мемлекет басқаруға қолма-қол қатыстырудың негізі болып табылады. Екінші жағынан, қоғамдық қатынастардың дамуы, халық бұқарасының коммунистік идеялылығының, мәдени дәрежесінің және творчестволық инициативасының өсуі қоғамның экономикалық жағынан дамуын, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау процесін тездетеді.

Әңгіме қызықты, мазмұнды өтуі үшін насихатшы тыңдаушыларға қандай сұрақты қалай беру керек екенін жақсылап ойластыруы керек. Сабақтарда КПСС-тің социалистік өнеркәсіпті, әсіресе оның прогрестік салаларын оған сайын дамыту, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралары, күрделі қаржыны тиімді пайдалану, тұтыну заттарын өндіруді ұлғайтып, өнімнің сапасын жақсарту, халықтың тұрмыс қажетін мінсіз өтеу сияқты саясатының өте маңызды мәселелеріне баса көңіл бөлген мақұл. Әңгімені сол коллективтің өмірінен алынған мысалдар мен фактілерге құрған жақсы. Басты экономикалық міндеттің іс жүзінде қалай орындалып жатқанын көрсететін диаграммалар мен басқа да көрнекі құралдардың материалды жақсы ұғып алуға жәрдемі тиеді.

Өндіргіш күштерді дамыту, қоғамның материалдық және рухани байлықтарын молайту барысында социалистік қоғамдық қатынастар үздіксіз жетіліп, олар бірте-бірте коммунистік қатынастарға ұласады. Партия саясаты бұл жағдайды есепке алып отырады. КПСС Программасында былай деп жазылған: «Коммунизм тұсында таптар болмайды, қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтар жойылады; өндіргіш күштердің даму дәрежесі мен еңбектің сыйпаты жағынан, өндірістік қатынастардың түрлері, тұрмыс жағдайлары, халықтың әл-ауқат дәрежесі жағынан деревня қаланың дәрежесіне дейін көтеріледі. Коммунизм жеңгенде адамдардың өндірістің қызметінде ой еңбегі мен дене еңбегі біте қайнасып, бірігетін болады. Интеллигенция ерекше әлеуметтік топ болудан қалады, дене еңбегінің қызметкерлері өздерінің мәдени-техникалық дәрежесі жағынан ой еңбегі адамдарының дәрежесіне дейін көтеріледі» (КПСС XXII съезінің материалдары. Алматы 1962 ж. 392-бет).

Насихатшы мен тыңдаушылар осы объективтік құбылыстың дамуын айта келіп, техникалық прогрестің халық шаруашылығының барлық саласындағы, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін өрге бастырудағы маңызын, халыққа білім беру жүйесінің маман кадрлар даярлаудағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудағы ролін көрсетуіне мүмкіншілігі бар. Сондай-ақ социалистік меншіктің екі формасының жақындау процесінің қалай жүріп жатқанын, жұмысшы табының басшылығы арқасында жұмысшы табы мен кол-

хозшы шаруалардың туысқандық одағы қалай нығайып, дамып отырғанын, адамдардың өндірістік қызметінде ой еңбегі мен дене еңбегінің барған сайын ұштасып келе жатқанын қарастырған дұрыс.

Партиямыздың соңғы съездерінде белгіленген оның сара жолы экономикалық, саяси және рухани мүдделердің, туысқандық достық пен ынтымақтың толық бірлігі негізінде социалистік ұлттар бұрынғыдан да жақындаса түседі, толық бірлікке жетеді деп атап көрсетеді. Социалистік ұлттар арасындағы материалдық және рухани байлықтар ауыс-түйісі жедел күшейе береді, коммунизм құрылысының ортақ ісіне советтік республикалардың үлесі жылма-жыл көбейеді. КПСС саясаты осы объективтік құбылысты дамытуға барынша жағдай жасайды.

Материалдық өндірістің табыстарына сүйене отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі совет адамдарының әл-ауқаты мен мәдениетін көтеру шараларын көздеуде. «Барлығы адам үшін, барлығы адам игілігі үшін» деген ұран — біздің партия қызметінің заңы. Атап айтқанда, мұны СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы қабылдаған шешімдер толық дәлелдейді. Еңбекшілердің әл-ауқатын арттыруда коммунистік құрылыс кең өрістеген сайын қоғамдық тұтыну қоры мейлінше маңызды болып келеді. Мемлекет қазірдің өзінде-ақ тегін оқытуға, денсаулық сақтауға, балалар мекемелеріне, халыққа пенсия төлеуге, еңбекшілердің демалысын ұйымдастыруға, тағы басқа шараларға қыруар қаржы жұмсап отыр. Сонымен қатар еңбекшілердің жалақысы өсірілуде. Мұның бәрі — адамдарды өмірлік игіліктермен қамтамасыз етудегі теңсіздік қалдықтарын жоюдың қамы.

Барлық азаматтарды мемлекет басқаруға, шаруашылық пен мәдени құрылыстың басшылық ісіне белсене қатыстыруды көздейтін социалистік демократия кең өрістетіліп, жетілдірілуде. Мемлекеттік аппараттың қызметіне халық бақылауы күшеюде.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы табыстар партияның еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөнінде жүргізіп отырған зор жұмысынан айырғысыз және көбінесе соған байланысты болып келеді. Социализмнен коммунизмге өту процесі адамдардың санасы мен әдет-ғұрпында үлкен өзгерістер жасауды керек етеді. Сондықтан қазіргі заманда еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызы арта түседі.

КПСС Программасында («Партияның идеология, тәрбие, білім беру, ғылым мен мәдениет саласындағы міндеттері» деген бөлімін қараңыз) партияның коммунизмді кең өрістету дәуіріндегі идеологиялық жұмысының негізгі бағыттары тұжырымдалған. Бұл алдымен барлық совет адамының дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға еңбек тәрбиесін беру, коммунистік моральды орнықтыру, пролетарлық интернационализм мен социалистік патриотизмді өрістету, жеке адамды жан-жақты әрі мінсіз жетілдіру, капитализмнің адам санасы мен мінез-құлқындағы сарқыншақтарын жою, буржуазиялық идеологияны әшкерелеу.

Бұқараны тәрбиелеу жөніндегі өзінің бүкіл қызметінде партия жаңа қоғам құрылысында өнеге күшінің, жақсы тәжірибенің зор маңызы бар деген лениндік нұсқауларға сүйенеді. Өмірден алынған нақты фактілер арқылы сабақта совет адамдарының еңбекке саналы, коммунистік көзқарасын көрсетіп, еңбекшілердің творчестволық инициативасының, қоғамдық борышты өтеудің, коммунизм құрылысының моральдық кодексі принциптерін жүзеге асырудың мән-маңызын түсіндіру керек.

КПСС сара жолының мазмұнына талдау жасағанда оның аса маңызды жағы — партияның сыртқы саясатының мәнісіне тоқталған жөн. Бұл мәселені Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты біртұтас екенін баяндаудан бастау қажет. Сыртқы саясат саласында біздің партия өзінің басты міндеті — коммунизм орнатып, дүние жүзілік социализмді дамыту үшін бейбітшілікті қамтамасыз ету, жаңа дүние жүзілік соғысты болдырмау, халықтар арасында бейбітшілікті нығайту деп біледі.

Партия СССР-дегі коммунистік құрылысты өзінің ұлы интернационалдық борышы деп санайды. Дүние жүзілік қоғамдық дамуға, басқа елдердегі азаттық қозғалысқа Совет Одағы өзінің шаруашылық құрылысындағы табыстары, өзінің экономикалық саясаты арқылы мықты әсер етіп отырады.

Өзінің сыртқы саясатында лениндік партия соңғы жылдары қоғам өмірінде болған түбірлі өзгерістерді есепке алады, күштердің дүние жүзілік көлемдегі жаңа арасалмағын есепке алады. Қазіргі заманның басты күші — халықаралық жұмысшы табы және бейбітшілік, демократия, социализм мүдделері үшін қоғам дамуының барысына барған сайын үлкен ықпал жасап отырған оның бел баласы — социализмнің дүние жүзілік системасы. Пролетарлық интернационализм принциптерінен айнымайтын Совет елі өзінің басқа социалистік елдермен арадағы қаты-

настарын туысқандық достық, кең ынтымақ және жолдастық өзара көмен негізінде құрып, бүкіл социалистік ынтымақ елдерінің күш-қуатын нығайтуға қамқорлық жасайды.

Отарлық қанаудан құтылып, дамудың дербес жолына түскен елдер мен халықтар жөнінде КПСС пен Совет үкіметі кең ынтымақ, олардың жаңа өмір құруына туысқандық көмек көрсету саясатын жүргізеді. Совет Одағы өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан халықтарды қызу қолдайды.

Өзінің капиталистік елдермен арадағы қарым-қатынасында Совет Одағы әлеуметтік құрылысы әр түрлі мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру саясатын дәйекті жүргізеді. Біздің еліміз халықаралық шиеленісті бәсеңдету, жаппай және толық қарусыздану, жанталаса қарулануды тоқтатып, соғыс бюджеттерін қысқарту, термоядролық соғысты және ядролық қарудың онан сайын таралуына жол бермеу, соғысты қоғам өмірінен біржола аластап тастау жолында батыл күреседі. СССР-дің, барлық социалистік елдердің бейбітшілдік саясатын дүние жүзінің халықтары қолдап отыр.

Партиямыздың сара жолының құрамды бір бөлегі — марксизм-ленинизм негізінде халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігі мен топтасуы жолындағы күрес. Бұл жөнінде КПСС коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1957 және 1960 жылдары болған Москва кеңестері коллективтік түрде белгілеген программалық документтерді қатаң сақтайды. Осы документтерде белгіленген бағытқа сәйкес қимыл жасап, КПСС оппортунизмнің, ревизионизмнің, догматизмнің және сектанттықтың барлық түріне батып қарсы шығып, маркстік-лениндік ілімнің тазалығын қорғап отыр.

Тақырыптың бірінші бөлімі бойынша өткізілетін теориялық семинарларда рефераттар мен баяндамаларды талқылаған жақсы. Олардың тақырыбы, шамамен айтқанда, былай болады:

1. Совет Одағы Коммунистік партиясы сара жолының мазмұны мен творчестволық сыйпаты.

2. В. И. Ленин партия саясатының ғылыми негіздері туралы.

3. КПСС сара жолы мен саясатының тарихи сабақтастығы.

Партияның сара жолы туралы мәселенің өте күрделі екенін ескеріп, насихатшы семинар, үйірме сабағының кем дегенде жартысын осы мәселені қарастыруға арнағаны жөн.

КПСС БАСШЫЛЫҒЫ — КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫС ЖОСПАРЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ШЕШУШІ ШАРТЫ

Тақырыптың бұл бөлімін қарастырарда мынаны атап көрсеткен жөн: сара жол, ғылыми саясат белгіленгеннен кейін, ендігі міндет — саяси бағытты практикалық жұмыста іске асыру. Коммунистік партияның жетекші және бағыт беруші қызметінің шешуші маңызы міне осында.

Совет елінің коммунизмге қарай тез алға басу үшін мүмкіншілігі жетеді. Оның орасан мол табиғи байлығы, жан-жақты өркендеген өнеркәсібі, ірі социалистік ауыл шаруашылығы бар; бізде ғылым мен техника қарыштап алға кетті; халық бұқарасының творчестволық күш-жігері ұшан-теңіз. Социализмнің басқа елдерімен СССР-дің экономикалық, саяси, мәдени байланысы нығаяда.

КПСС сара жолының мәнісін аша отырып, насихатшы мен тыңдаушылар өздерінің сөздерінде біздің жоспарларымыздың нақты іске асатынын, олардың объективтік қорытындылар мен нақты дәлелдерге толық сүйеніп, ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені есепке ала отырып жасалатынын көрсетуге тиіс. Социализмнің экономикалық заңдарының талаптарын, партия саясатында үнемі есепке алынып отыратын, еліміздің қоғамдық өміріндегі прогресшіл тенденцияларды қысқаша еске түсіре кеткен пайдалы. Мұндағы әңгіме, ең алдымен, халық шаруашылығын жоспарлы, пропорциялы дамыту заңының, еңбек өнімділігін үздіксіз арттырудың, өнімді еңбекке қарай бөлудің талаптары туралы, өндірісті дамытуда материалдық және моральдық шарттарды ұштастыру, қоғамдық өндірісті алға бастыру арқылы совет халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдениетін үнемі арттыра беру туралы болуы керек. Жаңа қоғам орнатудағы осы объективтік заңдылықтар мен талаптарды бұрмалау субъективизмге, авантюризмге, жұмыста ойсыраған олқылыққа сөзсіз әкеп соғады. Біздің партия шаруашылық пен мәдени құрылыста субъективизмге, әкімшілікке, шаблонға қарсы батыл күрес жүргізеді.

Мұндағы міндет — социалистік құрылыстың артықшылығын шебер де толық пайдалану, қоғам мүдделері үшін шаруашылық және мәдени құрылыста шығынды аз

жұмсап, неғұрлым көп нәтижеге жету, халық шаруашылығына және жоспарлауға басшылықты жақсарту, бұқараның творчестволық инициативасы мен іскерлігін арттыру. Партияның басшылығы біздің барлық жеңісіміздің негізі, шешуші шарты. «Партия өзінің бұқараға, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісіне, қоғамның рухани өмірінің дамуына жасайтын басшылығының — дәрежесі коммунизм құрылысы заманының өскелең талаптарына сай келуі үшін өз қызметінің түрлері мен әдістерін үздіксіз жетілдіре береді» (КПСС XXII съезінің материалдары. 453-бет).

Коммунизм құрылысының бүкіл дүние жүзілік-тарихи міндеттерін ойдағыдай орындау үшін субъективтік факторларды объективтік шарттармен дұрыс үйлестіріп, ұштастыру керек. Қоғамда түбірлі өзгерістерді жүзеге асыру үшін объективтік жағдайлар түгел пісіп жетілген кезде субъективтік фактор — совет адамдарының саналы, нысаналы творчестволық қызметі, партияның жетекші және бағыт беруші ролі, мемлекет органдарының ширақ та мінсіз жұмысы, басшылық әдістерін жетілдіру, социалистік демократияны өрістету маңызды бола бастайды.

Партияның саясаты еңбекшілердің көкейтесті мүдделерін білдіреді. Партияның XI съезіне РКП(б) Орталық Комитетінің саяси есебінде В. И. Ленин былай деді: «Біз халықтың санасы жеткен нәрсені дұрыс көрсетіп отырған күнде ғана басқара аламыз. Мұнсыз коммунистік партия пролетариатты соңынан ерте алмайды, ал пролетариат бұқараны соңынан ерте алмайды, сөйтіп бүкіл машина бүлінеді» (Шығармалар, 33-том, 302—303-беттер). Халықтың санасы жеткен нәрсені дұрыс, яғни ғылыми тұрғыдан көрсетіп отыру — міне саяси басшылық өнері ең алдымен осында. Совет адамдарының жоғары идеялылығы олардың өз міндеттерін дұрыс түсіне білуінің, олардың коммунизм құрылысына белсене қатысуының маңызды шарты.

Партиямыздың коммунистік құрылысқа ғылыми негізде басшылық ету жолындағы күресінің жарқын үлгісі — КПСС XX, XXI, XXII съездерінің шешімдері. Партия Сталиннің жеке басына табынуды айыптап, партия өмірінің лениндік нормалары мен партиялық және мемлекеттік басшылықтың принциптерін қалпына келтіру, дамыту жөнінде қыруар жұмыс жүргізді. КПСС Орталық Комитетінің, 1964 жылғы октябрь және ноябрь Пленумдары партияның лениндік бағытын, оның сара жолын жүзеге асырудағы маңызды белес болды.

Жұртқа мәлім, КПСС Программасы коммунизм құрылысында әрбір партия мүшесінің, әрбір совет адамының инициативасы мен белсенділігін кең өрістетуді талап етеді. Партия басшылықтың ескі, күні озған түрлері мен әдістерінің орнына коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңіне сай келетін, жаңа прогресшіл түрлер мен әдістерді мол енгізіп келеді. Догматизм мен тоқыраушылық, ой-пікір мешеулігі оған мүлдем жат. КПСС — жаңашылдар партиясы. Бірақ жаңалықтың табылуы, оның өмірге еніп, орнығуы өз бетімен, стихиялы түрде бола салмайды. Жаңалық қоғам дамуының заңдарын дұрыс түсінуге, бұларды практикалық қызметте саналы түрде, терең ойластырып пайдалануға негізделген күнде ғана шын мәнісінде жаңашыл, революцияшыл болмақ.

Сабақта мынаны түсіндіре кету қажет: енінің бірінде өмірдің өзі шаруашылық және мәдени құрылысқа басшылық ету жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп отыруды талап етеді. Міне сондықтан келешекте де шаруашылыққа, мәдениетке басшылықты қайта ұйымдастыру, қайта құру сияқтылар болуы ғажап емес. Бірақ әрбір мұндай қайта құру барынша дәлелденіп, сарапқа салынуға тиіс, әбден тексеріліп, оның қажеттігі анықталғасын барып, асығып-аптығусыз жүргізілуге тиіс.

Бұл мәселені оқып, үйрену тыңдаушылардың тек коллективтік басшылық қана партияны біржақты шешім қабылдаудан, елеулі қателіктерден сақтайтынын, ал егер ондай қателіктер жіберіле қалса, тез жойып отыратынын ұғуына көмектесуі шарт. Коллективтік басшылықтың лениндік принципін дәйектілікпен кең жүзеге асыру арқасында барлық коммунистік белсенділігі мен іскерлігі артуда, басшылардың партия бұқарасы алдындағы жауапкершілігі күшеюде, партияның еңбекшілермен байланысы нығаяда, сын мен өзара сын өрістеуде, шаруашылық пен мәдени құрылысқа, қоғамдық өмірдің барлық саласына дұрыс та тиімді басшылық қамтамасыз етілуде.

Коммунистік партияның басшылық ролі туралы, оның жаңа қоғам құрылысында субъективизм мен лағушылыққа қарсы күресі туралы мәселені теориялық семинарларда қарастырған кезде, мұны шамамен алғанда мынадай тақырыптар бойынша жасалатын баяндамалар мен рефераттарды талқылау түрінде де жүргізген мақұл:

1. Марксизм-ленинизм коммунистік құрылыстағы объективтік жағдайлар мен субъективтік фактордың өзара байланысы туралы.

3. «Қазақстан коммунисті», № 3.



2. Шаруашылық пен мәдени құрылыста субъективизмнің негізсіздігі мен зияндылығы.

3. Коммунистік құрылысқа ғылыми басшылық етудегі КПСС тәжірибесінің туысқан маркстік-лениндік партиялар үшін маңызы.

Әрине, осы мәселелерді оқып, үйренуге берілген уақыттың ішінде әрбір дайын реферат пен баяндаманы тегіс тыңдап, егжей-тегжейлі талдау мүмкін емес. Сондықтан солардың ішінен ең қызықты, мазмұнды біреуін талдаған жақсы. Қалғандарын, егер мүмкіндік болса, көбейтіп, семинарға қатысушыларға таратып берген жөн.

ПАРТИЯ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ МЫЗҒЫМАС БІРЛІГІ — САРА ЖОЛДЫ ОЙДАҒЫДАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Жетінші тақырып бойынша өткен сабақта партия Программасының КПСС-тің бүкіл совет халқының партиясына айналуы жөніндегі, коммунизм құрылысын кең өрістетудің дәуірінде оның ролі мен маңызы арта түсетіні жөніндегі аса маңызды қағидалары қарастырылып, зерттелген-ді. Бұл сабақта партия мен халықтың бірлігіне, партияның қалың еңбекшілер бұқарасымен байланысын нығайтуға, совет адамдарының партия саясатын, оның сара жолын жүзеге асырудағы белсенді роліне назар аудару шарт. Бұл мәселелердің белгілі дәрежеде жетінші тақырыптың қорытынды сабағында талқыланатынын ескеріп, біз бұларға қысқаша ғана тоқталмақпыз.

Бұл мәселелерді баяндауды мынадан бастау керек: біздің партия өзінің әлеуметтік табиғаты жағынан, халық бұқарасының көңейтесті, өмірлік мүдделерін білдіретін, олардың игілігін көздейтін мақсаттары жағынан, осы мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін саясаты, бұлжымас сара жолы жағынан — нағыз халықтық партия. Ол өз қатарына жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, интеллигенцияның, яғни совет қоғамының барлық топтарының таңдаулы өкілдерін біріктіреді. Марксизм-ленинизм негізінде белгіленген, КПСС-тің сара жолын жүзеге асыруға, коммунистік қоғам орнатуға бүкіл совет халқы мүдделі. Партия мен халықтың мызғымас бірлігінің терең де берік негізі міне осында жатыр.

КПСС-тің саяси басшылығының өзгеше бір сыйпаты — халыққа, оның творчестволық күш-жігеріне шексіз сену, қалың бұқараны коммунистік қоғам құрылысына қатыстыру. Партия ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды мәселелері жөнінде еңбекшілермен үнемі ақылдасып отыруды, бұл мәселелерді олардың талқысына салуды, партияда жоқтарды өз жұмысына кеңінен қатыстыруды өзінің борышы деп санайды. В. И. Ленин Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы айлардың өзінде «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген кітапшаның желісінде коммунистердің есіне мынаны салды: «Халықтың жаңа топтарын қоғамдық құрылысқа қатыстырмайынша..., қалың бұқараның белсенділігін көтермейінше, ешқандай да революциялық қайта құрылыс туралы сөз болуы мүмкін емес» (Шығармалар, 27-том 200-бет).

Партияның жалпы халықтық сыйпатына оның жұмысындағы демократиялық әдістер де сай келеді. Партиялық басшылық әкімшілік жасауға, зорлап көндіруге емес, қайта сенімге, совет халқы авангардының моральдық беделіне, үлгі-өнеге күшіне, партия саясатының және оның басшылығының дұрыстығына халықтың қалың тобының көзі жетуіне негізделген. Партия мен халықтың бірлігі мынадан көрінеді: коммунистер мен партияда жоқтар КПСС сара жолын жүзеге асыруда қоян-қолтық қимыл жасайды, коммунистік құрылыстың міндеттерін бірлесіп шешеді. Өзінің бүкіл қызметінде партия мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға — Советтерге, кәсіподақтарға, комсомолға, еңбекшілердің басқа да бұқаралық бірлестіктеріне арқа сүйейді, олардың қызметін ортақ мақсатқа бағыттап отырады.

1918 жылғы мартта партияның VII съезінде Ленин «саясат миллиондар бар жерде басталады...» деген болатын (Шығармалар, 27-том, 86-бет). Осы қағидаға сүйеніп, насихатшы мен тыңдаушылар бірсыпыра мысал арқылы КПСС саясаты, оның сара жолы өмірмен, совет қоғамының миллиондаған еңбеккерлерінің нысаналы қызметімен тығыз байланысты екенін көрсете алады. Мәселен, бұған СССР Жоғарғы Советінің жақында өткен бесінші сессиясының шешімдерін мысал етуге болады.

Осы мәселелерді талқылау үстінде насихатшы мен тыңдаушылардың өз коллективінің, жергілікті партия ұйымының өмірі мен қызметінен нақты мәліметтер келтіруіне болады.

Тақырыптың осы бөлімін үйренгенде партиямыздың Программасында жазылған мынадай қорытынды келіп шығады. «...Халық — тарихты жасаушы, коммунизм орнату — халықтың, оның күш-жігерінің, оның ақыл-ойының ісі. Коммунизмнің жеңісі адамдарға байланысты, және де коммунизм адамдар үшін орнатылады. Әрбір совет адамы өз еңбегі арқылы коммунизмнің салтанат құруын жақындата түседі» (КПСС

XXII съезінің материалдары, 457-бет). Партия мен халықтың мызғымас бірлігі — коммунизмнің ұлы идеалдарын ойдағыдай жүзеге асырудың шешуші шарты.

Әдебиет жайында бірер сөз. Материалды баяндау барысында біз В. И. Лениннің бірсыпыра шығармасын ұсынған болатынбыз. Бұларды, сөз жоқ, сабақтарға дайындалғанда, әңгіме үстінде, баяндамалар мен рефераттарда пайдалануға болады. Сондай-ақ «В. И. ЛЕНИН. ПАРТИЯ — СОЦИАЛИСТІК МЕМЛЕКЕТ ПЕН КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖЕТЕКШІ КҮШІ» (Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1959 ж.) деген жинақтың пайдасы мол.

Партия мен бүкіл халқымыздың коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, халық шаруашылығының барлық саласын онан әрі өрге бастыру, совет адамдарының тұрмыс дәрежесін көтеру үшін күрестегі міндеттері Л. И. Брежневтің «ҰЛЫ ОКТЯБРЬ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ 47 ЖЫЛДЫҒЫ» деген баяндамасында, А. Н. Косыгиннің «СССР ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ 1965 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ» деген баяндамасында, СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының басқа да документтерінде жан-жақты қарастырылған. Осы материалдардан насихатшылар мен тыңдаушылар экономиканы дамытудағы, халықтың материалдық әл-ауқатын көтерудегі жетістіктер мен кемшіліктерді сыйпаттайтын нақты мәліметтерді, Совет мемлекетінің бейбітшілдік саясатын талдайтын мысалдарды табатыны даусыз. Халықаралық коммунистік қозғалысты топтастыру жолындағы күресте КПСС-тің ролі М. А. Сусловтың КПСС Орталық Комитетінің Пленумында 1964 жылы 14 февральда жасаған баяндамасында айтылған.

КПСС ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ЛЕНИНДІК НОРМАЛАРЫ

Жетінші тақырып бойынша өткізілген сабақтарда мектеп, үйірме мен семинар тыңдаушылары партия туралы лениндік іліммен танысып, коммунизм құрылысын кеңінен өрістету дәуірінде КПСС ролінің арта түсетіні туралы, совет қоғамы дамуының қазіргі кезеңінде партияның сара жолының мәні туралы мәселелерді талқылады. Енді маркстік-лениндік партияның ұйымдық негіздерін, оның ішкі өмірінің нормаларын, КПСС-тің сара жолын, оның саясатын жүзеге асыруға көмектесетін партия басшылығының принциптерін оқып үйренуге тура келеді. Бұл проблемаларды, сол сияқты тақырыпты түгелдей оқып үйрену біздің партияның идеялық және ұйымдық принциптерінің, оның саяси және ұйымдастыру жұмыстарының өзара тығыз байланысты екенін, КПСС Программасы мен Уставының берік біртұтастығын айқын көруге мүмкіндік береді.

Осы тақырыпты оқып үйрену нәтижесінде тыңдаушылар біздің партияның күші, табысқа жетуінің кепілі — оның марксизм-ленинизмге, лениндік ұйымдық принциптерге адалдығында, барлық партия ұйымдарының творчестволық белсенділігі мен іс бастағыштығында, әрбір коммунистің партия ісі үшін жауапкершілігінде екенін айқын білетін болуға тиіс. Сабақ партияның ішкі өмірінің көкейтесті проблемаларын, 1964 жылы октябрьде және ноябрьде болған КПСС Орталық Комитеті Пленумдары шешімдерінің орасан зор маңызын жолдастардың жете түсінуіне көмектесетіндей дәрежеде өткізілуі керек.

Тақырыптың осы тарауы жөніндегі үйірме сабақтарында мынадай негізгі мәселелерді қарастырған жөн:

1. ЛЕНИНДІК ҰЙЫМДЫҚ ПРИНЦИПТЕР — КПСС-ТІҢ ІШКІ ӨМІРІНІҢ БҰЛЖЫМАС НЕГІЗІ.

2. КПСС-ТІҢ, ОНЫҢ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ ӘРБІР МҮШЕСІНІҢ КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ РОЛІНІҢ АРТУЫ.

3. ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЛЕНИНДІК НОРМАЛАР МЕН ПРИНЦИПТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ.

Әдетте әзірлігі неғұрлым күшті жолдастар оқитын теориялық семинарларда жеке хабарларды, баяндамаларды, рефераттарды тыңдаған тиімді. Бұлар үшін мынадай тақырыптарды ұсынуға болады:

а) маркстік-лениндік партияның ұйымдық принциптері;

б) демократиялық централизм — партияның ұйымдық құрылымының жетекші принципі;

в) КПСС Программасы мен Уставында партия тұрмысының лениндік нормаларының творчестволықпен дамытылуы;

г) партия туралы лениндік ілімді ревизионистер мен догматиктердің бұрмалауы және оларға қарсы күресу қажеттігі.

Әлбетте, бұлар үлгі тақырыптар. Бұларды семинарда талқылап, проблемаларды тыңдаушылардың мүдделері мен талап-тілектерін ескере отырып бөліп көрсеткен жөн. Неғұрлым сәтті шыққан рефераттар кейін семинарға қатысушылардың еңбекшілер алдында сөз сөйлеуі үшін негіз бола алады.

ЛЕНИНДІК ҰЙЫМДЫҚ ПРИНЦИПТЕР — КПСС-ТІҢ ІШКІ ӨМІРІНІҢ НЕГІЗІ

Тақырыптың бұл бөлімінде мынадай мәселелерді қарастырған жөн: КПСС Программасы мен Уставының біртұтастығы; демократиялық централизм — партияның ұйымдық құрылымының жетекші принципі; коллективтік басшылықтың, сын мен өзара сынның партияның қызметіндегі маңызы; КПСС-тің ішкі өмірі — еңбекшілердің барлық бұқаралық ұйымдары үшін үлгі-өнеге.

Партия тұрмысының нормалары және партия басшылығының принциптері дегеніміз не, нақты тарихи жағдайларда олар қалай белгіленіп, дамытылды, қалай жетілдірілді, КПСС қызметінде бұл нормалар мен принциптердің маңызы қандай деген мәселелерді түсіндіруге насихатшының кіріспе әңгіме немесе кіріспе сөз арнағаны пайдалы.

Партия тұрмысының нормалары және басшылық принциптері, сайып келгенде, қоғам дамуының объективтік заңдарымен белгіленеді, олар партия туралы маркстік-лениндік ілімнен, партия тұрмысының практикасынан туады. Партия тұрмысының нормалары КПСС-тің ішкі қызметін ретке келтіріп, әрбір коммунистің мінез-құлқын айқындайды. Ал партиялық басшылық принциптерінің әрекет ету өрісі кеңірек болады. Солардың негізінде партия ұйымдарына ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдарға; еңбекшілердің қоғамдық ұйымдарына да басшылық жүзеге асырылады.

Большевизм пайда бола бастаған алғашқы күндердің өзінде, 1899 жылы В. И. Ленин Сибирьде айдауда жүріп, Россияда маркстік партия құру жоспарын ойластыра бастағанды. «Біздің таяудағы міндетіміз» деген мақаласында ол былай деп жазды: «ІСТІ ЖҮРГІЗУДІҢ белгілі ФОРМАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН коллектив болып белгілемейінше, ... партияның әрбір мүшесін бүкіл партия алдында ЖАУАПТЫ етпейінше» партияның дұрыс жұмыс істеуі, оның саясатын жүзеге асыру жолында ойдағыдай күресу мүмкін емес (Шығармалар, 4-том, 226-бет). Партия ісін жүргізудің мұндай формалары мен ережелерін Ленин мен оның шәкірттері партия ұйымдастырыла бастаған алғашқы кезеңнің өзінде-ақ белгілеген болатын; бұл формалар мен ережелер РСДРП-нің II съезі қабылдаған партияның Уставына енді.

КПСС Уставы партияның ұйымдық принциптерін баянды етеді, оның ішкі өмірінің нормалары мен ережелерін, практикалық жұмысының түрлері мен әдістерін белгілейді. Партияның Уставы партияның Программасымен тығыз байланысты және соған негізделеді. КПСС Программасы — партияның басты міндеттерін, таяудағы және түпкі мақсаттарын ғылыми түрде бейнелейтін, тарихи дамудың белгілі кезеңдерінде оның стратегиялық бағытын анықтайтын негізгі документ. Программа партия бірлігінің идеялық негізі болып табылады, ал Устав партия қатарының топтасуы мен беріктігінің ұйымдық негізін қалайды.

Бұл проблемаларды оқып үйренген кезде оларға тарихи тұрғыдан қараудың маңызы зор. Партияның Уставында баянды етілген партия тұрмысының нормалары, партия қызметінің түрлері мен әдістері, партия басшылығының принциптері қатып қалған, өзгермейтін нәрсе емес екенін атап көрсеткен жөн. Олар нақты жағдайларға сәйкес дамып, жаңа мазмұнда байи түседі. Лениндік ұйымдық негіздерді бұлжытпай сақтай отырып, партия сонымен қатар ішкі өмірдің нормаларын, өз жұмысының түрлері мен әдістерін жетілдіре береді.

РКП(б) X съезінің ұйымдық мәселе жөніндегі шешімдерінде атап көрсетілгеніндей, партия «партия ұйымының өте дұрыс, революциялық процестің барлық сатыларына бірдей жарай беретін формасын, сол сияқты оның жұмыс әдістерін іздеуді түбірінен теріс деп табады. Қайта, ұйымның формасы мен жұмыс әдістері түгелінен белгілі бір нақтылы тарихи жағдайдың ерекшеліктеріне қарай және бұл жағдайдан тікелей туатын міндеттерге қарай белгіленеді» (КПСС қарарлары..., 1-бөлім, 550-бет. Қазақ мемлекет баспасы, 1955 жыл).

Тақырыптың осы бөлімін оқып үйренген кезде демократиялық централизмге ерекше назар аударған жөн. Неге? Неге десеңіз, ол маркстік-лениндік партияның ұйымдық құрылымының және оның бүкіл ішкі өмірінің жетекші принципі болып табылады. Бұл принципті дәйектілікпен жүзеге асыру, партия қатарының бірлігі мен топтасуын, жұмыста коллективтілікті, сын мен өзара сынды өрістетуді, партияның бұқарамен байланысын нығайтуды, коммунистердің белсенділігі мен ынта-жіге-

рін арттыруды және партия тұрмысының барлық нормалары мен басшылық принциптерін қатаң сақтауды қамтамасыз етеді.

Демократиялық централизм дегеніміз — партияның қызметінде демократизм мен централизмнің бірігіп, біте қайнасуы. Біздің лениндік партияда партиялық ішкі демократия кең өріс алған. Бұл алдымен мынадан көрінеді: барлық партиялық орган төменнен жоғарыға дейін сайланып қойылады, олар өз ұйымдарына есеп беріп отырады, коммунистер партияның өмірі мен істеріне басшылық етуге белсене қатысып, ынта-жігер көрсетіп отырады. Сонымен қатар партияда барлық коммунистер үшін бірдей қатаң тәртіп орнатылған, партияның съездері, ал олардың аралығында КПСС Орталық Комитеті басшылықтың біртұтас беделді түрі болып табылады, азшылық көпшілікке бағынады, жоғарғы органдардың шешімдерін төменгі органдар сөзсіз орындауға міндетті. КПСС Уставында («Партияның ұйымдық құрылымы. Партиялық ішкі демократия» деген III тарауды қараңыз) демократиялық централизмнің мәні және партия тұрмысының оған негізделген нормалары барынша толық көрсетілген.

Партиялық ішкі демократия коммунистердің партия тұрмысына белсене қатысуына, саясат пен практикалық қызмет мәселелерін талқылауына, шешімдердің орындалуын бақылап отыруына, басшыларды сайлауына, олардың жұмысын біліп, тексеріп отыруына мүмкіндік туғызатын қажетті жағдайлар жасап береді.

Демократиялық централизмнің мәніне, оның маңызына талдау жасау негізінде мынадай қорытынды жасау қажет: бұл принцип Коммунистік партияның табиғатын, сыйпатын, оның өмірі мен қызметінің мақсат-мұратын білдіреді. Шынында да маркстік-лениндік партияға тарих күрделі де жауапты міндеттер жүктелді. Партия жұмысшы табының, барлық еңбекшілердің қоғамды коммунистік негізде революциялық жолмен қайта құру жолындағы күресіне басшылық етуге тиіс. Өзінің бұл ролін партия бір орталықтан басшылық жасалған, жоғары ұйымшылдық болған, саналы тәртіп орнатылған жағдайда ғана ойдағыдай орындай алады. Өйткені коммунизм — саналы тәртіптілігімен, қоғам мүдделеріне адалдығымен нық біріккен ерікті еңбеккерлердің асқан ұйымшыл қоғамы. Нағыз демократизм пікірлес коммунистердің ерікті одағы, коммунизмнің асыл идеалдарын жүзеге асыру жолында күресуші іскер саяси ұйым болып табылатын маркстік-лениндік партияға ғана тән қасиет.

Онан әрі сабақта демократиялық централизмнен туатын коллективтік басшылықтың лениндік принципінің мәнін жан-жақты талдап көрсеткен жөн. В. И. Ленин коллективтілікті партиялық басшылықтың жоғары принципі деп есептеген, өйткені ол партияның кадрлардың, барлық коммунистердің тәжірибесіне, миллиондаған еңбекшінің тәжірибесіне сүйенуіне мүмкіндік береді. Партияның беделді басшыларының, көсемдерінің, тәжірибелі және революциялық күресте саяси жағынан шыңдалған ірі теоретиктерінің зор роль атқаратынын айта келіп, Владимир Ильич сонымен қатар коллективтік басшылық «әрдайым беделдің ең үлкені болатынын» да атап көрсетті (Шығармалар, 11-том, 420-бет). Бүкіл партия алдында асқан бедел мен шексіз сенімге ие бола тұрса да, Лениннің принципті мәселелерді жеке-дара шешуге жол бермей келгені, партияның коллективтік органдарының пікірлерімен әрқашан да санасып отырғаны мәлім.

Коллективтілік туралы мәселені талқылаған кезде әрбір адамның тапсырылған іске жауапкершілігін баса көрсету қажет. Ленин адамдарды тексеріп отыру керек, шешімдердің нақты орындалуын тексеру керек деп үйретті. Ол қызметкерлерден іскер, нысаналы болуды, инициативалы және дербес болуды, уәдесінде тұруды, оны нақты істерімен баянды ете білуді талап етті. Адамның «сөзі ісінен алшақ кетсе, — деп жазды Владимир Ильич, — бұл мүлде жаман-ақ. Мұның өзі екіжүзділікке апарып соғады» (Сонда, 224-бет).

Партиялық ішкі демократия, басшылықтың коллективтілігі негізінде партия жолдастық сын мен өзара сынды үздіксіз өрістетіп отырады. Бұл — партия жұмысының сыннан өткен әдісі, қателіктер мен кемшіліктерді ашудың және түзетудің, кадрларды дұрыс тәрбиелеудің маңызды құралы. В. И. Ленин өзінің 1922 жылғы февральда жазған «Публицистің заметкаларында» мынаны атап көрсетті: «Өз қателерімізді мойындаудан қорықпауымыз керек, оларды түзету жөнінде сан рет, қайталап еңбек етуден қорықпауымыз керек — міне сонда біз шыңның басында боламыз» (Шығармалар, 33-том, 206-бет).

Бұл мәселені талқылағанда тыңдаушылардың — коммунистердің де, партияда жоқтардың да — шаруашылық, совет, партия органдарының, бастауыш ұйымдардың, жеке коммунистердің атына өздерінің ұсыныстарын, ескертпелерін айтуына мүмкіндік беру керек. Өйткені партия жұмысында кемшіліктер әлі аз емес. Кейбір партия комитеттерінің пленумдары, партия жиналыстары қалай болса солай, үстірт, даң-

ғойлық және даурықпалы жағдайда өтеді. Кейбір коммунистер өз міндеттерін орындамайды, селкостық, енжарлық көрсетеді. Дәрекілік, менмендік көрсететін, әділ сынды елемейтін, тіпті оған қысым жасайтын шалағай басшылар да бар: мұндайлар әсіресе шаруашылық басшыларының арасында көбірек кездеседі. Біздің партия моральдық жағынан ықпал жасаудың барлық құралдарын, сын мен өзара сынды пайдалана отырып, мұндай көріністерге қарсы батыл күрес жүргізеді.

Лениннің өсиеттерін орындай отырып, КПСС өзінің Уставына аса маңызды партиялық норманы енгізді; бұл норма бойынша коммунист сын мен өзара сынды өрістетуге, кемшіліктерді батыл ашып, оларды қалай да жоюға міндетті, даңғойлыққа, дандайсушылыққа, тоқмейілділікке, жерлестікке қарсы күрес жүргізуге, сынға қысым жасау әрекеттерінің бәріне батыл тойтарыс беруге, партия мен мемлекетке нұқсан келтіретін қандай да болса әрекеттерге қарсы шығуға және ол жөнінде партия органдарына, тіпті КПСС Орталық Комитетіне дейін хабарлауға міндетті.

Партия тұрмысының лениндік нормаларының және басшылық принциптерінің мәнін аша отырып, насихатшы бұлардың коллективтілікті бұзуға, жұмыстың кеңсешілдік-бюрократтық әдістеріне, озбырлыққа, өкімет билігін қиянатпен пайдалануға апарып соқтыратын жеке адамға табыну әрекеттерімен мүлде сыйыспайтынын көрсетуге тиіс. Сталиннің жеке басына табыну кезеңінде демократиялық централизм принципінің бұрмаланғаны, оның демократиялық жағы көп ретте екінші кезекке ысырылып тасталғаны жұртқа мәлім. Тап жауларына және оның сыбайластарына қарсы нескілескен күрес жағдайларында, ал кейін неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыстың салдарынан партиялық ішкі демократияға жасалған кейбір тежеулер партия тұрмысының нормаларына айналдырылды. Жеке адамға табыну кезінде партияның съездері көп жыл бойы шақырылмады, Орталық Комитеттің Пленумдары мезгілінде өткізіліп тұрмады, маңызды мәселелер жөнінен біржақты шешімдер қабылданып отырды.

КПСС XX съезі Сталиннің жеке басына табынуды және оның зардаптарын марксизм-ленинизмге мүлде жат нәрсе деп батыл айыптады. Съезд партия тұрмысының лениндік нормалары мен басшылық принциптерін қалпына келтіріп, творчестволықпен дамытудың жолын көрсетіп берді. Бұл нормалар мен принциптер партияның XXII съезінде қабылданған КПСС Программасы мен Уставында баянды етіліп, ілгері дамытылды.

Әңгіме үстінде тыңдаушылар партия өзінің XXII съезінде партия құрылысының лениндік нормалары мен принциптерін дамытуға қандай жаңалықтар енгізгенін нақты көрсетіп беруге тиіс.

Басшылықтың коллективтік принципін дәйектілікпен жүзеге асыру, партия органдарына жаңа, тың күштердің неғұрлым көптеп келіп қосылуын қамтамасыз ету үшін, өкімет билігінің жеке қызметкерлер қолына шамадан тыс жинақталуына және олардың коллектив бақылауынан шығып кету мүмкіндігіне жол бермеу үшін КПСС Программасында («Партия коммунистік құрылысты кең өрістетуді дәуірінде» деген VII бөлімді қараңыз) мынадай маңызды шаралар белгіленді:

— партияның сайланып қойылатын барлық органдарының құрамын белгілі бір пропорцияда үнемі жаңартып отыру, сөйтіп басшылық ісінде сабақтастық болуын қамтамасыз ету;

— партия ұйымдарында, оның ішінде ерекше жағдайларда (армия, флот) жұмыс істейтін партия ұйымдарында да, төменнен жоғарыға дейін сайлап қою және есеп беріп отыру принципін кең қолдану;

— партия жиналыстарының, конференцияларының, съездерінің, партия комитеттері пленумдарының және басқа коллективтік органдардың ролін көтеру;

— ақы төленетін партия аппаратын үнемі ықшамдап отыру және партия жұмысында қоғамдық негіздегі бастаманы неғұрлым кең өрістету;

— сын мен өзара сынды барынша өрістету.

Коммунизм орнатып жатқан совет халқының авангарды болғандықтан партия өз қызметінің неғұрлым жетілген және икемді түрлері мен әдістерін белгілеуде еңбекшілердің барлық ұйымдарының алдында келеді. Партия өзінің бұқараға қоғамдық ұйымдарға басшылығын коммунизм құрылысы дәуірінің өскелең талаптарына сай келетіндей дәрежеде ұйымдастыруды көздейді. Еңбекшілердің ең алдыңғы қатарлы және саналы өкілдері болып табылатын коммунистер партияның саясатын жүзеге асыруда тәртіптіліктің, қажырлылықтың, инициатива мен белсенділіктің үлгісін көрсетіп келеді. Лениндік нормалар мен принциптерді жүзеге асырушы КПСС-тің ішкі өмірі болашақта өзін-өзі басқаратын коммунистік органдардың бейнесі болып табы-

лады; ол кезде қоғам мүшелерінің бәрі жоғары саналы, қоғамдық істерді өздері шебер басқара алатындай дәрежеге көтеріледі.

Орталық Комитеттің 1964 жылғы октябрьде болып өткен Пленумы КПСС XX съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы маңызды белес болды. Пленумның бүкіл жұмысы лениндік коллективтік басшылық, партия тұрмысының лениндік нормаларына адалдық рухында, толық ауыз бірлік жағдайында өтті.

«Өнеркәсіптік және селолық облыстық, өлкелік партия ұйымдарын біріктіру туралы» қаулы қабылдаған КПСС Орталық Комитетінің ноябрь (1964 ж.) Пленумы лениндік ұйымдық принциптерді түгелдей және толық басшылыққа алды («Правданың» 1964 жылғы 17 ноябрьдегі редакциялық мақаласын қараңыз. Мақала «Социалистік Қазақстанда» аударылып басылған). КПСС Орталық Комитетінің Пленумы өзінің қаулысында былай деп жазды:

«Партияның және оның жергілікті органдарының коммунистік құрылыстағы басшылық ролін күшейту, әрбір облыстық, өлкенің, республиканың шаруашылығы мен мәдениетін өркендету міндеттерін неғұрлым ойдағыдай шешу мақсатымен партия ұйымдарын және олардың басшы органдарын партияның XXII съезі қабылдаған КПСС Уставының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын территориялық-өндірістік белгі бойынша құру принципіне қайта оралу қажет деп саналсын».

Сабақ үстінде партияның құрылымындағы территориялық-өндірістік белгі дегеніміз не, ол қалай жүзеге асырылады деген сұрақтар тууы мүмкін. Бұл мәселелерді біліп алып, тыңдаушыларға дұрыс түсіндіру үшін насихатшы КПСС Уставының III бөлімін, «Правданың» 1964 жылғы 18 ноябрьдегі «Лениндік ұйымдық принциптерге адалдық» («Социалистік Қазақстанның» 19 ноябрьдегі санында аударылып басылған), «Коммунист» журналының 1964 жылғы 16 номеріндегі «Партияның жетекшілік ролі мен жауынгерлік қабілеті арттырылсын» деп аталатын редакциялық мақалаларын оқуға тиіс.

Бұл мәселелерді талқылаған кезде одақтас республикалар компартиялары Орталық Комитеттері, облыстық және өлкелік партия комитеттері пленумдарының КПСС Орталық Комитеті ноябрь Пленумының қорытындысына арналған баспасөздегі материалдарын пайдалану керек.

КПСС-ТІҢ, ОНЫҢ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ ӘРБІР МҮШЕСІНІҢ КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ РОЛІНІҢ АРТУЫ

Партия тұрмысының лениндік нормалары мен принциптері, оларды іс жүзінде дәйектілікпен қолданып отырған күнде, барлық партия ұйымдарының дұрыс жұмыс істеуін, олардың КПСС Программасы мен Уставына, партия біртұтас мәселе ретінде шешетін міндеттерге сай бірлесіп, нәтижелі қимыл жасауын қамтамасыз етеді.

Коммунизм құрылысын кеңінен өрістету жағдайында Коммунистік партияның совет қоғамының басқарушы және бағыт беруші күші ретіндегі ролі онан әрі артады, барлық партия ұйымдарының өлдің шаруашылық және мәдени өміріндегі, партиялық ішкі демократияны өрістетудегі ролі көтеріледі. Коммунистік құрылыстың барлық учаскелерінде партия мүшелерінің жауапкершілігі үздіксіз күшейе береді. Бұл біздің қоғамның коммунизм жолымен дамуынан туатын тарихи заңдылық. Қазір партия мен оның барлық ұйымдары баса көңіл бөліп отырған мәселелер — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, жаңа адамды тәрбиелеу жолында күрес жүргізу. Осы ұлы міндеттерді ойдағыдай орындау үшін партия мен оның барлық ұйымдары саяси, идеологиялық және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін көтеруге, өз қызметінің түрлері мен әдістерін жетілдіре түсуге тиіс. Бұл жөнінде жетінші тақырып бойынша өткізілген сабақтарда айтылған.

Біздің партия — өзіндік ерекшелігі, өзіне тән белгілі сыйпаты бар болаттай берік ұйым. КПСС көптеген ұйымдардан — бастауыш, аудандық, қалалық, округтік, өлкелік, облыстық ұйымдардан, одақтас республикалардың компартияларынан құралады; бұлардың бәрі қоса алғанда біртұтас, тас-түйін берік лениндік партияның тұлғасы болып табылады. Оның жергілікті жердегі — кәсіпорындағы, колхоздағы, қаладағы, поселкедегі және басқа жерлердегі әрбір ұйымы партияның саясатын, оның шешімдерін іске асырып отырады. Барлық партия ұйымдары және олардың төменнен жоғарыға дейін сайланып қойылатын органдары өздерінің жұмыстарында партия тұрмысының лениндік нормалары мен принциптерін басшылыққа алады.

Партияның негізі, — оның Уставында айтылғанындай, — бастауыш ұйымдар. Сондықтан бұл арада біз осы ұйымдарда лениндік нормалар қалай жүзеге асырылып

отыр деген мәселеге толығырақ тоқталамыз. Бастауыш ұйымдар коммунистер жұмыс істейтін жерлерде — заводтар мен фабрикаларда, құрылыстар мен транспорт кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда, мекемелер мен оқу орындарында, Совет Армиясының бөлімдерінде, тағы басқаларында — кемінде партияның үш мүшесі болған жағдайда құрылады. Бастауыш партия ұйымдары сондай-ақ территориялық белгі бойынша — селоларда және үй басқармаларының жанынан да ұйымдас-тырылады.

Социалистік құрылыс жылдарында, әсіресе соңғы уақытта бастауыш партия ұйымдары едәуір нығайды, өздерінің жауынгерлік қабілетін арттырды, сан жағынан өсті. Мәліметтер келтірейік.

Қазіргі уақытта КПСС-те 310 мың, оның ішінде өнеркәсіпте, құрылыс пен транспортта 77 мыңнан астам, совхоздарда 11 300, колхоздарда 39 мыңға жуық бастауыш ұйым бар. Анығында бастауыш партия ұйымдары материалдық бағалы заттар мен рухани байлықтар жасалатын жерлердің бәрінде бар.

Бастауыш партия ұйымы жұмысты тікелей еңбекшілер арасында жүргізеді, оларды Коммунистік партияның төңірегіне топтастырады, бұқараны партияның саясатын жүзеге асыруға, коммунизм орнату жолындағы күреске жұмылдырады. Бастауыш ұйым — коммунисті партияның ісі жолында аянбай күресетін белсенді, идеялы, саналы жауынгер ретінде қалыптастыратын негізгі буын (бұл мәселе жөнінде КПСС Уставының VI бөлімінде толығырақ айтылған).

Бастауыш ұйым өндіріс мәселелеріне басты назар аударады. Бұл заңды да, өйткені экономика — партия жұмысының негізгі саласы. Партия ұйымдары мемлекеттік жоспарлардың, еңбекшілердің қабылдаған міндеттемелерінің орындалуы жолындағы социалистік жарысқа басшылық етеді, бұқараны кәсіпорындар мен колхоздардың ішкі резервтерін ашып, тиімді пайдалануға, ғылым мен техниканың жетістіктерін, өзат тәжірибені өндіріске кеңінен енгізуге жұмылдырады. Олар еңбек тәртібін нығайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімдердің сапасын жақсартуға, қоғам байлығын сақтап, молайта беруге қамқорлық жасап отыруға тиіс. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін өндірістік және сауда кәсіпорындары, совхоздар мен колхоздар, жобалау ұйымдары, конструкторлық бюролар, өндіріспен байланысты ғылыми институттар партия ұйымдарының әкімшілік басқарманың қызметін бақылап отыруға правосы бар.

Шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық учаскелерінде партия басшылығын күшейтуге (қазіргі жағдайда мұның маңызы ерекше), қоғам өмірінің шешуші саласы — материалдық өндірісті дамыту үшін партия ұйымдарының ықпалын арттыруға халық шаруашылығында істейтін коммунистерді дұрыс орналастыру да көмектеседі.

Халық шаруашылығында істейтін мамандардың жалпы санындағы коммунистердің үлесі жыл сайын артып отыр. Біздің партия құрамының шамамен үштен бірінің жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімі бар.

Осы келтірілген мәліметтерден мынадай қорытынды шығаруға болады. Біріншіден, коммунистердің негізгі көпшілігі — жұмысшылар мен колхозшылар, шаруашылықтың барлық саласының мамандары. Жеке басының еңбектегі үлгісімен олар бұқараны коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күреске жұмылдырады. Екіншіден, біздің елде коммунистердің ықпалы, партия ұйымдарының жетекшілік ролі көрінбейтін бірде-бір шаруашылық, ғылым мен мәдениет, халыққа қызмет көрсету саласы жоқ. Үшіншіден, коммунистер өздерінің саяси шыңдалуы, ұйымшылдығы, білім дәрежесі, кәсіптік мамандығы жөнінен халықтың алдыңғы қатарлы бөлігі болып табылады.

КПСС бастауыш ұйымдарының маңызы мынада: олар коммунистерді жаппай тәрбиелеу мектебі болып табылады. Бұған ең алдымен миллиондаған коммунистер мен партияда жоқтар маркстік-лениндік теорияны коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланыстыра отырып оқып үйренетін саяси оқу жүйесі көмектесуде. Партиялық коллективте коммунист партия ісіне шын берілген, идеялық сенімі нәміл, коммунистік моральға берін адам рухында тәрбиеленеді. Бұл жерде КПСС Уставының нақ бастауыш ұйымдарға арналған бөлімінде коммунизм құрылысының моральдық кодексі көрсетілгенін ескерте кеткен мақұл. Оны қатаң сақтау партия тұрмысының аса маңызды нормасына айналып отыр.

Партия жиналыстарында коммунистер КПСС-тің саясаты мен практикалық қызметінің аса маңызды проблемаларын, өз коллективінің жұмысын талқылайды, партия органдарының есебін тыңдайды, бюролар мен комитеттердің жаңа құрамын сайлайды, партияға адам алу мәселесін шешеді, адамдардың жеке басына байланысты мәселелерді тағы басқаларын талқылайды. Әлбетте, партиялық ішкі демократия дегеніміз мәселелерді коллектив болып талқылау ғана емес. Ең бастысы — партияның саяса-

ты мен шешімдерін, оның сара жолын жүзеге асыру жөнінде бұқара арасында бірлесіп, қол ұстаса жұмыс істеу.

Партия ұйымдары коммунистерді кемшіліктерге төзбейтін, өздерін партияның тұлғасы деп білетін, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарайтын адамдар етіп тәрбиелейді. Партия органдарының құрамын үздіксіз жаңартып отыру партия мүшелерінің негізгі бөлегінің басшылық жұмысынан тәжірибе алып, дағдылануына мүмкіндік береді. Бұл жөнінен 750 мыңнан астам адамның тек бастауыш және цех партия ұйымдарының секретарьлары, партия топтарының жетекшілері болып сайланғанын еске түсірсек те жеткілікті. Екі миллионнан астам коммунист партия бюролары мен комитеттерінің құрамына енген. Жүздеген мың коммунист қоғамдық негізде насихатшы, үгітші, лектор болып істейді, бастауыш партия ұйымдарының, аудандық және қалалық партия комитеттерінің жанынан құрылған комиссиялардың жұмысына, партиялық-мемлекеттік бақылауға көментесу тобының жұмысына қатысады.

КПСС Орталық Комитеті октябрь және ноябрь (1964 ж.) Пленумдарының шешімдері коммунистердің белсенділігін онан әрі арттыру, коммунистік құрылыстың барлық учаскесінде партиялық басшылықты жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашып берді.

Осыған байланысты мектеп, үйірме мен семинар сабағында Киров заводының құрастырушы-слесары, Социалистік Еңбек Ері коммунист Н. Говорушиннің хатын талқылаған пайдалы. «Правда» газетінің 1964 жылғы 16 ноябрьдегі санында жарияланған өзінің хатын ол «Жеке адамның жауапкершілігі» деп атаған. Хат әрбір коммунистің жалпы іске жауапкершілігін арттыру, партияның және оның ұйымдарының басшылық ролін онан әрі күшейту туралы шынайы қамқорлыққа толы.

«Коммунист, — деп жазды Н. Говорушин, — еңбекті сүйе білу, жұмыста творчество көрсету жөнінен үлгілі болуға, мінез-құлық тазалығы жөнінен өнегелі болуға тиіс. Бірақ өзіңнің ғана өнегелі болуың жеткіліксіз. Біздің сыбағамыз — станокта өзіңмен қатар тұрған адамды, бір көшеде өзіңмен бірге тұратын адамды соңыңнан ерте білу, партияда жоқ адамдарды иландырып, сендіре білу. Нағыз коммунист — белсенді, принципшіл, табанды күрескер. Жаңалықтың, озат тәжірибенің, адалдықтың жаршысы. Кемшілік біткеннің бәріне, партия тұрмысының лениндік нормаларының бузылуына төзбейтін адам. Партияның саясатын қолдаумен ғана тыну жеткіліксіз, оны терең түсіну керек, оны өзіңнің төл ісің ретінде жүзеге асыру үшін күресу керек. Иә, дүниеде коммунист болудан артық ұлы абырой жоқ: әрқашан жауынгерлік саптасың, әрқашан күзеттесің! Халық: «Тамшыдан — дария» дейді. Халық біздің әрқайсымызға қарап партияға баға береді. Ал мұның өзі бізге көптеген міндет жүктейді...»

Хаттың авторы Киров заводы коммунистерінің Ленин партиясының туын жоғары ұстап келе жатқанын, іске творчестволықпен қарайтынын, жаңашылдық рухында, жалпы жұрттың игілігі үшін қамқорлық жасау жолында күресетінін дәлелдейтін бірқатар нанымды мысалдар келтіреді. Сонымен қатар бұл хатта: тіпті осы айбынды коллективтің өзінде де өндіріс пен тұрмыста лайықсыз мінездер көрсетіп жүрген, енжарлық жасап, партиялық тапсырмаларды орындамай жүрген адамдар әлі де бар екені айтылған. Мұнда «үндеместер» де аз емес; жиналыста немесе партбюроның мәжілісінде мұндай адамдар үндемей бұғып отырады яки барлық мәселе жөнінен секретарьдың аузына қарап, басын изей береді. Бұл партия тұрмысының лениндік нормаларына жанаспайды.

Біздің өмірімізде, дейді хаттың авторы, партия мүшелерінің инициативасын тежейтін әдеттер де бар. Біздің жиналыстарымызда өндірістік мәселелердің көбірек талқыланатыны неліктен? Айталық, коммунистің бейнесі, оның принципшілдігі, іске творчестволықпен қарауы, оның саяси және мәдени жағынан воуі туралы мәселе неге аз талқыланады? Қаладағы тұрғын үй құрылысы, сауда, халыққа мәдени қызмет көрсету мәселелерін қозғауға неге болмайды? Бұл мәселе адамдарды толғандырмай ма екен? Әрине, толғандырады.

Үйірме, семинар тыңдаушыларын осы хатпен таныстырғаннан кейін мұнда көтерілген мәселелер жөнінде пікір алысқан абзал. Тыңдаушылар мынадай сұрақтарға жауап беруге тиіс. Біздің коллективтің коммунистері партия тұрмысының лениндік нормаларын қалай орындайды, өндірісте және оқуда, қоғам жұмысында, тұрмыста өздерінің авангардтық ролін қалай жүзеге асырады? Біздің партия және комсомол ұйымдарымыз коммунистер мен комсомолецтердің творчестволық белсенділігін арттыруға қалай көментеседі, идеялық жағынан сенімді күрескерлерді, бұқараны шебер ұйымдастырушыларды, коммунизмнің саналы құрылысшыларын қалай тәрбиелейді? Бізде партия жиналыстары әруақытта белсенділігімен өте ме? Партия бюросы, партком жиналыстарында коллективтік принцип қалай жүзеге асырылып отыр?

Тақырыптың біз сөз етіп отырған тарауын оқып үйрену жергілікті фактілерді,

бастауыш партия ұйымының жұмысынан алынған материалдарды кеңінен пайдалануды керек етеді. Бұл арада тыңдаушыларға тапсырма берген тиімді.

Бірде партия тұрмысының белгілі бір мәселелеріне, басқа қоғамдық ұйымдардың қызметіне байланысты материалдар жинап, оларға талдау жасау, қорытынды шығару, мұны сабақ үстінде баяндау жөнінде тапсырма беруге болады. Екінші бір тапсырмалар тыңдаушылардың көбінесе ұйымдастыру жұмысын жүргізуін керек етеді.

Осы тақырыпты оқып үйрену үстінде насихатшы тыңдаушыларға мынадай практикалық тапсырмалар беруге тиіс. Олардың кейбіреулерін атап өтейік.

Коммунистердің өндірісте және қоғам өмірінде өздерінің авангардтық ролін қалай атқаратыны, нәсіподақ, комсомол ұйымдарының жұмысында қоғамдық негіздегі бастаманың қалай өрістеп отырғаны жөнінде материалдар жинап, оларға талдау жасау; партия топтарында коммунистің партия ісі үшін жауапкерлігі туралы әңгімелер өткізу.

ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЛЕНИНДІК НОРМАЛАР МЕН ПРИНЦИПТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Бұл тарауды талқылаған кезде насихатшы оқу жоспарында арнаулы он екінші тақырып белгіленгенін ескеруге тиіс; бұл тақырып қазіргі замандағы коммунистік қозғалыстың дамуы туралы, барлық елдердегі коммунистерді топтастыру және олардың бірлігі жолындағы күресте КПСС-тің ролі туралы мәселелерді неғұрлым толығырақ оқып үйренуге мүмкіндік береді. Сондықтан да сабақта шамамен мынадай мәселелерге қысқаша тоқталып өткен жөн: партия тұрмысының лениндік нормалары және партиялық басшылық принциптерінің халықаралық маңызы; біздің партияның пролетарлық интернационализмнің ұлы туына адалдығы; КПСС-тің басқа да маркстік-лениндік партиялармен қарым-қатынасының негізгі принциптері және байланыс формалары.

Ең алдымен мына жағдайды түсіндірудің маңызы зор: демократиялық централизм принциптеріне негізделген партия тұрмысының лениндік нормалары, барлық елдердің коммунистерінің құптауы бойынша, барлық маркстік-лениндік партиялар қызметінің мызғымас заңы болып табылады. Бұл жөнінде мынадай факті келтіруге болады. Владимир Ильич 1920 жылы дүние жүзілік коммунистік қозғалысты оппортунистік, тұрақсыз элементтерден қорғап қалуға тырысып, «Коммунистік Интернационалға алу шарттарын» жазды. Бұл документте (онымен үйірмелер мен семинарлардың тыңдаушылары жете танысуға тиіс) партияны барлық коммунистік партиялардың тұрмысы мен қызметінің бұлжымас негізі болып табылатын демократиялық централизм принципі бойынша құру сияқты аса маңызды талаптардың бірі енгізілген (қараңыз: Ш ы ғ а р м а л а р, 31-том, 207-бет).

Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, демократизм мен централизмнің партияның ұйымдық құрылымында біте қайнасуы жұмыста оған ерекше икемділік қасиет береді, партия қатарының бірлігі мен топтасуын, коммунистердің белсенділігі мен творчестволық инициативасын қамтамасыз етеді. Сондықтан да осы негізгі лениндік принципке түрлі түсті оппортунистердің өршелене шабуыл жасағаны және жасап та отырғаны кездейсоқ емес.

Ревизионистер, реформистер партиядағы централизмді жоққа шығарып, партиялық тәртіпті мойындағысы келмейді, жікке және топқа бөлінуді, идеялық және ұйымдық тұрақсыздықты жақтайды. Ревизионистер, шынтуайтқа келгенде, айбынды, бір орталықтан басқарылатын партияны ұйым ретінде жоюға тырысады, оның ролін төмендетеді. Мысалы, американ ревизионистері Америка Құрама Штаттарының компартиясын «саяси қимыл ассоциациясы» дейтін партиядан тыс ұйымға айналдыруға тырысып бақты.

Солшыл оппортунистер, догматиктер мен сектанттар централизмнің маңызын асыра дәріптеп, партияның өмірі мен қызметінің демократиялық негіздерін бұзады, оларды әкімгершілікпен ауыстырады, партия бұқарасының инициативасы мен іскерлігіне бөгет жасайды. Мұның өзі маркстік-лениндік партияның табиғатына жат жеке адамға табынуға апарып соқтырады.

Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1960 жылғы Москва кезесінің Мазмұндамасында былай делінген: партия тұрмысының лениндік нормаларын мүлтіксіз орындау дегеннің мәнісі мынада: партияның бірлігін көздің қарашығындай қорғау, партиялық демократия мен коллективтік басшылық принциптерін қатаң сақтау, партияның басшы органдарының партия мүшелерімен және еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысын нығайтуға тынбай қамқорлық жасау, жеке адамға табынуға жол бермеу, коммунистердің белсенділігін барынша арттыру, сын мен өзара

сынды жаппай өрістету (Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің Москвада (1957 және 1960 ж.) және Бухаресте (1960 ж.) болған Кеңестерінің документтері. 82-бет. Қазақ мемлекет баспасы, 1961 жыл).

Маркс пен Лениннің өсиеттеріне, дүние жүзілік революциялық қозғалыстың дәстүрлеріне сай 1957 және 1960 жылғы Москва кеңестері туысқан партиялар арасындағы өзара ынтымақтың негізгі принциптерін айқын тұжырымдап, баянды етті. Бұл негізгі принциптер мыналар: марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм негізіндегі идеялық бірлік және ұйымдық дербестік, өз елдеріне қатысты проблемаларды шешуде тәуелсіздік; коммунистік қозғалыстағы барлық ұлттық отрядтардың бірін бірі қолдауы және интернационалдық тілектестігі, маркстік-лениндік партиялардың жалпы мақсаттар үшін күресте өз күштерін үйлестіруі және коммунистер қызмет етіп отырған істің тағдыры үшін бәрі бірдей жауап беретіні.

«Жұмысшы табының ісі жолындағы күрестің мүдделері, — деп жазылған 1960 жылғы Мәлімдемеде, — әрбір коммунистік партияның қатарын және барлық елдердегі коммунистердің ұлы армиясының қатарын барған сайын топтастыра беруді, олардың еркі мен қимыл бірлігін талап етеді. Халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін үнемі нығайта беруге қамқорлық жасау — әрбір маркстік-лениндік партияның ең қасиетті, интернационалдық борышы» (С о н д а, 84-бет).

Мәлімдемеде коммунистік және жұмысшы партияларының бәрі мынаған міндеттенді: империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күрестің жалпы міндеттері туралы халықаралық Кеңестерде бірлесіп берілген бағалар мен қорытындылардан айнымау; коммунистік қозғалыстың бірлігін батыл қорғау және бұл бірлікті бұзатын әрекеттердің бәріне жол бермеу. КПСС, туысқан маркстік-лениндік партиялар бұл принциптерді дәйектілікпен басшылыққа алып келеді. Ленин барлық елдің коммунистері халықаралық пролетарлық тәртіпті ерінті және саналы түрде сақтауға тиіс деген болатын. 1920 жылы августа «Австрия коммунистеріне хатында» ол былай деп көрсетті: «Жұмысшылардың өз бостандығы жолындағы күресінің ұлы мәселелерін біз революцияшыл пролетариаттың халықаралық тәртібіне бағына отырып, түрлі елдердегі жұмысшылардың тәжірибесін ескере отырып, солардың білімімен, солардың еркімен есептесе отырып... шешетінімізді біз мақтан етеміз» (Ш ы ғ а р м а л а р, 31-том, 270-бет).

Сонымен қатар мынаны атап көрсету керек: біздің лениндік партия — интернационалдық ұлы күш, ол өзінің халықаралық борышына әрқашан да адал. Бұл жөнінде КПСС Уставында былай делінген:

«Совет Одағының Коммунистік партиясы — халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының біртұтас құрамды бөлегі. Партия пролетарлық интернационализмнің сыннан өткен маркстік-лениндік принциптерін берік ұстайды, бүкіл халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігін, барлық елдердегі коммунистердің ұлы армиясымен туысқандық байланыстарды нығайтуға белсене көмектеседі» (С о в е т О д а ғ ы К о м м у н и с т і к п а р т и я с ы н ы ң У с т а в ы, 4-бет. Қазақ мемлекет баспасы).

Лениндік партия пролетарлық интернационализм туын жоғары ұстап келеді. КПСС-тің, бүкіл совет халқының интернационализмі үлкен, нақты істерден көрінеді. Совет елі коммунизм құрылысында өзінің қол жеткен табыстарымен дүние жүзілік революциялық процеске орасан зор ықпал етуде. Ол дүние жүзілік социализмді империалистердің қаскүнемдігінен қорғауда, адамзатқа термоядролық соғыс хауіпін төндіріп отырған агрессорларды ауыздықтауда, дамып келе жатқан елдерді, бостандық және әлеуметтік прогресс жолында күресуші барлық халықтарды қолдауда, оларға моральдық және материалдық көмек көрсетуде.

Тақырыптың біз сөз етіп отырған тарауы бойынша өткізілген аңгіменің қорытындысында КПСС-тің туысқан партиялармен арадағы байланысының алуан түрлі формаларына қысқаша тоқталып өткен тиімді. Бұл формалар негізінен мыналар: маркстік-лениндік партиялар өкілдерінің халықаралық коммунистік қозғалыстың жалпы стратегиясы мен тактикасын коллективтік түрде белгілейтін халықаралық кеңестерді әзірлеуге және олардың жұмысына белсене қатысуы. Сондай-ақ КПСС-тің басқа партиялармен байланысының тағы бір икемді формасы: туысқан партиялар өкілдерімен кездесіп, кеңесуі, партия мүдделі болып отырған мәселелер жөнінде келіссөздер жүргізуі, өзара жұмыс тәжірибесін алмасуы, туысқан партиялардың съездеріне делегациялар жіберуі, тағы тағылар.

Халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігін, дүние жүзілік революциялық процестің барлық күштерінің топтасуын КПСС, маркстік-лениндік партиялар бейбітшілік, демократия мен социализм ісінде жаңа табыстарға жетудің кепілі деп біледі.

«Политическое самообразование» журналы, № 1, 1965 ж.

Капиталистік елдер жұмысшы табының қазіргі кезеңдегі күресі (IX ТАҚЫРЫПҚА)

Қазіргі дәуірдің негізгі сыйпаты не деген сұраққа: тарихта бұрын-соңды болып көрмеген терең мағыналы әлеуметтік өзгерістер деп жауап қайтаруға болар еді. Коммунистік және жұмысшы партияларының 1960 жылғы Москва Кенесінің Мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, біздің дәуір — карама-қарсы екі қоғамдық система күресінің дәуірі, социалистік революциялар мен ұлт-азаттық революциялар дәуірі, империализмнің күйреу, отарлық системаның жойылу дәуірі, барған сайын жаңа халықтардың социализм жолына өту дәуірі, социализм мен коммунизмнің дүние жүзілік көлемде салтанат күру дәуірі.

Капиталистік дүниенің барлық елін шарпыған саяси шайқастар империализмге үсті-үстіне жаңа соққылар беруде. Халық бұқарасының тегеурініне шыдай алмаған капиталистік құрылыстың ірге тасы шайқалып, күйреген үстіне күйрей түсуде. Капитализм біржолата құлдырау жолына түсті. Ал бір кездері бақытты тұрмыс жайындағы қиял ғана болған, Маркс пен Энгельстің даналық ақыл-ойымен жұмысшы табының революциялық теориясына айналған социализм қазір бүкіл жер жүзінің төрттен бір бөлігінде нақты шындық болып отыр. Озат ойлы бүкіл адамзаттың ежелгі арманы — коммунистік қоғамның өркендері де күннен күнге көбейе түсуде. Оған барар айқын жолды Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы нұрландырып берді.

* *
*

Дүние жүзілік революциялық процестің қазіргі дәуірдегі басты мазмұны мынада: социализм мен коммунизм орнатып жатқан халықтардың күресі, капиталистік мемлекеттердегі жұмысшы табының революциялық қозғалысы, отар және тәуелді елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы, халықтардың жалпы демократиялық қозғалысы империализмге қарсы біртұтас революциялық майданға ұласып, ұштасып отыр. Империализмге қарсы революцияшыл күштердің осы жауынгерлік одағын шындап топтастыруда халықаралық жұмысшы табы мен оның басты перзенті — социализмнің дүние жүзілік системасы шешуші роль атқарады. Егер адамзат тарихи дамудың жаңа сатысына көтеріліп отырса, егер көптеген елдерде социализм орнап, езілген халықтардың көпшілігі саяси азаттық алған болса, дүние жүзілік термоядролық соғысты болдырмауға нақты мүмкіндік туып отырса, — осының бәрі дүниеде құдіретті революцияшыл күштердің — халықаралық жұмысшы табы мен оның маркстік-лениндік теориямен қаруланған революцияшыл партияларының өмір сүріп отырғанының арқасы. «Барлық елдер пролетарларының жан аямас ерлік күресі адамзатты коммунизмге жақыдатады», — делінген КПСС Программасында.

Осыдан жүз жылдан астам бұрын Маркс пен Энгельс капитализмнің даму барысында жұмысшы табы қанаушылық системасын күйретіп, жаңа, социалистік қоғам орнататын күшке айналады деп тұжырымдап еді. Бұл данышпандық ғылыми болжам капиталистік елдердің көпшілігін-

де пролетариат енді-енді ғана бас құрап, әлі таптық күрес тәжірибесімен жеткілікті қаруланбаған кездің өзінде жасалған болатын. Содан бері жұмысшы табы таптық толысу мен революциялық күрестің небір қиын жолдарынан, шатқалды асуларынан өтті.

Егер ХХ ғасырдың басында дамыған капиталистік елдердегі өнеркәсіп пролетариаты 30 миллион адамдай болса, қазір индустрия жарынан дамыған елдердегі фабрика-завод пролетариатының өзі 90 миллион адамға жуықтап отыр. Ал бұл елдердегі жалпы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 200 миллионға жетеді.

Империализмнің отарлық системасының күйреуі, Азиядағы, Африкадағы, Латын Америкасындағы көптеген елдердің дербес даму жолына түсуі, олардың экономика жағынан қауырт өркендеуі дүние жүзінің бұл аудандарында да пролетариат санының тез өсуіне қолайлы жағдай туғызды. Экономикасы нашарырақ дамыған бұл елдерде қазір жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы саны шамамен 150 миллиондай, яғни еңбекке жарамды халқының үштен біріндей болып отыр.

Сонымен, ХІХ ғасырдың орта шеніндегі 9 миллионға жуық өнеркәсіп пролетариатынан ХХ ғасырдың бас кезіндегі 30 миллион, қазіргі дәуірдегі 350 миллион жұмысшы мен қызметші — міне, капиталистік дүниедегі еңбек армиясының ғаламат өсу қарқыны осындай.

Біздің еліміздегі Ұлы Октябрь социалистік революциясының, одан кейін Европа мен Азияның бірсыпыра елдеріндегі, Кубадағы социалистік революциялардың жеңуі нәтижесінде дүние жүзілік жұмысшы табының жана отряды — социалистік елдердің жұмысшы табы өсіп қалыптасты. Ол қолында өндіріс құрал-жабдықтары болмай, капиталға өз еңбегін сатуға мәжбүр болып езілген, қаналған таптан өз елінің нағыз қожасына, социалистік қоғам орнатушы жасампаз еңбек иесіне айналды. Қанаушылық құрылысты қиратып, өз тағдырын қолына алған, сөйтіп социализм мен коммунизмге данғыл жол ашқан жана тұрпатты жұмысшы табының қалыптасуы бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы қозғалысына революцияландырғыш ықпал жасайды.

Соңғы есеп бойынша (1960 жылдың бас кезіне қарай) социализм елдеріндегі жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы саны 150 миллионнан, соның ішінде Совет Одағында — 73 миллионнан асады. Еліміздегі коммунизм құрылысшыларының қатарында Қазақстанның 3 800 мың жұмысшысы мен қызметшісі бар. Олардың 680 мыңы совет өкіметі жылдарында, Қазақстандағы социализм мен коммунизмнің алып құрылыстарында өсіп қалыптасқан жұмысшы табының индустриялық кадры.

Совет Одағы мен бүкіл социалистік елдердің жұмысшы табы дүние жүзілік жұмысшы қозғалысына өзінің жана қоғам орнатудағы жасампаз өнегесімен, В. И. Лениннің айтқанындай, өзінің «шаруашылық саясатымен» ең күшті ықпал жасайды. Тек Қазақстан жұмысшы табының өзі дүние жүзінің 45 еліне 226 түрлі өнеркәсіп өнімін шығарады. Соның ішінде Ақтөбе рентген аппаратурасы заводының бұйымдарын 41 ел, Орал арматура заводының өнімін 21 ел алдырады.

Сонымен, социалистік елдердің жұмысшы табы әлеуметтік, ұлттық прогресс жолындағы дүние жүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының алдыңғы сапында келеді.

Мұнан тыс қазіргі дәуірде пролетар емес бұқараның қалың армиясы: миллиондаған шаруалар, қол өнершілер, демократияшыл интеллигенция дүние жүзілік жұмысшы табының сенімді одақтасы болып отыр. Сондықтан жұмысшы табының империализмге қарсы күресіп жатқан барлық күшті (ұлттық шеңберде де, интернационалдық көлемде де) біріктіріп, топтастырып, оған жетекшілік жасауы әбден заңды. Тек жұмысшы табының тегемониясы ғана империализмге қарсы азаттық қоз-

ғалысына дәйекті сыйпат беріп, бүкіл адамзаттың социализм мен коммунизм жолына түсуін қамтамасыз етеді.

Халықаралық жұмысшы табы өзінің революциялық қозғалысында марксизм-ленинизм теориясымен қаруланған коммунистік партиялардың басшылығына сүйенеді, содан рухани күш, айнымас бағыт алады. Ал дүние жүзінде коммунистік партиялардың қатары, беделі мен ықпалы үздіксіз өсуде. Егер 1928 жылы дүние жүзінде 1 700 мың коммунисті біріктірген 46 коммунистік партия болса, 1964 жылы 90-ға жетіп, олардың қатарында 43 миллионнан астам коммунист болды.

Тағы бір атап өтерлік жақсы нәрсе — қазір Еуропаның бірсыпыра капиталистік елдерінде жұмысшы табының екі партиясының — коммунистік және социалистік партияларының өзара ұғынысу, жақындасу процесі байқалуда. Мәселен, Францияның коммунистері мен социалистері бейбітшілік пен қарусыздану жолындағы демонстрацияны бірлесіп ұйымдастырады. Олардың «көп жақты ядролық күштерге», «екпінді ядролық күштерге» қарсы күрестегі позициясы да бір-біріне жақын. Латын Америкасындағы бірсыпыра елдердің, мәселен, Чилидің, Венесуэланьың, т. б. социалистері коммунистермен ынтымақтаса қимыл жасап келеді. Голландияның, Англияның және басқа кейбір елдердің социалистік партияларында солшылдық ағым күшейе түсуде, ал қайсыбір жерлерде социалистік партиялар екіге бөлініп, жұмысшы табының қимыл бірлігін жақтаған дербес социалистік партиялар құрылып жатыр.

Жұмысшы табының 200 миллионнан астам адамды біріктірген халықаралық кәсіподақ қозғалысының қатарында да ынтымақты, қимыл бірлігін талап еткен ағымның екпіні күшейе түсуде. Мұны монополияға қарсы бірлесіп шабуылға шығу мәселесі жөнінде өткен жылы Лейпцигте болған кәсіподақтардың халықаралық консультативтік комитетінің конференциясы айқын көрсетті. Конференция жұмысына әр түрлі 50 кәсіподақ бірлестігінің делегациялары қатысты.

Дүние жүзіндегі оқиғалардың барысы халықаралық жұмысшы қозғалысы жаңа өрлеу кезеңіне енгенін дәлелдейді. Егер 1919—1939 жылдар ішінде неғұрлым дамыған капиталистік елдерде 177 мың ереуіл болып, оған 80 800 мыңдай адам қатысса, 1946—1960 жылдарда 188 миллион адамды қамтыған 210 600 ереуіл болды. Капиталистік елдерде бір ғана 1963 жылдың өзінде 58 миллион адам ереуілге қатысты. Пролетариаттың капиталға қарсы шабуылы өткен жылдың соңғы айлары мен биылғы жылдың алғашқы айында да мейлінше күшті болды.

Тағы бір назар аударарлық нәрсе, ереуілшілер экономикалық талаптарды саяси талаптармен барған сайын жиірек ұштастырып, буржуазиялық үкіметтерді демократиялық, антиимпериалистік реформалар жүргізуге күштеп көндіруде. Мысалы, 1963 жылғы ереуіл кезінде Францияның кәсіподақтары ұсынған мемлекеттік көмір өнеркәсібінің жұмысын қайта құру программасы, Англия үкіметінің темір жол транспортын қысқарту жөніндегі жоспарына қарсы ағылшын темір жолшыларының күресі, Жапония жұмысшы табының жыл сайынғы дәстүрлі «көктем шабуылдары» және пролетариаттың басқа да таптық шайқастары — жұмысшы табының қазіргі кезеңдегі біртұтас саяси күресінің құрамдас бөлімдері болып табылады.

Қазіргі жұмысшы қозғалысының дамуындағы тағы бір ерекшелік — ол саяси нақты бағытта болумен қатар, барған сайын бұқаралық және ұйымдасқан сыйпат алып келеді. Монополиялардың саясатына қарсы күрескерлердің қатарына еңбекшілердің жаңа отрядтары, халықтың жаңа топтары барған сайын көбірек қатысуда. Мұның өзі Франция мен Италияда жуықта ғана болған таптық шайқастардың барысында өте-өте айқын көрінді. Мысалы, Францияда өткен жылғы 11 декабрьде болған ереуілді буржуазиялық газеттердің өзі 1947 жылдан кейінгі ең ірі ереуіл деп мойындады. Міне сол ереуілге француздың национализацияланған

және қоғамдық кәсіпорындарының 3 миллион жұмысшысы мен қызметшісі күш біріктіріп, тізе қосып, біртұтас майданмен қатысты. Бір ғана Лион қаласының өзінде экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторындағы барлық жұмысшының 85—90 проценті ереуілге бірлесіп шықты. Олар еңбек жағдайын жақсарту, жалақыны, пенсияны, жәрдемді көбейту жөнінде нақты талап қойып, сол арқылы үкіметтің саясатына наразылығын білдірді.

Билеуші оңшыл топтардың буржуазиялық, реформистік саясатына қарсы дәйекті күрес, коммунистердің шебер де тапқыр саясаты итальян жұмысшы қозғалысын да жеңістерге жеткізуде. Бұған металлистер жалақысының 32 процент өсуі, сондай-ақ коммунистердің 1964 жылғы 22 ноябрьде өткен муниципалдық сайлауда сайлаушылар дауысының 26 процентіне ие болуы айқын дәлел.

Батыс Германияның жұмысшы қозғалысында маңызды оқиғалар болып жатыр. Өткен жылдың аяқ шенінде болған металлистердің күшті ереуілі мұнда да еңбек пен капитал арасындағы шайқастың жаңа бетбұрыс кезеңі басталғанын әйгіледі. Рур металлургия-көмір бассейнінің кеншілері адамдарды жұмыстан шығаруға қарсы, жалақыны өсіру жолында табанды күрес жүргізуде. Батыс Герман кеншілеріне шалғай жатқан Австралия шахтерлері де үн қосуда.

Қазіргі кезеңде жұмысшы табының саяси және экономикалық күресін еңбекшілердің бейбітшілік жолындағы, дүние жүзілік жаңа соғысты болдырмау, халықтардың суверенитеті мен тәуелсіздігін сақтау, атом қаруына тиым салу және толық қарусыздану жолындағы жалпы демократиялық күресінен бөліп қарауға болмайды. Англиядағы, Голландиядағы, Батыс Германиядағы, Скандинавия елдеріндегі бейбітшілік жақтаушылардың жорықтары мен сапарлары осыны дәлелдеп отыр. Биылғы февральдың бас кезінде американдық сүңгуір қайықтарының жапон портына келуіне қарсы Жапонияда кең өріс алған бұқаралық қозғалыстың нәтижесінде АҚШ-тың ракетамен қаруланған «Теңіз айдаһары» дейтін сүңгуір қайығы жапон суынан тайып тұруға мәжбүр болды. Жапон еңбекшілері жапон-американ договорын жою, Оңтүстік Кореяның реакцияшыл топтарымен келіссөздерді тоқтату, Қытай Халық Республикасымен дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіру, барлық елдермен бейбітшілік, достық саясатын жүргізу жолында да батыл күрес жүргізіп келеді.

Капиталистік елдердегі жұмысшы табының демократия үшін күресі — ең алдымен реакцияға, фашизмге қарсы күрес. Сондықтан да ол халық бұқарасының күш-жігерін монополистік буржуазияға қарсы, реакцияшыл топтардың демократиялық бостандықтарды жою, парламенттің правосын тежеу, монополия өкілдерінің диктатурасын орнату мақсатымен конституцияны өзгерту, сөйтіп парламентаризмнен фашизмге өту әрекеттеріне қарсы бағыттайды. 1960—1964 жылдар ішінде Бельгияның, Италияның, Грецияның жұмысшы табы мен коммунистік партиялары қажырлы, табанды күрестің нәтижесінде Эйскенстің, Тамбронидің, Караманлистің реакцияшыл үкіметтерінің құлатылуын қамтамасыз етті. Батыс Германия мен Жапония пролетариатының тегеуіріні конституцияға реакциялық өзгерістер енгізуге, демократияшыл күштерге қарсы бағытталған «төтенше» заңдар қабылдауға жол бермей келеді. Испаниядағы ереуіл қозғалыстарының қуатты толқыны Франко тәртібінің ірге тасын шайқалтты. Португалия студенттерінің Салазар тәртібіне қарсы демонстрация жасап, бостандықты талап еткен қуатты үні бүкіл елді дүр сілкінтті.

Жұмысшы табының қазіргі кезеңдегі күресінің айрықша бір ерекшелігі — оған қатысушылардың қайтпас өр қайсарлығы, болаттай беріктігі мен шыдамдылығы, шайқастың кейде бірнеше апталар мен айларға созылатын ұзақтығы. Бұл жөнінде халықаралық капитализмнің

басты елі — Америка Құрама Штаттары жұмысшыларының ереуіл күресін атап өтуге болады. 1959 жылы болат қорытатын өнеркәсіптің жарты миллиондай жұмысшысының ереуілі 116 күнге созылып, ақыр соңында жеңіспен аяқталды. 1963 жылы Нью-Йорктің баспахана жұмысшылары 114 күн бойы ереуіл жасап, 35 сағаттық жұмыс аптасын жеңіп алды. Өткен жылдың аяқ кезінде «Дженерал моторс» компаниясы мен Форд заводтарының 260 мыңдай жұмысшысы қатарынан бес апта бойы ереуіл жасап, ақырында монополистерді еңбек жағдайын едәуір жақсартуға, жұмыс нормасын қайта қарауға мәжбүр етті. Осы фактілердің өзі-ақ монополистік капитал идеологтарының АҚШ-та «таптық татулық гүлденген», АҚШ жұмысшылары мен монополистер арасында ешқандай қақтығыс жоқ деген уағыздарының шылғи өтірік екенін дәлелдейді.

Дамыған капиталистік елдердің коммунистері Азия, Африка, Латын Америкасы пролетариатының қимылын халықаралық жұмысшы табының революциялық күресімен ұштастыру жолында үлкен жұмыс жүргізуде. Осының өзі де жұмысшы қозғалысының, барлық демократияшыл, революцияшыл күштердің бірлігі мен ынтымағын нығайта беруге көмектесіп келеді. Бұл жөнінде Италия, Франция компартиялары делегацияларының Алжирге барып қайтуы, сондай-ақ Батыс Еуропа елдері коммунистерінің ұлттық жас мемлекеттердегі революцияшыл партиялармен достық байланысты өрістетуі үлкен роль атқарды. Конгода, Оңтүстік Вьетнамда, Анголада, Мозамбикте және басқа елдерде империализмге қарсы, халықтық қозғалыс барған сайын кең өріс алуда. Латын Америкасында жұмысшы қозғалысының өрлеуі нәтижесінде революциялық жана шайқастар пісіп жетіліп келеді.

Кенжелеу дамыған елдердің жас пролетариаты соңғы жылдары дүние жүзілік революциялық күрес майданына белсендірек шыға бастады. Бұған Индияның, Нигерияның, Аргентинаның және басқа бірсыпыра елдердің еңбекшілер бұқарасының толассыз жүріп жатқан ереуіл қозғалыстары айқын дәлел.

Міне, пролетариаттың қазіргі кезеңдегі таптық күресінің дамуындағы негізгі белестер, ерекшеліктер, маңызды бағыттар осындай.

Жұмысшы табының күннен-күнге құлашын кең жайып бара жатқан күрес қарқыны, сол күресте үсті-үстіне жана жеңістерге жетуі коммунистік және жұмысшы партияларының 1957, 1960 жылдардағы кеңестерінің қазіргі кезеңде жұмысшы табының күрес формалары алуан түрлі болатыны, демократия үшін күрес — социализм үшін күрестің құрамды бөлімі екені, капиталистік елдерде социализмге қарай алға басу үшін демократиялық реформалар мен өзгерістердің үлкен роль атқаратыны туралы жасаған қорытындылары өте дұрыс екенін дәлелдейді.

Халықаралық жұмысшы табының революциялық қозғалысы кең өрістеп, ұйымшылдығы мен бірлігі нығайған сайын капиталистік елдердің тарихында терең мағыналы бетбұрыстардың болуына қажетті жағдайлар да пісіп, жетіле береді. Коммунистік және жұмысшы партиялары Кеңесінің Мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, капитал елдерінде бейбітшілік пен ұлттық тәуелсіздікті қорғайтын, демократияның салтанат құруын, социализмнің жеңуін қамтамасыз ететін ішкі күштер өсіп, нығая түсуде.

А. БАИШИН,

тарих ғылымының кандидаты.

Шеберлік мектебі

Облыс насихатшыларының қатары жылдан-жылға өсе түсуде. Олардың қатарына негізінен жас мамандар: инженер-техник қызметкерлердің, зоотехниктердің, агрономдардың, дәрігерлердің жаңа легі кеп қосылуда. Бұлардың көпшілігі насихатшылық жұмысқа тұңғыш араласа бастағандар. Сондықтан оларға үзбей көмектесіп, шеберліктерін жетілдіру — біздің негізгі міндетіміз.

Өткен саяси оқу жылында үйірмелер мен семинарлардың жұмысын 205 жас насихатшы жүргізген, биылғы жылы бұл қызметті 275 коммунист атқаруда.

Біз маркстік-лениндік теорияны терең насихаттаушы жас кадрларды баулып-тәрбиелеу, олардың насихатшылық шеберлігін арттыруына көмектесу мақсатымен жас насихатшылардың сырттан оқитын облыстық шеберлік мектебін ұйымдастырдық. Бұл мектепте қазір үйірме мен семинардың жұмысын басқаруға тұңғыш рет кірісіп отырған 250 жас насихатшы оқиды.

Мұнда теориялық лекция оқылады, семинар өткізіледі, методикалық конференция, ғылым мен өнер саласының белгілі қайраткерлерімен, өндіріс озаттарымен кездесу ұйымдастырылады. Сонымен бірге насихатшылар республика мен облыстың басшы партия, совет қызметкерлерінің әңгімелерін тыңдайды.

Қысқасы, идеологиялық жұмыстың алуан түрі мен тәсілі жайында жас насихатшыларға жан-жақты мағлұмат беріледі. Олар насихат жұмысына көрнекі құралдарды пайдалану жайын да үйренеді.

Өткен айдың бас кезінде Алматыда облыс жас насихатшыларының кезекті семинар-сессиясы болып өтті. Оларға коммунистік құрылыстың ең түйінді мәселелері бойынша ғалымдар мен тәжірибелі лекторлар лекция оқыды. Мәселен, «СССР-дегі коммунистік құрылыстың халықаралық маңызы және оның дүние жүзілік революциялық прогреске ықпалы» деген тақырып бойынша өткізілген сабақтың көздеген мақсаты теориялық қағидалардың мәнін қалай да терең аша білуді, түрлі кестелерді, диаграммаларды, техникалық құралдарды, кино өнерінің мүмкіндіктерін пайдалануды үйрету болды. Бұл сабақты облыстық партия оқуы үйінің жанындағы методикалық советтің мүшесі, философия ғылымының кандидаты Н. Соскин жүргізді. Лекцияның қажетті жерінде «Ленин 1918 жылда», «Үшінші патетикалық» кино фильмдерінен, Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін бейнелейтін кино-журналдардан үзінді көрсетіліп отырды. Сонымен бірге Совет Одағы мен АҚШ-тың өнеркәсіп өнімінің өсу қарқыны жөнінде салыстырмалы кестелер пайдаланылды.

Лекция үстінде жас насихатшылар В. И. Лениннің пленкаға жазылған сөзін тыңдады. Ұлы көсемнің революциялық рухқа толы жалынды сөзі тыңдаушыларға қатты әсер етті.

Сабақтың едәуір бөлігі техникалық құралдарды пайдалануға арналды. Атап айтқанда, Алматы жайындағы диапозитивтер, Асуан бөгетінің құрылысы туралы диаграммалар көрсетілді. Мұның бәрі сабақтың идеялық-теориялық дәрежесін көтере түсуде техникалық құралдардың пайдасы зор екенін айқын көрсетті.

Осы тақырып бойынша семинар сабағы да өткізілді. Сессияға қатысушылардың көпшілігі теориялық білімінің тереңдігін, оны өз коллек-

тивтерінің өмірімен шебер ұштастыруға қабілеті жететінін аңғартты. Насихатшылар Л. Шеховцев, А. Корчагина, Т. Кенжебеков, М. Айдаров, П. Федоров жөнінде осыны айтуға болады. Мұндай семинар сабағы насихатшылардың өзара пікір алысуына, кейбір қиын мәселені ақылдаса, бірлесе отырып шешуге мүмкіндік туғызады.

Бұл, әсіресе, тап бүгінгі күні насихатшының алдына біздің елдегі коммунистік құрылыстың, дүние жүзілік социалистік системаның, қазіргі кезеңдегі коммунистік және жұмысшы партияларының стратегиясы мен тактикасының келелі мәселелерін әрбір еңбекшіге жеткізе білу міндеті қойылып отырған жағдайда өте-мөте қажет.

Сессия сонымен бірге насихат жұмысының методикасына да көңіл бөлді. Партиялық насихаттың түр-тәсілдері, оларды қазіргі жағдайға сәйкес онан әрі жетілдіру, саяси мектеп, үйірмелерді ұйымдастыру мен олардың жұмыс әдісі, теориялық семинарлардың ерекшеліктері және басқа мәселелер жөнінде лекциялар оқылды.

Әсіресе, «Насихатшылық шеберлікті жетілдіру — сабақтың идеялық-теориялық дәрежесін арттырудың кепілі» деген тақырыптағы методикалық конференция жұрттың назарын ерекше аударды. Конференцияда Алматы Жоғары партия мектебінің оқытушысы А. В. Парфенов жолдас «В. И. Ленин партиялық насихат өнері туралы» деген тақырыпта әңгіме өткізді. Жас насихатшылар тәжірибелі насихатшылардың баяндамаларын зор ынта қойып тыңдады.

Конференцияға қатысушылар тыңдаушыларды лениндік принциптілікке, партиялылыққа, кемшіліктерді тез жойып отыруға, жаңалықты сезе білуге тәрбиелеу жөнінде өзара пікір алысты. Сол сияқты олардың сабаққа даярлануы, өздігінен жұмыс істеуге дағдылануы жайында мәселе талқыланды. Осының бәрі олардың насихат жұмысының тәсілдерін үйренуіне көмекші болды. Бұл жөнінде Шелек ауданындағы «Авангард» совхозының насихатшысы Б. Құрманбаевтың, Талдықорған ауданындағы Қарабұлақ қант комбинатының насихатшысы А. К. Филоненконың, Еңбекшіқазақ ауданындағы «Алматы» колхозының насихатшысы А. П. Самариннің сөздері мазмұнды да тартымды болды.

Сессияға қатысушылар анкета толтырды. Ондағы мақсат—насихатшылардың құрамын, білім дәрежесін және олардың ой-пікірлерін, практикалық жұмыста кездесетін қиыншылықтарын, тыңдаушылардың көңіл-күйін, сұрақтардың сыйпатын анықтау еді. Бұл, екінші жағынан, алдағы уақытта шеберлік мектебінің жұмысын жақсартуға да үлкен себепші болмақшы. Анкетада берілген жауаптарға қарағанда біз әлі де болса мектептің программасын саралай түсуге, өте-мөте жас насихатшылардың өздігінен үйренуін тыңғылықты ұйымдастыруға, жергілікті жердегі саяси оқу кабинеттері арқылы оларға күн сайын методикалық көмек көрсетіп отыруға тиіспіз. Бұл жөнінде мектептің тыңдаушысы, Қаратал ауданының насихатшысы Ф. Н. Шереметовтың мына бір пікірін келтірген орынды: «Бұл семинар, — деді ол, — бізге көп нәрсені үйретті. Лекциялардың мазмұны жақсы, фактілері мол болды. Мұның бәрі біздің жұмысымызға елеулі көмек. Осындай лекцияларды жергілікті жерде де ұйымдастырса жөн болар еді».

Облыс насихатшылары қазақстандық жазушы А. А. Ананьевпен кездесті. Ол өзінің творчествосы жайлы баяндап, «Танктер қаптап келеді» деген романының қалай туғанын айтып берді. Семинарға қатысушылар «Ана туралы аңыз» атты кинофильмді көрді. Еңбекшілер депутаттары Алматы облыстық Советі атқару комитетінің председателі П. Канцеляристов жолдастың жасаған баяндамасы тыңдаушыларға облыстың экономикасы жөнінде біраз мағлұмат берді. Облыстық партия комитетінің секретары Ә. Кәкімжанов жолдас идеология жұмысының маңызды міндеттеріне тоқталды. Семинарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Н. Жанділдин жолдас Африкаға барып қайтқан

сапары туралы әңгіме айтып берді. Олар Куба республикасы мен Мексика жайында да әңгіме тыңдады. Міне, осының бәрі насихатшылардың ой-өрісін кеңейту, олардың шеберліктерін онан әрі жетілдіру жөнінде жасалған алғашқы қадам. Біз бұдан былай бұл мәселеге ерекше мән беретін боламыз.

Г. ПРЯНИКОВА.

Алматы облыстық және қалалық партия комитеттері
саяси оқу үйі меңгерушісінің орынбасары.

Өмір — оқу өзегі

(Алматы облысы, Қаскелен ауданындағы теориялық семинардың жетекшісі А. Қорытко жолдастың сөзінен)

Партия насихатшыларға құрметті міндет жүктеп отыр. Ол — марксизм-ленинизм идеяларын қалың бұқараға кеңінен таратып, насихаттау міндеті.

Әлбетте, маркстік-лениндік теорияның өмірмен байланысының қажетін түсіну бір жөн де, ал семинарлар мен үйірмелерде саяси сабақ өткізе отырып осы байланысты нақты іске асыру екінші мәселе. Бұл ретте біз үшін әрдайым да ұлы көсеміміз Лениннің насихатшылық шеберлігі, оның теорияны өмірмен тығыз байланыстыруға ерекше мән бергені үлгі бола алады.

Совет адамдарының дүниеге материалистік көзқарасы қоғамның дамуымен бірге дамып, жетіліп отыратын маркстік-лениндік теория негізінде қалыптасады.

Бізге маркстік-лениндік теорияны іске нақты басшылық ретінде пайдалану үшін не қажет? Бұл үшін, ең алдымен, осы теорияның өзін терең игеріп алу керек. К. Маркс пен Ф. Энгельстің өздері «Біздің іліміміз догма емес, іске басшылық» деген болатын. Н. К. Крупская бұл сөздерді Ленин сан мәртебе қайталап отырушы еді деп жазды.

Шынын айтқанда, көп жағдайда кәсіпорындар мен мекемелерде, шаруашылықтарда кездесетін кемшіліктердің бірсыпырасы сол коллектив басшыларының саяси даярлығының нашарлығынан, үгіт-бұқаралық жұмыстың дәрежесі төмендігінен болып жүр. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін үйірмелер мен семинарлардың жетекшілері өз тыңдаушыларының маркстік-лениндік теорияны жете игеруіне көңіл аударып, өзінің теориялық-идеялық білім дәрежесін көтермеу, саяси сабаққа мән бермеу неге апарып соратынын ескертіп отыруы қажет. Міне сонда ғана саяси оқу ықпалды болмақ.

Саяси сабақтың мазмұнды, тартымды болуы, ең алдымен, насихатшының біліміне, тәжірибесіне, шеберлігіне, сол сияқты оның оқуды өмірмен, алда тұрған нақты міндетпен ұштастыра білуіне тікелей байланысты. Осы бағытта өзімнің насихатшылық тәжірибемнен біраз жайларды ортаға салғым келді.

Менің насихатшы болғанымға биыл 20 жыл толып отыр. Мен насихатшылықты сонау Ұлы Отан соғысы жылдарында бастаған едім. Сол жиырма жылдың төрт жылын әскерде, төрт жылын Ақтөбе облысының колхозды аулында өткіздім. Қалған жылдары мектептегі семинарға жетекшілік етудемін. Соңғы кездері мектепте насихатшы болумен бірге халық мәдениеті университетінде де лекция оқып жүрмін. Бұл қоғамдық жұмыстар менің негізгі мамандығыма ешқандай кедергі келтірмейді. Қайта мен насихатшы болудан үлкен ләззат аламын.

Насихатшы жұмысының негізгі көрсеткіші — тыңдаушылардың идеялық дәрежесінің өсуі. Егерде жылма-жыл оқып жүргендердің ой-өрісі кеңейіп, теориялық, саяси білімі көтеріле түссе, насихатшыға одан артық мәртебе жоқ.

Менің насихатшылық тәжірибемде кейбір кезде кемшілік те болмай қойған жоқ. Мен кейде ретті-ретсіз жерде де теориялық материалдарды өндіріспен байланыстыруға, немесе өндіріс мәселесінің жеке өзін ұзақ сонар әңгіме етуге әуестеніп жүрдім. Мұндай кездерде тыңдаушылар жалығып кететін. Бұл кемшілігімді дер кезінде түсіндім де. Бұдан кейін сабақ үстінде тыңдаушылардың зейінін аңғарып отыратын болдым.

Кейбір насихатшылар кез келген тақырыпты өндіріс мәселесімен байланыстыруға құштар. Бұлай ету әр уақытта сәтті бола бермейді. Өйткені сабақты өндіріспен ұштастыру біраз нәрсеге байланысты. Ол, ең алдымен, сол күнгі өтілетін тақырыпқа, тыңдаушылардың біліміне, тәжірибесіне, олар жұмыс істейтін завод, цех, бригада, колхоз, совхоз, ферма, мектеп сияқты тағы басқа коллективтердің алдында тұрған міндетке байланысты. Сондықтан да саяси сабақты өндіріспен байланыстыру мәселесіне әрдайым да нақты қарау керек.

Мектептегі коммунистік тәрбие мәселесін оқып үйренетін семинардың жетекшісі менің өз тәжірибем көрсетіп жүргеніндей, әрбір талқыланатын тақырыпқа нақты қарау мектептегі оқу-тәрбие жұмысының дәрежесін көтеруге елеулі көмек көрсетуде. Тыңдаушылардың теориялық материалды жан-жақты зерттеп білуі, ұғынуы, оқушылар үлгірімін, тәрбиесін, педагогикалық жұмысты жақсартуға жәрдемдесіп келеді.

Мен семинар сабағына даярланғанда бір класта екі жыл отырып калуды жою, жалпы мектеп оқушыларының идеялық-саяси дәрежесін көтеру, мұғалімдердің халық арасындағы бұқаралық-үгіт жұмысын жақсарту мәселелеріне ерекше көңіл бөлемін. Мұның өзі тыңдаушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Семинарға қатысушылар өз тарапынан оқушыларды еңбекке баулу, коммунизм құрылысының моральдық кодексі принциптерін жүзеге асыру жайындағы ойларын, тәжірибесін ортаға салады, пікір алысады.

Биылғы оқу жылында теориялық материалдарды қазіргі заманның проблемасымен, коммунистік құрылыстың тәжірибесімен байланыстыра жүргізу семинар тыңдаушыларына еліміздегі ішкі және халықаралық жағдайға қанық болуына мүмкіндік беруде.

Семинарда ауызға ілініп мақталған таңдаулы оқытушылардың жақсы баяндамалары мәдениет университетінің тыңдаушыларына ұсынылады. Мұндай тәжірибе әрбір мұғалімге өзінің насихатшылық шеберлігін, теориялық, саяси даярлығын жұрт алдында көрсетуге жағдай жасауда.

Мен семинар сабағына алдын-ала тыңғылықты даярлануға тырысамын. Тыңдаушыларды өткізілетін сабақтың жоспарымен күн ілгері таныстырып қоямын. Бұлай етудің үлкен маңызы бар. Мысалға таяуда өткен «СССР-дегі коммунистік құрылыстың халықаралық маңызы және оның дүние жүзілік революциялық процестің дамуына тигізген әсері» атты тақырыптағы семинар сабағын айтуға болады. Программаға сәйкес жеке-жеке мұғалімдерге сұрақтар алдын-ала бөлініп берілді. Сол сұрақтар бойынша жолдастар даярланып келіп сөйледі. Оны басқа тыңдаушылар толықтырды.

Пікір алысу үстінде әлі де болса оқушылар тәрбиесіне жете көңіл бөлмей жүрген кейбір жекелеген оқытушылардың атына сын айтылды. Семинарда 30 тыңдаушының 12-сі сөйледі. Семинар соңында жетекші ретінде біз сөйлеген тыңдаушылардың сөзін қорыттық.

Осы тақырып бойынша мәдениет университетінде өткізілген сабаққа жүзге жуық адам қатысты. Олардың ішінде сабақ үлгірімі нашар

оқушылардың ата-аналары да болды. Мұнда сөз болған мәселелердің ішінен оқушылардың сабақ үлгіруін жақсарту туралы, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылайтын қоғамдық негіздегі ата-аналар комитетін құру жайлы мәселелерді ерекше атап өтуге болады. Бұл мәселелерге, әсіресе, ата-аналар белсенді қатысты. Сабақ соңында педагогикалық коллективтің оқу-тәрбие жұмысында кездесіп отырған кемшіліктерді жоюдың нақты шаралары белгіленді. Творчестволық семинарда және мәдениет университетінде мұндай мәселелердің барған сайын көп талқылануы тыңдаушылардың сабаққа деген ықыласын арттыруда.

Кейде кейбір жолдастар теорияның өмірмен байланысын, насихаттың пәрменділігін айтқанда оның нәтижесі бірден-ақ көзге көрініп тұрса дейді. Мұның өзі бірден бола қоймайтын жай екенін айта кеткен жөн. Ең алдымен есте болатын нәрсе — тәрбиенің әсері бірден көзге түсе бермейді. Тәрбие жұмысы — күрделі де қиын нәрсе. Сондықтан да оның әсері бірте-бірте болмақ. Ең басты шарт — лениндік принциптілікті, кемшілікке ымырасыз болып, жаңаның жаршысы болуды тыңдаушылардың бойына дарыта білу, сондай-ақ оларды өмір құбылысына маркстік-лениндік диалектика заңы тұрғысынан қарап, ғылыми, нақты қорытындылар шығарып отыруға баулу.

Насихатшы жұмысында тәжірибе көрсетіп жүргеніндей, оның жеке басының үлгісі де елеулі роль атқарады. Оның теориялық, саяси даярлығы мол, сөйлеу мәнері, мәдениеті жоғары болуға тиіс. Ол маркстік-лениндік теорияны өзгеге үйретіп қана қоймай, оны өзі де жүзеге асырушы қажырлы жауынгер болуға тиіс. Сонда ғана ол өзінің жүзі мұқалмас өткір қаруы — насихат сөзімен жұртшылықты адамзаттың сәулетті болашағы — коммунизм жеңісі жолындағы күреске белсенділікпен жұмылдыра беретін болады.

Бұл да өнер

(Сарқант ауданындағы теориялық семинардың жетекшісі Н. Гулактың сөзінен)

Өздігінен оқып, білім алу — саяси оқудың пәрменді түрі. Мұның мәнісі: адам белгілі бір мәселені өз тұрғысынан ойлап, түйсінуге, маркстік-лениндік теорияның бай қазынасын творчестволықпен игеруге және бұл саладағы еңбектерді өздігінен оқуға әбден дағдылануға тиіс.

Адам баласы білім атаулының бәрін өздігінен оқып, білу арқылы алатыны белгілі. Бұл үшін ізденгіштік, байсалдылық, төзімділік, табандылық сияқты қасиеттер қажет. Бұл қасиеттерді тыңдаушылардың бойына сіңіруде насихатшының атқаратын ролі өте зор. Саяси оқудың нәтижелі болуы, насихатшының теориялық әзірлігіне ғана байланысты емес, ол сонымен бірге тыңдаушының даярлық дәрежесіне, оның ой-өрісіне, қабілетіне де байланысты. Сабақты тыңдаушылардың көкейіне құя білу, олармен тіл тауып сөйлесе білу насихатшының шеберлігін керек етеді. Бұл жайында насихатшының өз білгенін ғана айтып, түсіндіруі жеткіліксіз. Ол — әрі ұстаз, әрі тәрбиеші.

Маркстік-лениндік теорияны оқып үйренудің өмірмен тікелей байланысты болуы үшін саяси білімді әуел бастан-ақ дәйектілікпен игеру қажет. Бұл ретте әрбір теориялық қағиданың өмірге байланыстылығы, оның практикалық мән-мағынасы қатан ескерілгені жөн.

Адамдардың жалпы әзірлігі олардың өз бетімен жұмыс істеуге қабілетін, бұл жөніндегі шама-шарқын айқындайды, бірақ бұған қарап даярлығы аз адамдар өздігінен жұмыс істеуге дағдыланбасын деген

ұғым тұмауға тиіс. Өздігінен жұмыс істеуге дағдылану саяси оқудың қандай түрінде болса да өте қажет.

Ал енді тыңдаушылардың өздігінен сабаққа әзірленуін қалай дайындауға болады? Бұл үшін, ең алдымен, үйге берілетін тапсырманы тәптіштеп, керекті әдебиетті толық көрсеткен жөн. Тыңдаушыға өздігінен жұмыс істеген кезде түсінбейтін терминдердің кездесуі мүмкін. Насихатшы осының бәрін күн ілгері ойластырып, түсінік беруі қажет.

Біздің үйірмедегі тыңдаушылардың саяси әзірлігі шамалы. Сондықтан біз сабақтың оларға неғұрлым түсінікті болуына назар аударамыз. Насихатшының басты міндетінің бірі тыңдаушыларды кітаппен өздігінен жұмыс істей білуге үйрету. Н. К. Крупская адамның өздігінен жұмыс істеуіндегі ең қиыны — оқылған кітаптан өзіне ең қажеттісін ала білу деп сан рет айтқан болатын.

Мен сабақтың алғашқы бөлімін бұрын өткен тақырыпты пысықтауға арнап, өткен сабақта берілген кейбір маңызды сұрақты қайталап шығамын. Тыңдаушылардың бір тобы тапсырылған әдебиеттерден оқығандары бойынша ауызша жауап береді. Кейбір тыңдаушылар екінші сабақтан кейін-ақ жоспар жасауға, оқыған кітаптарын конспектілеуге дағдыланады. Кейбір тыңдаушыларға әдебиетті іріктеу, пайдалану жөнінде ақыл-кеңес беріледі. Бұл жерде үйірмеге жаңадан қатысқан тыңдаушыларға ерекше көңіл бөлген жөн.

Осындай талаптың бәрі тыңдаушылардың өздігінен жұмыс істеп машықтануына үйретеді және материалдың мазмұнын жете түсінбей, құр жаттап алушылықтан сақтандырады. Сөйтіп бұл тәсіл тыңдаушылардың ой-өрісін арттыруға, түсінігін кеңейтуге, мәселені талдап айтуға дағдыландырады.

Тыңдаушылар, алдымен, материалды басынан аяғына дейін түгелдей оқып алуы қажет. Содан кейін барып, әрбір тарау, бөлім бойынша қайтадан тоқталғаны абзал. Бұл ретте кітапты зейін қойып оқудың пайдасы ерекше. Кітапты өздігінен оқыған кезде неше түрлі қиындық кездесуі табиғи нәрсе. Бірақ насихатшы мұндай қиыншылықтардың уақытша ғана, өткінші нәрсе екенін, оны жеңе білу қажеттігін әрбір тыңдаушыға күн ілгері айтып, ескертіп отыруға тиіс. Бұл мәселеге кезінде В. И. Лениннің аса үлкен мән бергені мәлім. Ол Маркс пен Энгельстің шығармаларын оқығанда кездесетін қиыншылықтардан тыңдаушыларды әрдайым сақтандырып отырды. Алғашқы кездерде, деп үйретті Ленин, сөйлем құрылыстарының, сөз саптауының қиындығы кейбір адамды бірден-ақ шошытуы ықтимал, алайда бұған ешбір қысылмау керек, бірінші рет оқылғанда түсініксіз болса, қайталап оқыған кезде немесе мәселеге екінші бір жағынан келген кезде түсінікті болады, әйтеуір мәселені жете түсініп алғанша үсті-үстіне оқи беру керек, оқи беру керек.

Тыңдаушы өздігінен жұмыс істеген кезде кітаптың ең қажетті деген жерлерінің астын сызып оқудың мәнісі зор. Бірақ бұл үшін текстін өзін толық оқып шығып, әбден ойланып алу керек. Әйтпесе мүлде қажетсіз жердің астын сызып қою да ықтимал. Біз бұл жөнінде В. И. Лениннен үнемі үйренуге тиіспіз. Оқудың мұндай тәсілі кейін жауап бергенде тыңдаушы үшін аса пайдалы.

Тыңдаушыларды оқылған еңбектен конспекті жасауға баулудың да аса зор маңызы бар. Конспекті өте тұжырымды, қысқа жасалуға тиіс. Кейбір тыңдаушылардың үлкен дәптерге оқылғанның бәрін тізіп алатын әдеті де кездеседі. Мұның пайдасы шамалы.

Біз бұдан былай да тыңдаушыларды өздігінен оқып білім алуға дағдыландыра береміз.

Саяси оқудың орталығы

Партияның идеологиялық міндеттерін ойдағыдай орындау үшін бүкіл идеологиялық жұмыстың шешуші буыны — марксизм-ленинизмді насихаттау ісін ұйымдастыруды жақсарту қажет деп көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің 1963 жылғы июнь Пленумының қарарында.

Марксизм-ленинизмнің теориялық асыл мұрасын оқып үйренуге деген еңбекшілердің ынтасы орасан зор. Қарағанды облысының қалалары мен ауыл-селоларында саяси оқу жүйесінде 280 мыңнан астам еңбекші оқиды, оның 238 мыңдайы партияда жоқ актив.

Қазақ металлургия заводы, Балқаш кен металлургия комбинаты сияқты Одаққа белгілі өнеркәсіп алыптарында, № 18, 35, 37, 70-шахталарда жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер тегісінен дерлік саяси оқумен қамтылған. «Дружба», «Бесоба», «Индустриальный» сияқты көптеген совхозда жұмысшылардың 80—85 проценті саяси оқуға тартылып отыр.

Маркстік-лениндік теорияны өз бетімен оқып үйренушілердің де саны жыл санап өсіп келеді. Биылғы оқу жылында теориялық семинарларда, партия-шаруашылық мектептерінде және ездигіше оқыл жүргендердің саны былтырғымен салыстырғанда 12 мың адамға көбейді. Саяси оқу жүйесінде оқушылардың 30 проценттейі теориялық білімін өз бетімен оқу арқылы көтеріп келеді.

Облыс партия ұйымында 9 мыңға тарта насихатшы, үйірме, семинар жетекшісі, коммунистік еңбек мектебінің басқарушылары, консультанттар жұмыс істейді. Бұлардың қатарында 955 партия, совет, кәсіподақ қызметкері, 1816 шаруашылық басшысы, 4273 инженер-техник қызметкер, ауыл шаруашылығының 615 маманы бар. Насихатшылардың 65 процентінің жоғары, ал қалғанының орта білімі бар.

Бұдан оларға теориялық, методикалық көмек көрсету керектігі жоқ деген ұғым тумайды. Қайта партия ұйымдары насихатшылардың саяси, теориялық білімін көтеріп отыруына, олардың методикалық шеберлігін жетілдіруге, сабақты өмірмен байланыстыруға барынша көмектесіп отыруы қажет.

Партияның Орталық Комитеті насихатшыларды іріктеу және даярлау туралы өз қаулысында саяси оқу үшін партия насихатының орталығына айналдыру міндетін қойды.

Облыстық саяси оқу үйі де өз жұмысын осы талапқа сай жүргізіп келеді. Негізінен алғанда насихатшылармен тікелей жұмыс жүргізу аудандық, қалалық партия комитеттерінің бірінші кезектегі міндеті. Ал облыстық саяси оқу үйінде қалалар мен аудандардағы, өнеркәсіп орындары мен совхоздардағы семинар жетекшілерімен тұрақты жұмыс жүргізіледі. Оларды ауық-ауық тәжірибе ал-

масу семинарларына шақырып отырамыз. Облыстық семинарларға өткен жылы саяси экономия, диалектикалық және тарихи материализм, ғылыми атеизм негізін оқытып үйретуші насихатшылар қоса шақырылды.

Облыстық саяси оқу үйінің жұмысында насихатшылар активімен екі-үш күндік семинар өткізіп отыру әдетке айналды. Мұндай семинарлар оқу жылы ішінде төрт-бес рет, яғни бір жарым-екі айда бір рет өткізіліп келеді. Семинарда маркстік-лениндік теорияның басты мәселесі жөнінде лекциялар оқылады, алдағы шаруашылық міндеттер жөнінде баяндамалар жасалады және насихатшылардың міндеттері айтылады. Сонымен қоса еңбек озаттарымен, ғалымдармен кездесу ұйымдастырылады, кәсіп орындар мен совхоздарға, тұрақты көрмелерге экскурсиялар жасалады.

Саяси оқу жүйесіндегі үйірмелер мен семинарлардың түріне байланысты, былтыр бізде 18 секция жұмыс істеді. Секция жұмысында алда оқылатын тақырыптар мазмұны мен методикасы сөз болды. Мысалы өткен жылғы декабрь айында болған семинарда биылғы оқу программасының 4—6 тақырыптары бойынша лекцияны экономика ғылымының кандидаты Л. Рахлис, философия ғылымының кандидаты Т. Рақымжанов, облыстық партия комитеті насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары Г. Шестаков жолдастар оқыды. Облыстық партия комитетінің секретарьлары И. Денисов, М. Ишков, С. Досмағамбетов жолдастар шаруашылық жұмысындағы табыстар мен кемістіктерге және партия ұйымының бұл саладағы міндеттеріне тоқталды. Сондай-ақ семинарда газет пен журнал материалын пайдалану және теориялық семинардың ерекшелігі жөнінде методикалық лекция оқылды.

Биылғы оқу жылының ерекшелігіне байланысты саяси оқу үйінде семинардан басқа ғылыми коммунизм негіздері, елімізде коммунизм құрылысы мен коммунистік және жұмысшы партияларының бірлігі тақырыбына арналған лекциялар ұйымдастырылды. Бұл лекциялар айына екі рет өткізіліп келеді. Оған үйірме, семинар жетекшілерімен қоса теориялық білімін өз бетімен көтерушілер де қатысуда.

Тәжірибесі аз насихатшыларға методикалық көмек көрсету ниетінде, біз екі жылдан бері жас насихатшылар мектебін ұйымдастырып келеміз. Оның сабағы айына бір рет өткізіледі. Мектеп жоспарында оған қатысушылардың талап-тілегі ескеріле отырып: «Насихатшының тіл шеберлігі», «Үйірмеде сабақты қалай өткізу керек», «Теориялық семинардың жұмыс ерекшелігі», «Практикалық тапсырмаларды қолдану әдісі», «Жергілікті материалдарды сабаққа қалай пайдалану керек» деген сияқты бірнеше тақырып енгізілді. Былтырғы оқу жылының ая-

ғында жас насихатшылар мектебіне қатысушылар В. И. Лениннің алғашқы революциялық қызметін ыспаттайтын А. Коптеловтың «Үлкен бастама» деген кітабы бойынша методикалық конференция өткізді. Онда бұл кітап материалын саяси сабаққа пайдалану жолы әңгіме болды.

Саяси оқудың мазмұндылығы насихатшының теориялық мәселелерді жергілікті өмірмен тығыз ұштастыра білуіне байланысты. Сондықтан да саяси оқу үйі насихатшылардың партия, совет, өнеркәсіп, шаруашылық басшыларымен, еңбек озаттарымен, ғалымдармен кездесуін жиі-жиі ұйымдастырып, облыс еңбекшілерінің әр түрлі саладағы табысын бейнелейтін анықтама материалдармен қамтамасыз етіп отырады.

Облыстық партия комитетінің секретарьлары, халық шаруашылығы советінің басшылары насихатшылар семинарына ылыми қатысып, онда сөз сөйлеп, шаруашылық жұмысының барысына, идеологиялық жұмыстың алда тұрған міндетіне тоқталады.

Насихатшылардың еңбек озаттарымен, жанашылдармен, коммунистік еңбек коллективі мүшелерімен кездесуінің айрықша мәні бар. Бізде өткен семинарларда атақты кен комбайншысы Қ. Омаров, озат механизатор республика Жоғарғы Советінің депутаты А. Горбань жолдас-тар қатысты.

Үстіміздегі оқу жылында коммунистік еңбек мектебі көп ұйымдастырылды. Олардың жалпы саны өткен жылғыдан үш есе көбейіп, тыңдаушылар саны 42 мыңға жетті. Бір ғана Қарағанды қаласының өзінде осындай 494 мектеп бар.

Биылғы оқу жылының ерекшелігіне байланысты насихатшыларға, үгітшілерге, лекторларға методикалық кеңестер берілді. Мұндай методикалық кеңестерде: тақырып бойынша әңгіме өткізуге арналған сұрақтар, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, тыңдаушылар әзірлейтін рефераттың және олар өткізетін әңгімелердің тақырыбы, қолданылатын көрнекі құралдар, анықтамалар, пайдалануға керекті көркем әдебиет пен кинофильмдердің үлгі тізімдері беріледі.

Методикалық совет мәжілісінде қарап талқыланған биылғы оқу программасының алғашқы алты тақырыбына арналған материалдарды қалалық, аудандық саяси оқу кабинеттеріне жібердік. Бұл шаралар насихатшыларға сабақты идеялық-теориялық жағынан жоғары дәрежеде өткізуге көмектеседі.

Сол сияқты облыстық семинарда оқылған лекциялардың қысқаша стенограммасын, сабақ жоспарларын, теориялық, экономикалық, методикалық конференцияларды өткізудің тақырыбын белгілеп, партия комитеттерінің кабинеттеріне жіберіп отырамыз.

Саяси оқу үйінің консультанттары жергілікті ерекшелікті ескере отырып, оқу жылы басталмас бұрын коммунистік

еңбек мектебінің, ауыл шаруашылығы университеттерінің, аудандық партия, совет активі мектебінің үлгі оқу жоспарын жасап, оларды партия ұйымдарына жіберді.

Биылғы оқу жылының басынан бері үйірме, семинар жетекшілеріне көмек ретінде айына бір рет насихатшының тіл мәдениетіне, шеберлігіне арналған хабарды телевизия арқылы беруді ұйымдастырдық. Мысалы, өткен айларда «Насихатшы, сенің міндетің», «Негізгі мақсат — сабақты жете түсіндіре білуде», «Насихатшы — әрі ұйымдастырушы, әрі тәрбиеші» деген тақырыпта хабарлар берілді. Декабрь айында облыстық саяси оқу үйінен телерепортаж ұйымдастырылды.

Қазір «Партия насихатының лениндік принциптері» атты тақырыпта облыстық методикалық конференция өткізуге даярлық жүргізіп жатырмыз.

Насихатшылардың озат тәжірибесін жинақтап, қорытындылауда, оны таратуда біраз жұмыстар жасадық. 1963 жылы ауыл шаруашылығы нақты экономикасы семинарының жетекшілері Ф. Кутчер мен Т. Радюшкин жолдас-тардың жұмыс тәжірибесі жинақталып, плакат етіп шығарылды. Өткен жылы партия тарихын оқып үйренетін теориялық семинардың жетекшісі Н. Лейфердің, № 35 шахтадағы коммунизм құрылысының моральдық кодексін оқып үйренуші 20-дан астам үйірменің тәжірибесі плакат етіп шығарылды. Біз озат насихатшылардың жақсы тәжірибесін, шеберлігін жинақтаудағы мұндай бастаманы әлі де болса дамыта бермекпіз. Саяси оқу үйі биылғы оқу жылында Нұра ауданындағы «Индустриальный» совхозы партия ұйымының жанынан құрылған ауыл шаруашылығы білімі университетінің, № 37 шахтадағы тәжірибелі насихатшы Қосмамбетов жолдас-тың, бір мектептегі ата-аналар университетінің жұмыс тәжірибесі жайлы плакат шығаруды кездеп отыр.

Облыстық саяси оқу үйіндегі насихат жұмысының тәжірибесіне арналған бөлмеде үйірме, семинар, халық университеттері жетекшілерінің методикалық жұмысын бейнелейтін, партия насихатының әдісі мен түрін жетілдірудегі, оның өмірмен байланысын нығайтудағы материалдар жинақталған.

Облыс насихатшылары еңбекшілерді идеялық жағынан қаруландыруда елеулі еңбек етіп келеді. Біздің міндетіміз — алдағы уақытта да іскер, білімді насихатшылардың озат тәжірибесін жинақтай отырып, оны өзгелердің пайдалануына жағдай жасап, саяси оқу үйін насихат жұмысының ошағына айналдыру. Бұл бағытта біздің атқарар жұмысымыз әлі де көп.

З. ЖАНҒОЗИН,

Қарағанды облыстық партия комитеті саяси оқу үйі меңгерушісінің орынбасары.

Аудандық партия комитеті — шешуші буын

Коммунистік партия ұйымдық формалар мен жұмыс әдістерін белгілеген кезде қалыптасып отырған тарихи жағдайдың ерекшеліктері мен алда тұрған нақты міндеттерді мұқият еске алады. Ол ұйымдық формалар мен жұмыс әдістерін партия тұрмысының лениндік принциптері негізінде жетілдіре отырып, өмір қажетінен тумаған, үстірт, асығыс жасалған қайта құрылыстарға қарсы ешбір бүкпесіз батыл күреседі. Бұған КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь (1964 ж.) Пленумдарының тарихи шешімдері айқын дәлел.

Осыдан екі жылдан аса бұрын партия, совет, кәсіподақ, комсомол органдарының өндірістік принцип бойынша қайта құрылғаны белгілі. Бірақ бұл қайта құрылыс уақыт сынын көтере алмады, өмір талабына қайшы болып шықты. Облыстарда, әсіресе аудандарда партия, совет органдарының екіге жарылуы қоғамдық өндіріске де, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету ісіне де көп қиыншылық туғызды. Өнеркәсіп орындары мен колхоз, совхоздардың, қала мен деревняның байланысы нашарлады. Жұмыста толып жатқан былықтар мен түсініспеушіліктер пайда болды. Кейде тіпті кімнің немен шұғылдануға тиіс екенін ажыратудың өзі қиындап кетті.

Мысалы, Қарғалы шұға комбинаты Жамбыл ауданының орталығынан сегіз-ақ километр жерде. Ал жаңа құрылымға сәйкес комбинаттың партия ұйымы Алматы қаласындағы Ленин аудандық партия ұйымының құрамына енгізілді. Комбинаттың поселкелік Советі Талғар қалалық Советі атқару комитетінің қарамағына берілді, поселкедегі жұмысшылар кооперациясы Жамбыл аудандық тұтынушылар одағына бағындырылды. Мұның өзі кейбір мәселелерді шешкен кезде «аққу көкке, шортан суға, шаян жерге тартадының» керіне соқтырып отырды.

Міне, сондықтан да КПСС Орталық Комитеті ноябрь (1964) Пленумының тарихи шешімдерін бүкіл партиямыз, бүкіл халқымыз асқан ризалық сезіммен қабыл алды.

Пленум шешімдеріне лайық біздің республикада да бірыңғай облыстық және өлкелік партия ұйымдары мен олардың басшы органдары қалпына келтірілді. Өндірістік басқармалардың партия комитеттері аудандық партия комитеттері болып қайта құрылды. Бұлар енді сол ауданның жеріндегі барлық партия ұйымдарына тұтас басшылық етеді.

Бұдан екі жыл бұрынғы қайта құрылыс тұсында аудандар шамадан тыс ірілендіріліп, оның өзі шаруашылық пен мәдениет құрылысына басшылықты едәуір қиындатқан еді. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советі жаңадан аудандастыру кезінде бұл кемшілікті түзетті. Аудандастыру мәселесін шешкенде ең алдымен сол аудандағы колхоздар мен совхоздардың арасындағы соңғы жылдары қалыптасқан экономикалық-шаруашылық байланыстар, елді мекендердің орналасуы, аудан орталығымен екі арадағы жол қатынасының, байланыстың жайы мұқият еске алынды. Сөйтіп жаңадан 31 аудан құрылды. Қазір республикада 152 аудан бар.

Барлық жерде болып өткен облыстық, аудандық партия конференциялары облыстық және аудандық партия комитеттерін сайлады, сөйтіп партия ұйымдары мен олардың басшы органдарын КПСС Уставында тұжырымдалған территориялық-өндірістік ыңғаймен құру принципі толық қалпына келтірілді.

Партия конференциялары ноябрь Пленумының шешімдерін бірауыздан мақұлдай отырып, сонымен бірге жергілікті партия ұйымдарының өмірі мен қызметіне қатысты аса маңызды мәселелерді талқылады. Шаруашылыққа басшылықты онан сайын жақсарту, бастауыш партия ұйымдарының кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы істің жайына жауапкершілігін арттыру, КПСС Уставының талаптарын бұлжытпай сақтау, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру, халыққа қызмет көрсетуді жақсарту шаралары жан-жақты сөз болды.

Коммунистік партия қашаннан-ақ аудандық буынды нығайтуға ерекше көңіл бөліп келгені белгілі. Мұның өзі әбден заңды да. Аудан — селодағы экономика мен мәдениет құрылысына басшылықтың нағыз түйісетін жері. Ал аудандық партия комитеттері — селодағы партиялық басшылықтың шешуші буыны. Аудандық партия комитетінің қызметкерлері қайнаған өмірге, өндіріске мейлінше жақын тұрады. Олар әрбір шаруашылықтың, жергілікті партия, совет органдарының күші мен мүмкіншілігін, еңбекшілердің көңіл-күйін, талап-тілегін, мұқтаждарын кім-кімнен болса да жақсы біледі. Жер-жердегі шаруашылық және мәдениет істерінің табысты болуы осы аудандық қызметкерлердің іскерлігіне, ұйымдастыру қабілетіне көптен-көп байланысты.

Сондықтан да Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, өлкелік, облыстық партия комитеттері аудандарды межелеу мәселесін шешкен кезде аудандық буынды кадрлармен нығайтуға, олардың сапалық құрамын жақсартуға мықтап көңіл бөлді. Аудандық партия комитеттерінің аппаратына негізінен жалпы білімі, теориялық даярлығы жеткілікті, өмірді білетін, ұйымдастыру-саяси жұмыста қажетті тәжірибеге ие болған адамдар келді. Аудандық партия комитеті секретарьларының 92 процентінің жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар. Егер 1962 жылы аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьларының арасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мамандары 45 процент болған болса, қазір 56 процентке, екінші секретарьлардың арасында — 57 процентке, секретарьлардың арасында — 32 процентке жетті. Аудандық партия комитеттерінің жаңадан сайланған секретарьлары ішінде 74 әйел бар.

Жаңадан сайланған аудандық партия комитеттерінің алғашқы қадамы олардың көпшілігінің іске творчестволықпен кіріскенін дәлелдейді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют аудандық партия комитеті жаңа жағдайдағы бірінші қадамын аудандық комитет бюросының, аудандық атқару комитетінің, өндірістік басқарма советінің нақты міндеттері мен праволарын анықтаудан бастады. Сол мақсатпен аталған ұйымдардың қызметкерлері бас қосып, егжей-тегжейлі ақылдасты, өз ойларын, ұсыныстарын ортаға салды, кім немен шұғылданады, кім неге жауап береді деген мәселенің басын ашып алды.

Аудандық партия комитеті өндірістің шешуші учаскелерін кадрлармен нығайтуға айрықша көңіл бөлді. Қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы мамандарын оқытудың парменді жүйесі белгіленді. Февраль айында совхоз бөлімшелеріндегі партия ұйымдары секретарьларының, кейінірек партия топтары жетекшілерінің семинарлары өткізілді. Ол семинарларда ең жақсы жұмыс істеген партия ұйымдары мен топтарының тәжірибесі қорытылды. Жуырда ауыл шаруашылық техникасын жөндеуде үздік шыққан Куйбышев атындағы совхозда совхоз инженерлерінің, «Дубровский» совхозында бас зоотехниктердің семинары өткізілмекші.

Аудандық комитет алғашқы күннен-ақ партия активінің белсенділігін көтеруге күш салып, өте дұрыс жасап отыр. Аудандық комитеттің жанынан қазірдің өзінде штаттан тыс мектеп бөлімі құрылды, ұйымдастыру бөлімінің штаттан тыс нұсқаушылары бекітілді. Аудандық коми-

теттің мүшелері мал қыстату, көктем егісіне әзірлену жұмыстарының барысын бақылауға алған.

Тельман аудандық партия комитеті ә дегеннен бастауыш партия ұйымдарының ролін көтеріп, шаруашылық істің жайына жауапкершілігін арттыруды қолға алды. Аудандық комитеттің мүшелері шаруашылықтардағы коммунистер өндірісте дұрыс орналасқан ба, олар жеке басының ерен еңбегімен өнеге көрсетіп, бұқараның инициативасын бастап, дамытып жүр ме, әкімшілік қызметіне пәрменді бақылау жасай ма деген мәселені зерттеп, анықтады. Қажет болған жерлерге қолма-қол көмек көрсетті. Мысалы, «Самарский» совхозының бір фермасы артта қала бастаған екен, оған көмекке үш коммунист жіберілді. «Есенкелді» совхозына техника жөндеуді тездету үшін төрт коммунист барды. Киров атындағы совхоздың партия ұйымы мал шаруашылығын нығайту мақсатымен тағы да 12 коммунист, 27 комсомолец жіберді.

Шығыс Қазақстан облысының Глубокий аудандық партия комитеті де ырғалып-жырғалып жатпай, бірден қызу жұмысқа кірісіп кетті. Мұнда бұрын өнеркәсіп-өндірістік партком болған еді. Ауданда Ертіс полиметалл комбинаты, мәдени-ағарту орындары, транспорт, байланыс, тұрмыстық қызмет кәсіпорындары, 9 совхоз, 5 колхоз бар. Жаңадан сайланған аудандық комитеттің инициативасымен өнеркәсіп орындарының, колхоздар мен совхоздардың бәрінде жыл қорытындысы шығарылып, жаңа жылға социалистік міндеттемелер қабылданды. Бұл мәселені талқылаған кезде пайдаланылмай жатқан резервтерді ашуға, еңбек өнімділігін арттырып, сапасын жақсартуға, артта қалған кәсіпорындар мен шаруашылықтарға партиялық ықпал мен көмекті күшейтуге басты назар аударылды. Сол мақсатпен аудандық партия комитетінің бюросы артта келе жатқан Ертіс руднигі партия ұйымының өндірістегі ролі жайлы мәселе талқылады. Февраль айында мал қыстату, колхоздар мен совхоздарды көктем егісіне әзірлеу ісіне коммунистердің жауапкершілігі, «Заря коммунизма» колхозы коммунистерінің уставтық міндеттерін қалай орындап жүргені туралы арнайы мәселелер қарап, тиісті шаралар белгіледі.

Алматы облысындағы Қаскелен аудандық партия ұйымы совхоздарды орта буын кадрларымен нығайтуды көптен бері-ақ қолға алып келе жатқанды. Жаңадан сайланған аудандық комитет те бұл мәселеге басты назар аударды. Январь айының өзінде аудандық партия комитетінің бюросы отыз маманды шаруашылық қызметіне бекітті. Мәселен, ғалым агроном, жас коммунист А. А. Шепелев Қаскелен совхозына бригадир, коммунист-зоотехник А. А. Постников Ленин атындағы совхозға бөлімше басқарушысы, жас агроном В. Зеленская Алматы жүзім совхозына бригадир болып барды. Таяу уақыт ішінде совхоздардың барлық өндіріс учаскелерін арнаулы мамандар мен ең тәжірибелі практиктер басқарады, сөйтіп артта қалушы бірде-бір бригада не ферма болмайды — міне, аудандық комитет осындай нысананы алға қойып отыр. Ауданда еңбек адамдарына жаппай мамандық үйрету ісі де жақсы ұйымдастырылған.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болар еді. Дегенмен мұның бәрі үлкен істің алғашқы қадамы ғана екенін айтуға тиіспіз. Аудандық партия комитеттерінің бәрі түгел төрт аяғынан тік тұра қалды, партиялық ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысы барлық жерде бірдей жаңданып кетті деу әлі ертерек. Алда биік асулар, қиын да күрделі міндеттер бар.

Ең алдымен аудандық партия комитеттері партиялық басшылықтың стилі мен әдістерін мейлінше жетілдіріп, ұйымдастыру және саяси-бұқаралық жұмыстың неғұрлым қолайлы, пәрменді жана жолдарын іздестіру, табу үшін күресулері керек. Сонымен қатар партия ұйымдары-

ның жылдар бойы тірнектеп жинап, өмір елегінен өткізген игі тәжірибесін қамқорлықпен пайдалану қажет.

Аудандық партия комитеттерінің шаруашылық және мәдениет құрылысына, бастауыш ұйымдарға басшылығы мейлінше нақты, жүйелі, ақылға қонымды болуға тиіс. Қандай мәселені шешкенде де сол істің шын мәнісін жете біліп, нақты жағдайды, жергілікті ерекшеліктерді мұқият ескеріп отыру қажет. Мұның өзі кәсіпорындармен, колхоз, совхоздармен, бригадалармен, фермалармен, жалпы еңбек адамдарымен тығыз байланыс жасауды талап етеді. Партия органдарының ұйымдастыру жұмысы дегеніміз — ең әуелі адамдармен, материалдық игіліктерді жасап жатқан еңбек иелерімен жұмыс істеу, солардың ынты-ықжыласын, белсенділігін көтермелеп, дамытып отыру екенін есте ұмытуға болмайды.

Қадрларды саяси және іскерлік сапасына қарай іріктеп, орналастырудың лениндік принципін бұлжытпай сақтау керек. Қандай басшының болса да қызметіне баға берген кезде оның қағаз жүзіндегі мінездемесі, лепірме уәдесі емес, оның өзіне тапсырылған учаскедегі нақты жұмыс нәтижесі негізге алынуға тиіс. Қадрларға қойылатын талапты мейлінше күшейту қажет. Өмір ағымына ілесе алмай артта қалған, жаңаны жаны сүймейтін, инициативасыз, жарамсыз басшылардың, жалған ақпар беріп, партияны да, мемлекетті де алдаудан шімірікпейтін көз бояушылардың, жағымпаздардың, бюрократтардың орнына қабілетті, жігерлі, жас ұйымдастырушыларды батыл жоғарылатып отырған мақұл. Соның өзінде тәжірибесі мол, байырғы қызметкерлер мен жас кадрлардың жемісті ынтымағын дұрыс ұштастырып отыру керек. Бұл үшін аудандық партия комитеттері кадрларды іріктеу, тәрбиелеу ісімен байсалды, жүйелі түрде шұғылдануға тиіс.

Партия органдарының бұқара арасындағы беделі мен ықпалы көбінесе олардың өз шешімдерін қалай орындайтындығына, сөзі мен ісінің арасында алшақтық болмауына байланысты. В. И. Ленин «Адамдарды тексеру және істің нақты орындалуын тексеру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тағы да осында, тек қана осында» деп үйреткен болатын. Демек, кадрлардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру, қабылданған қарарлардың орындалуын үзбей тексеріп, қадағалап отыру ұйымдастыру жұмысының маңызды саласы болып табылады.

Жасыратыны жоқ, бізде үсті-үстіне шешімдер қабылдауға, жалаң нұсқаулар беруге жаны құмар, бірақ нақты ұйымдастыру жұмысына келгенде мүлде дәрменсіз, бәрін де тек айқаймен алғысы келетін басшы қызметкерлер әлі де жоқ емес. Ондайларды дер кезінде тәртіпке шақырып, партиялық тезге салып отыру керек. Ол үшін партия тұрмысының лениндік нормаларын бұлжытпай сақтап, ішкі партиялық демократияны, іскерлік, сын мен өзара сынды мейлінше өрістетуге қажет. Істелген іске әділ баға беру, мейлінше шыншыл болу, қиындықтан қашпай, оны жеңу үшін табанды күрес жүргізу, кемшіліктерге төзбеу, өзіне де, өзгеге де жоғары талап қою — міне әрбір партия комитетіне, әрбір партия қызметкеріне лайықты қасиет осындай.

Жергілікті партия ұйымдарының жұмысын жақсартып, олардың өндіріске ықпалын күшейтуде аудандық партия комитетінің аппараты маңызды роль атқарады. Тек кейбір аудандық комитет аппараттарының жұмысында жиі орын алып келген кеңсешілдік, бюрократтық, формализм секілді кемшіліктерден үзілді-кесілді арылу керек. Өте-мөте нұсқаушылардың ролі мен правосын, жауапкершілігін күшейту қажет. Олардың мәлімет жинап, оқиғаларды тізіп отыратын қағаз тіркеушіден белгілі жұмыс саласына жауап беретін, қажет болғанда өз бетімен дербес шешім қабылдай алатын белді партия қызметкеріне айналатын мезгілі жетті. Бастауыш ұйымдармен, коммунистермен күнбе-күн байланыс жасау, оларға орынды, жүйелі ақыл-кеңесімен де, нақты ұйымдастыру

жұмысымен де қолма-қол көмектесіп отыру, партия ұйымдарының жұмысындағы пайдалы, жақсы тәжірибенің бәрін зерттеп, қорытып, көптің игілігіне айналдыру тікелей нұсқаушылардың міндеті. Нұсқаушы партиялық жұмыстың қырлары мен сырларын, өзіне бекітілген шаруашылықтардың шын жайын, мықты-осал жақтарын, еңбек адамдарын жетік білгенде ғана, үнемі қалың бұқараның ортасында болып, бұқарадан ерінбей-жалықпай үйренгенде ғана осы талаптың дәрежесінде бола алады.

Бастауыш ұйымдар — партияның негізі. Жоғарғы партия органдарының қандай қаулы-қарары, нұсқауы болса да еңбекші бұқараға солар арқылы жетеді, солар арқылы жүзеге асады. Коммунистерді іс үстінде шыңдап, партияның белсенді жауынгері етіп шығаратын да солар. Демек, бастауыш ұйымдарға күнбе-күн қамқорлық жасау, ұйым секретарьлары мен бюро мүшелерін жоғары жауапкершілік, партия мен халыққа кіршіксіз адалдық рухында тәрбиелеп отыру аудандық партия комитеттерінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Партия комитеттері өздерінің әрбір қадамы, ниеті, жоспары жөнінде коммунистер бұқарасымен, барлық еңбекшілермен үнемі ақылдасып, пікір алысып отырулары керек. Ең жақсы ұйымдастыру шарасының өзі тікелей орындаушыларға түсіндірілмесе, ол шараның қажеттігіне барлық коммунистер мен еңбекшілер бұқарасының көзі жеткізілмесе, ондай шараның тек қағаз жүзінде қалып қоятынын ұмытпаған жөн.

Идеологиялық жұмысты өрістету, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру — аудандық партия комитеттерінің күнбе-күн шұғылданатын төл ісі. Насихатшылардың, үгітшілердің, лекторлардың жауынгер армиясын ерінбей-жалықпай тәрбиелеп, олардың жұмысындағы жақсы тәжірибені қорытып, таратып отыру керек. Идеологиялық жұмыс еңбекшілер алдында тұрған нақты экономикалық міндеттермен тығыз байланыста жүргізілуі тиіс. Оның пәрменді күші ғылым жетістіктері мен еңбек озаттарының тәжірибесін кеңінен қолдануға, әрбір коллективтің өндірістік жоспарды мүлтіксіз орындауы жолындағы жарысын кең өрістетуге, қалада да, ауылда да коммунистік қатынастарды қалыптастырып дамыта беруге, адамдарды жоғары саналылық, өз борышын терең сезінушілік, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарау рухында тәрбиелеуге бағытталады болсын. Партияның ұйымдық жұмысы мен идеологиялық жұмысы бір-бірімен тығыз ұштастырыла жүргізілгенде ғана ойдағыдай нәтиже беретінін ешқашан естен шығаруға болмайды.

Аудандық партия комитеттеріне қойылатын міндеттер мен талаптар орасан зор. Аудандық комитеттің аппараты қаншама жақсы іріктеліп алынғанымен, ол міндеттерді тек өз күшімен орындай алмайтыны сөзсіз. Демек, аудандық комитет күнбе-күнгі ұйымдастыру және саяси қызметінде партия активіне, бастауыш ұйымдарға сүйеніп, партия жұмысындағы қоғамдық негіздерді, штаттан тыс түрлі бөлімдердің, комиссиялардың, кабинеттердің т. б. белсенділігін дамыта беруге тиіс.

Республикамызда жетіжылдықтың соңғы жылы қызу қарқынмен басталды. Қазір өнеркәсіп орындарының коллективтері бірінші тоқсанның өндірістік жоспарын асырып орындауға қажетті шаралардың бәрін қолдануда. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері мал қыстатуды ойдағыдай өткізу, көктемгі егіске мінсіз әзірлену үшін күресуде. Аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары осы күрестің нағыз дем берушісі, жетекшісі болуға тиіс. Олар ұйымдастыру жұмысының түрлерін, стилі мен әдістерін үздіксіз жетілдіре отырып, қоғамдық өмірдің барлық саласына шешуші ықпал жасай алады, сөйтіп жер-жерде коммунистік құрылыс міндеттерінің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етеді.

М. САВЕЛЬЕВ,
Е. НАЛИВАЙКО.

Тиянақты білім, тұрақты мамандық

(СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН)

Совет өкіметі жылдарында халқымыздың сауатсыздығы жойылып, миллиондаған адамдар мәдениет пен ғылым жетістіктерінің игілігіне кенелді. Еңбекші интеллигенция өсіп қалыптасты. Біздің ел халыққа жоғары білім беру, инженерлер даярлау жөнінде әлдеқашан дүние жүзінде бірінші орынға шықты.

Шаруалар өмірінде де түбірлі өзгеріс болды. Ауылда бұрынғы жеке меншік шаруаның орнына социализм ісіне адал, коллектившіл, өз еңбегінің зейнетін көрген, ауыл шаруашылығын ғылым мен техника жетістіктеріне негіздеп жүргізе білетін жаңа адам өсіп жетілді. 1964 жылы бір ғана Семей облысындағы колхоздар мен совхоздардың өзінде екі мыңнан аса агроном, зоотехник, инженер, мал дәрігері, 13 824 тракторшы, 3 166 комбайншы және басқа мыңдаған механизатор жұмыс істеді.

Ауыл еңбекшілерінің мәдени-техникалық дәрежесінің бұлайша тез өсуі қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы айырмашылықты жоюға жақындата түседі. Бұл, сонымен бірге, ауыл шаруашылығын шын мәнінде мықтап өрге бастырудың да маңызды шарттарының бірі. Себебі, партия қазір ауыл шаруашылығын өркендетудің басты бағыты — оны дәйекті түрде интенсификациялау деп көрсетіп отыр. Ал бұған жету үшін ауыл шаруашылығын жүргізетін адамдарды колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын биология, агрохимия, агротехника, зоотехния білімімен, еңбектің озат тәсілдерімен мейлінше қаруландырып, механизаторлар кадрын жеткілікті даярлау керек. «Әрбір совхоз жұмысшысы, әрбір колхозшы, деп көрсетті КПСС Орталық Комитетінің февраль (1964) Пленумы, техниканы басқара білумен қатар, химия өнімдерін неғұрлым тиімді пайдалану әдісін де жақсы білетін болуға тиіс».

Семей облыстық партия ұйымы, Орталық Комитеттің нұсқауларын орындай отырып, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің мәдени-техникалық даярлығын, мамандық шеберлігін жетілдіре беру бағытында дәйекті жұмыс жүргізіп келеді. 1963 жылдың күзінде облыстық партия конференциясы колхоздар мен совхоздардың еңбек адамдарына жаппай мамандық беру ісін кең өрістетуге, жеткілікті мөлшерде тракторшы, комбайншы, шофер, сауыншы, шопан, бақташы, шошқа мен құс өсіруші және басқа мамандар даярлап алу жөнінде қаулы қабылдаған-ды. Содан бері облыстық партия комитеті бұл мәселені күн тәртібінен түсірген емес.

Облыстық комитеттің, өндірістік парткомдардың қызметкерлері жер-жерде болып, үйірмелер, курстар, семинарлар ұйымдастыруға, оларды адамдармен толықтыруға көмектесті. Сабак беруге ең тәуір деген агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері, инженерлер, механиктер, еңбек озаттары, шаруашылық басшылары, орта мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындары мен техникумдардың оқытушылары катыстырылды. Әрбір шаруашылықтағы оқудың барысы, сапасы партия ұйымдары тарапынан мұқият бақылауға алынды. Кадр даярлау барлық жерде облыстық партия комитетінің бюросы бекіткен жүйелі жоспар бойынша жүргізілді.

Мұндай нақты ұйымдастыру жұмысының нәтижесі көп ұзамай-ақ көріне бастады. Өткен жылғы қыстың өзінде облыс бойынша 6 619 ме-

ханизатор даярланды. Олардың екі жарым мыңнан астамы механикаландыру училищелерінде оқыса, төрт мыңы колхоздар мен совхоздардың өздеріндегі курстарда техника тетігін меңгеріп шықты. Мұның өзі 1964 жылдың көктемгі егісінде шаруашылықтардың бәрін өз механизаторларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Диқандар мен малшылардың оқуы да ұйымшылдықпен жүргізілді. Бір қыстың өзінде он мыңдай диқан, бес жарым мың малшы, колхоз, совхоздардың екі мыңға жуық басшысы мен ауылшаруашылық мамандары агрохимиялық даярлықтан өтті.

Ауыл еңбеккерлерінің білімі мен мамандығын жетілдіруді Үржар аудандық партия комитеті жақсы ұйымдастырды. Мысалы, 1963 жылдың көктемінде аудан шаруашылықтарына 765 тракторшы, 205 комбайншы жетіспеген еді. Аудандық комитет механизаторлар даярлау туралы облыстық партия комитеті бюросының қаулысын талқылай келіп, оны іске асырудың нақты шараларын белгіледі. Әр шаруашылықтың механизаторлар жөніндегі қажеті анықталып, соған лайық курстар ашылды, училищелерге адам тартылды, оқытушылар құрамы іріктелді. Курстардың бәрі де жақсы үймен, оқулықтармен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етілді. Осының арқасында аудан колхоздары мен совхоздарында 1964 жылы еңбек еткен үш жарым мыңға жуық комбайншы мен тракторшының мыңнан астамы бір қыста дайындалды. Бұлардан тыс үйірмелерде 849 сушы, 29 мұрап, 300 жүгеріші, 23 агролаборант, 496 сауыншы, 1 548 шопан, 330 бұзаушы, 229 шошқашы, 163 өсеменатор оқып шықты.

Кадрлардың қазіргі оқуындағы бір ерекшелік — олар бұрынғыдай түрлі кеңестерге, жиындарға не облыс орталығындағы курстарға жіберіле бермейді, қайта негізінен өз шаруашылығында, шағын-шағын топ болып оқиды. Мұның өзі адамдардың программалық материалды тереңірек игеруіне, өмір тәжірибесімен нақтырақ ұштастыруына мүмкіндік береді. Тыңдаушы белгілі бір теориялық ережені ең алдымен өз шаруашылығында, өз бригадасында не фермасында қалай қолдануға болатынын үйренеді, соны практика жүзінде тексеріп көреді. Мұндай жолмен алған білім тиянақты да болады.

Облыс партия ұйымы ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімді технологиясын насихаттауға, енгізуге ерекше көңіл бөледі. Бір мысал келтірейік. «Шар» совхозы (директоры Г. Е. Гавриленко жолдас) жергілікті тыңайтқыштарды дайындайтын, егістікке апаратын, енгізетін механикаландырылған отрядтар құрған еді. Бұл әдістің тиімділігі тәжірибеде дәлелденісімен-ақ облыс партия ұйымы оны тезірек көптің игілігіне айналдыруға қамқорлық жасады. 1963—1964 жылғы қыстың өзінде колхоздар мен совхоздарда механикаландырылған 170 отряд жұмыс істеді, олар 900 мың тоннадан астам жергілікті тыңайтқыш дайындап, егістікке апарды. (Ал 1961 жылы бүкіл облыс бойынша егіске небәрі 70 мың тоннадай ғана тыңайтқыш енгізілген еді). 1964 жылы үржарлықтардың тәжірибесі бойынша ауыл шаруашылық дақылдарын баптайтын 1 666 механикаландырылған отряд ұйымдастырылды, жүгері, қызылша, күнбағыс, овощ өсіретін 1050 механикаландырылған звено құрылды.

Мал шаруашылығын механикаландыру саласында да біраз жұмыс тындырылды. Егер 1962 жылы бүкіл облыста бір ғана «Елочка» аппараты болса, қазір 243 сауын агрегаты жұмыс істейді. Сиырды қолдан ұрықтандыратын 236 пункт бар. Олар бұзаулайтын барлық сиырдың 76 процентін қамтиды. Ал соңғы екі жылдан бері облыс шаруашылықтарындағы саулықтың бәрі қолдан ұрықтандырылып жүр.

Бородулиха ауданының Ленин атындағы совхозының үлгісімен облыс колхоздары мен совхоздары 1962 жылдан бері мегежіндерді торайлату, шошқаны топтап бордақылау әдісіне көшкен. Бұзау мен торайды

жасанды сүтпен азықтандыруды бірінші боп қолданған да осы совхоз. Қазір бұл әдіс облыс шаруашылығына кеңінен таралып отыр. Қыс айларында барлық шаруашылықтарда құстардың балапанына, бұзауға, торайға арнап гидропондық әдіспен көк шөп өсіріледі.

Қолхоз, совхоз озаттарының тәжірибесін, ауыл шаруашылық ғылымының жетістіктерін таратуда облыстық партия комитеті бюросының қаулысымен сегіз жерден құрылған озат тәжірибе мектебі үлкен роль атқарып келеді. Мысалы, Аякөз ауданының «Қаракөл» совхозындағы озат тәжірибе мектебінен 200 шопан оқып шықты. Үржар ауданының «Красные горные орлы» колхозында жүгерішілер мектебін еліміздің атакты жүгерішісі Евгения Долинюктің шәкірті Анна Ивановна Семушкина басқарады. А. И. Семушкина соңғы төрт жыл бойына ауа райының құбылмалы болғанына қарамастан жүгеріден тұрақты, мол өнім алып келеді.

Партия комитеті Семушкина звеносының тәжірибесін зерттеп, көпке таратуды дереу қолға алды. Озат жүгеріші істейтін совхозда курс ашылып, онда 47 звено жетекшісі оқып шықты. Аудан шаруашылықтарының бәрінде Семушкинаның тәжірибесін үйренуге арналған семинар өткізілді, онда 260 жүгеріші, 325 мұрап даярланды. Жүгері өсіретін комплексті бригада бригадирлерінің үш күндік семинары болды.

Бұған қоса Семушкина звеносының жұмыс тәсілдері аудандық «Қолхозное знамя» газетінде үзбей жазылып тұрды. 1964 жылы Семушкинаның өзі радио арқылы үш рет, баспасөзде екі рет жүгеріні бітік өсірудің технологиясы жайында ақыл-кеңес берді. Жүгері егісі басталатын қарсаңда көптеген колхоз бен совхоздың жүгерішілері Семушкинаның звеносында болып, озат диқанның тәжірибесімен нақты танысты. Ал суармалы жерде жүгері өсірудің тиімді жолын үйрену үшін аудандағы барлық шаруашылықтың басшылары мен партия ұйымдарының секретарьлары, звено жетекшілері Алматы облысының Панфилов ауданындағы «40 лет Октября» колхозына барып қайтты.

Дегенмен осы жерде мына бір жайды айта кетпеске болмайды. Облыстық партия комитеті озат жүгеріші Семушкинаның тәжірибесін неғұрлым тереңірек зерттеп, қорыту мақсатымен ауыл шаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Я. А. Жуковский жолдас бастаған арнаулы бригада жіберген еді. Бұл бригада звено жұмысымен жан-жақты танысып, жақсы қорытынды жасады да. Тек сол бай материал облыстағы жүгері өсіруші звено жетекшілерінің бәріне түгел таратылмады, сөйтіп әжептәуір басталған игі іс ақырына дейін жеткізілмей қалды.

Партия соңғы жылдары коммунистік қоғамға лайық жаңа адам тәрбиелеудің соны әдістері мен жолдарын іздестіріп табу, оларды кең қолдану бағытын ұстауда. Осылардың ішінде коммунистік еңбек мектептері бұқараның көңілінен шығып, кеңінен қолдау тауып отыр. Мысалы, Семей облысында 1962—1963 оқу жылында бірлі-жарым ғана коммунистік еңбек мектебі ашылған еді, қазір оның саны 1628-ге жетті, олар 41 862 адамды қамтиды.

Партия ұйымдарының күнбе-күнгі көмегі, бақылауы нәтижесінде көп жерде коммунистік еңбек мектептері шын мәнісіндегі коммунистік тәрбие орталығына айналып отыр. Бұл жөнінде Бесқарағай аудандық партия комитетінің қызметін атап өтуге болады. 1963/64 оқу жылында бұл ауданның шаруашылықтарында 67 коммунистік еңбек мектебі құрылып, оған 1 300 адам тартылғанды. Олардың басым көпшілігінде саяси оқу кәсіби-техникалық оқумен, озат тәжірибені үйренумен тығыз ұштастыра жүргізілді. Мектепте сабақ беруге совхоз директорлары, колхоз председателдері, шаруашылықтардың жетекші мамандары, тәжірибелі насихатшылар бөлінді.

«Семеновский» совхозының шошқа фермасындағы коммунистік еңбек мектебін совхоздың бас зоотехнигі Т. Юрченко жолдас басқарды.

Мектептің барлық сабағы ұйымшылдықпен өтіп тұрды. Тыңдаушылар «Совхоздың шаруашылық жағдайына талдау жасау», «Озат шаруашылықтардың арзан шошқа етін өндірудегі тәжірибесі», «Жоспар — совхоз өмірінің заңы», «Өнімнің түсер құнын кеміту жолдары», «Шошқа шаруашылығындағы еңбекті механикаландыру» және басқа тақырыптарды оқып үйренді. Сабақтар көбінесе ферманың тікелей өзінде, мал қорасының басында өтті. Әрбір сабақ жұмысшылардың іскерлік пікір таласына ұласып отырды.

Бұл ферманың коллективі коммунистік еңбек фермасы атағын жеңіп алу үшін күресуде. «Бәріміз — біріміз үшін, біріміз — бәріміз үшін!» деген ұран мұндағы әрбір жұмысшының тіршілік заңына айналған. Малшылар арасында нағыз шынайы достық, берік ынтымақ, қалтқысыз өзара көмек қалыптасқан. Сондықтан да ферма ұдайы жоғары қарқынмен өрге басып, табыстан-табысқа жетіп келеді. Өткен бір жылдың өзінде мұнда шошқа етінің түсер құны бұрнағы жылғымен салыстырғанда 30 процент кеміді.

1964/65 оқу жылында да облыстың көптеген шаруашылығында коммунистік еңбек мектептері сабақты ұйымшылдықпен бастады. Дегенмен аса маңызды бұл істі ұйымдастыруда кейбір кемшіліктің де орын алып келе жатқанын жасыруға болмайды. Колхоздар мен совхоздардың қайсы бірінде коммунистік мектеп қараз жүзінде құрылғанымен, мандытып жұмыс жүргізбей отыр. Кей жерде мектептің сабағы мүлдем үстірт, біржақты өтеді. Ал коммунистік еңбек мектебі адамдарды коммунизмдегіше еңбек етуге ғана емес, коммунизмдегіше өмір сүруге, қоғамдық тіршілікте де, тұрмыста да коммунистік адамгершілік принциптерін бойға сіңіру рухында тәрбиелейтін болуға тиіс. Жергілікті партия ұйымдарының алдағы уақытта бұл жағдайды ескергені мақұл.

Соңғы жылдары Ставрополье, Воронеж диқандарының бастауымен жер-жерде оқу комбинаттары құрылып, өріс ала бастағаны мәлім. Семей облысында да осындай бірнеше оқу комбинаты құрылды. Бұл жөнінде Бородулиха ауданының «Путь к коммунизму» колхозы партия ұйымының тәжірибесі көңіл аударарлықтай.

Колхоздағы оқу комбинатында артель мүшелері жалпы білім беретін пәндермен қатар арнаулы пәндерді, мәселен, трактор, комбайн, автомашина жүргізуді үйренеді, ауыл шаруашылығына керекті басқа да техника тетігін меңгереді. Оқу уақытының бір бөлегі марксизм-ленинизм теориясын үйренуге арналған. Оқу комбинатын бітірген колхозшылар тракторшы, комбайншы, шофер мамандығын алып шығады немесе өзінің бұрынғы мамандығын жетілдіре түседі.

Колхоз басқармасы оқу комбинатына жұмсалатын шығынның бір бөлегін колхоз есебінен өтеуге шешім қабылдады. Оның үстіне басқарма комбинаттағы жаттығу сабақтарына арнап жақсы автомобиль мен шофер бекітіп қойды. Жұрттың сабаққа ойдағыдай әзірленуі үшін қысты күні жұмыс уақытын бір сағат қысқарту, оқып жүрген кісіні ұзақ командировкаға жібермеу ұйғарылған. Колхозшылардың оқуға ынтасын көтеру мақсатымен сабаққа үзбей қатысқан және жақсы үлгіріп жүрген адамдардың жалақысын 10 процент, үздік оқитындардың жалақысын 15 процент арттыру белгіленген.

Оқу комбинатына ұстаздар да жақсы табылды. Бұлар — сегіз жылдық мектептің мұғалімдері Н. Ф. Николенко, Г. Г. Афончиков, С. Ф. Пономарева, А. И. Исатаева, ерлі-зайыпты Пинчуковтар және басқалары. Негізгі пәннен колхоз инженері А. А. Генцель мен тәжірибелі механизатор Р. Э. Зейферт сабақ береді.

Колхозшылардың комбинаттағы оқуына күнбе-күн басшылық етіп отыратын арнаулы совет құрылды. Оның құрамында партия бюросының секретары, комсомол жетекшісі, ауылдық Совет атқару комитетінің секретары, мұғалімдер бар.

Оқу жылы үш тоқсанға бөлінген. Алғашқы екі тоқсанда жалпы білім беретін пәндер оқытылады. Соңғы тоқсанда негізгі пән жүреді. Оның сабағы көктемгі егіс басталғанға дейін толық аяқталатын боп құрылады.

Өз аулында оқу комбинатының ашылуы колхозшылардың білімге деген ынтасын тез көтеріп жіберді. Оқу басталғанға дейін 90 колхозшыдан өтініш түсті. 15 октябрь күні төрт класс бөлмесінде күндіз балалар оқып кеткен парталарға кешкісін ересектер келіп отырды. Бұлардың жас шамалары әр түрлі, бірақ мақсаттары біреу—оқу, білімін көтеру, мамандық алу. Мысалы, бесінші класта шопандар Александр Деринг, Валентина Шек, сауыншы Анна Фохт, шоферлер Александр Рукс, Виктор Гафнер тағы басқалары оқиды. Қолхозшы Р. Фрик, А. Егер, И. Дерингер, шофер В. Вамкау, В. Гиттингер, А. Кефер және басқа көптеген адам — сегізінші класта. Бұлар сегізіншіні бітірген соң арнаулы техникумдарға сырттан оқимыз деп даярланып жүр.

Қолхоздарда, совхоздарда құрылған оқу комбинаттары ауыл адамдарының ой өрісін, білімін, мәдени-техникалық дәрежесін көтерудің өте бір қолайлы құралы екенін өмір қазірдің өзінде-ақ дәлелдеп көрсетіп отыр. Демек, партия ұйымдары оқу комбинаттарын көбейтуге, олардың жұмысын мазмұнды, нәтижелі ұйымдастыруға күнбе-күн қамқорлық жасап, қолдау, көмек көрсетіп отырғаны мақұл.

Облыс партия ұйымы еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің басқа да көптеген әдісін, мәселен, түрлі оқу орындарында сырттан оқу, теориялық және экономикалық конференциялар, курстар, семинарлар ұйымдастыру, халық университеттерін, тұрақты лекторийлер ашу сияқты тәсілдерді пайдаланып келеді. Осының бәрі колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының идеялық-мамандық даярлығын жетілдірумен қатар, олардың еңбектегі белсенділігін күшейтуге, шаруашылықты неғұрлым білгірлікпен, іскерлікпен жүргізуге игі ықпалын тигізіп отыр. Облыс ауыл шаруашылығының еңбеккерлері өткен жылы Отан қоймасына 22 миллион пұтқа жуық астық құйып, ел алдындағы уәдесін абыроймен орындады. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда да абыройсыз болған жоқ.

Биыл Семей облысының еңбекшілері егіншілік мәдениетін көтере отырып, барлық дақылдан мол өнім алу, мал санын көбейтіп, өнімділігін арттыру жөнінде алдарына биік нысана қойып, соған жету үшін қажырлы күрес жүргізуде. Олардың бұл күресте жеңіп шығуына партия ұйымдары өрістетіп жатқан ұйымдастыру жұмысы, адамдардың білімін, мәдениетін, мамандық дәрежесін көтеруге бағытталған пәрменді шаралар көмектесетін болады.

А. ПТУЩЕНКО,

Семей медицина институтының КПСС тарихы мен саяси экономия кафедрасының оқытушысы.

Болашақтың барлаушылары

Елімізде қазіргі заманның тамаша бір белгісі — коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс. Мұның өзі бұқаралық қозғалысқа айналып, қарыштап алға басуда. Өзінің пайда болған уақытының ішінде ол зор экономикалық-моральдық күшке, еңбекте жаппай тамаша ерлік жасаудың, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің шынайы мектебіне айналды. Мұндай күдіреті күшті қозғалыстың еңбекте тууы әрі заңды, әрі табиғи нәрсе екендігі күмәнсіз, өйткені оған социалистік мемлекеттің бүкіл дамуы жолында және елімізде коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірінде қолайлы жағдайлар туғызылды, қажетті негіз жасалды.

Коммунистік еңбеккер атағын алу үшін күрестің аса маңызды болатын бір себебі — бұл қозғалысқа қатысушылар практика жүзінде коммунистік тәрбиені еңбекпен ұштастырды, сөйтіп еңбектің коммунизм орнатушыларды тәрбиелеу ісіндегі маңызын бұрынғыдан да гөрі айқындай түсті. Жарыс өндіріс саласының шеңберінен шығып, адамның күнделікті өмірін қамтыды, еңбекті, оқуды және тұрмысты бір арнамен байланыстырды. Сөйтіп, өндірістік коллектив коммунистік тәрбие беру мектебіне айналуда.

Коммунистік еңбек бригадалары коммунистік еңбектің салтанат құруының табиғи процесін тездетеді, оған неғұрлым қолайлы жағдай жасайды. Коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің өмірі «Коммунизмдегіше жұмыс істейік, оқып үйренейік және өмір сүрейік!» деген ережеге негізделген. Бригада міндеттемелерінің бірі қазіргі жағдайларға сәйкес еңбек өнімділігін неғұрлым жоғары дәрежеге көтеру болып табылады. Осыған байланыс-

ты бригаданың әрбір мүшесі өзінің учаскесінде жаңа техника мен технологияны енгізу үшін өздеріне ерекше ардақты міндеттеме алады.

Қазіргі кезде елімізде бұл қозғалысқа 30 миллионнан астам адам қатысуда. Тек біздің республиканың өзінде бүгінгі таңда коммунистік еңбеккер атағын алу үшін күреске 45 мыңнан астам бригада қатысуда, ал бір мыңнан астам коллектив коммунистік еңбек коллективі деген ардақты атаққа ие болды. Социалистік жарыстың ең жоғарғы сатысы болып табылатын бұл қозғалыс қазіргі жағдайда тек сан жағынан емес, сонымен қатар сапа жағынан да үздіксіз дамып келе жатыр. Алғашқы кезде бұл қозғалыс материалдық игілік өндіретін орындарда пайда бола тұрса да, сонынан жұрттың творчестволық инициативасының өсуіне ықпалын тигізіп, барлық мамандықпен шұғылданып отырған адамдарды да қамти бастады.

Коммунистік еңбеккер атағын алу жолындағы күресті елімізде қоғамдық ғылымдардың әртүрлі өкілдері — экономистер, философтар және тарихшылар зерттей бастады. Тек 1964 жылдың өзінде біздің баспалар бірнеше ондаған кітаптар, кітапшалар, жинақтар басып шығарды. Алайда партия және совет қызметкерлерінің бұл қозғалысты мықтап дамытуына көмектесетін құнды еңбектердің саны әлі де болса аз. Біздің республикада бұған дейін Қазақстан Коммунистік партиясының коммунистік еңбеккер атағын алу үшін күресті ұйымдастыруда жүргізген басшылық қызметінің ролін көрсететін бірде-бір еңбек жарық көрген жоқ еді. Жақында «Қазақстан» баспасы басып шы-

ғарған А. Сармурзиннің кітабы¹ бұл кемшілікті біршама түзетеді.

Кітаптың авторы тиянақты фактілермен түрліше өндіріс орындарының өмірін және басқа да материалдарды терең қадағалап зерттей отырып, коммунистік еңбек жарысын ұйымдастырушы және оған дем беруші партия ұйымдарының қызметіне тоқталады.

Социалистік жарыстың бұл жаңа жоғарғы түрінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Қазақстан Компартиясы республикамыздағы кәсіпорын, құрылыс, транспорт партия ұйымдары еңбекшілерінің патриоттық бастамасын кең тарату жөнінде үлкен ұйымдастыру, саяси-бұқаралық, насихат жұмысын жүргізді. Бұл мәселе бірнеше рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстық комитеттерінің, сонымен қатар Лениногор, Саран, Абай, Шахт, Көкшетау қалалық комитеттерінің пленумдары мен активтерінде талқыланды.

Кітапта КПСС Орталық Комитетінің Қазақстанның партия ұйымдарына берген көмегінің орасан зор роль атқарғаны көрсетілген. Алдыңғы қатарлы озат тәжірибелерді кеңінен таратуда, еңбекшілердің ынта-жігерін арттыруда. Қазақстанның көпшілік облыстарында КПСС Орталық Комитеті ұйымдастырған бригадалар мен комиссиялар елеулі көмек көрсетті.

КПСС Орталық Комитетінің қолдауымен 1961 жылы Тын өлкесінің қалалары мен ауыл-селоларына 11 мыңнан астам құрылысшылар және мамандар жіберілді, олардың басым көпшілігі коммунистік бригадалардың мүшелері еді. Мұның өзі Қазақстанда алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен қызметкерлердің өсуіне белгілі бір жағдай жасады. 1963 жылдың

январь айында КПСС Орталық Комитетінің бюросы В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының партия ұйымының жұмысына жоғары баға берді, техникалық прогрестің, кеншілердің творчестволық инициативасының артқандығын атап көрсетті. КПСС Орталық Комитетінің күнделікті қамқорлығының арқасында республикамызда коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күрес жаңа сатыға көтеріліп, іс жүзінде қуатты бұқаралық қозғалысқа айналды да, халық шаруашылығының барлық саласына жайылды.

Еңбекшілердің асқан белсенділігі, олардың сана-сезімінің өскендігі, коммунистік құрылысты тездетуге ынталануы, патриоттық қозғалысты насихаттау жолында партия ұйымдарының сан алуан жұмыс жүргізуі — міне осының бәрі республикамызда социалистік жарыстың жаңа формасының бұрынғыдан да гөрі кең дамуына мүмкіндік берді.

Автор кітапта КПСС XXII съезінің қарсаңында жарыстың одан әрі дамып, бұл қозғалысқа көптеген өндіріс орындарының, жұмысшылар мен қызметкерлердің қосылғандығын, сөйтіп бұл қозғалыстың жалпы халықтық қозғалысқа айналғандығын көрсетеді. Партияның XXII съезі қарсаңында бұл қозғалысқа 500 мың адам қатысқан еді, ал 1964 жылдың 1 январында бұл қозғалыс 1 миллион 110 мың адамды қамтыды.

Коммунистік еңбек бригадаларында адамдардың еңбекке және қоғамдық меншікке деген көзқарастарының болашақ коммунизм заманында болатын алғышарттары қалыптасуда. Мұнда жоғары өнімділікпен, ұйымшылдықпен, үнемшілдікпен жұмыс істеу, жаңа техника мен технологияны табандылықпен еңгізу, еңбекте озат әдістер мен тәсілдерді қолдану кеңінен орын алған. Сонымен бірге, жарысқа қатысушылардың әрқайсысы жеке басының бүкіл коллективке, қоғамға пайдалылығын сезініп, үнемі оқып, білім алуға,

¹ А. Сармурзин. Қазақстандағы коммунистік еңбек қозғалысына партия басшылығы. «Қазақстан» баспасы, орыс тілінде. Алматы, 1964 жыл.

ғылым мен техника саласындағы жаңалықтармен, социалистік мәдениеттің жетістіктерімен қарулануға ұмтылуда. Соның нәтижесінде еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесі артып, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтарды біржола жоюға бастайтын жағдайлар туып отыр.

Кітапта Қазақстан партия ұйымдарының коммунистік жарысқа қатысушылардың ғылым мен техника жаңалығын, өндіріс озаттарының әдістерін игеруіне камкорлық жасап отырғанын, олардың күш-жігерін өндіріске жаңа техника мен технологияны енгізу жолындағы, өндіріс жұмыстарын түгел механикаландыру, автоматтандыру, жаңашылдардың қозғалысын кеңінен өрістету жолындағы күреске жұмылдырып отырғанын, осының нәтижесінде республикамызда жаңашылдар мен өнертапқыштардың саны өсіп, кейбір өндіріс орындарында қоғамдық конструкторлық, экономикалық талдау бюролары, ғылым мен техника университеттері, жаңашылдар советтері құрылғандығын көрсететін көптеген нақты материалдар бар.

Коммунистік еңбек қозғалысына қатысушылар коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісіне де өздерінің елеулі үлестерін қосуда. Республикамызда соңғы жылдары қол жеткен зор табыстар көбінесе осылардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында жаңа техниканы, прогрестік технологияны өндіріске енгізу жөніндегі инициативалық комиссия, қоғамдық конструкторлар бюросы, инженерлік білім мектептері құрылған. Металлургия процестерін интенсификация жөнінде елеулі шаралар жүзеге асырылды. Оттегімен үрлеу әдісі өндіріске енгізіліп, мұның өзі балқыту пештерінің өнімділігін арттыруға, шлакта қалып қоятын қорғасынды азайтуға, еңбек жағдайын мықтап жақсартуға мүм-

кіндік берді. Комбинат елімізде бірінші болып мырыш концентраттарын «қайнаған қабатта» күйдіруге көшті. Комбинаттың коллективі өндірістің дәрежесі жағынан бақылау цифрларында 1965 жылға белгіленген көрсеткіштен қазірдің өзінде-ақ асып түсті.

Коммунистік еңбек жолындағы күрес — өзінің мәні жағынан интернационалдық құбылыс. Ол тек Советтер Одағында ғана емес, сонымен қатар бүкіл социалистік лагерде де кеңінен дамуда. Біздің елде пайда болған бұл қозғалыстың әсерімен социализм орнатып жатқан елдерде социалистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы күрес өріс алуда.

Кітаптың белгілі тарауы Қазақстандағы коммунистік еңбек бригадалары мен социалистік елдердегі социалистік еңбек бригадаларының арасындағы интернационалдық байланысқа арналған. Социалистік елдердің Совет Одағында болған делегациялары, мәдениет қайраткерлері бұл жаңа патриоттық қозғалысқа өздерінің назарын аударып, бұған қатысушы адамдардың қажырлы еңбектеріне тандануда. Герман Демократиялық Республикасының кинематографистері ерлі-зайыпты Торндайктер «Орыс кереметі» деген кітабында Қарағандының Қыдыралы Омаров бастаған коммунистік еңбек бригадасының өмірін айта келіп, былай деді: «Біздің көргендеріміздің бәрі де жаңа құбылыстар — жаңа болғанда еңбекке көзқарас, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы, жалпы өмірге көзқарас мағынасында айтып отырмыз. Бұл жаңа құбылыстардың бәрі де өте күрделі процестердің жиынтығы ретінде қалыптасып, бір-бірімен тығыз байланысты болған уақытта ғана жаңа адамдардың моральдық тұлғасын бейнелейді».

Қазақстан еңбекшілері бүкіл Совет Одағының жұмысшыларымен бірге туысқан социалистік елдердің және жақында ұлт бостандығына ие болған бұрынғы отар

елдердің еңбекші халықтарына көмек көрсетуді өздерінің интернационалдық борышы деп есептейді. Асуан плотинасын салуға Қазақстанның екі топ құрылысшылар бригадасы қатысты. Олардың ішінде коммунистік еңбек бригадасының мүшесі Ақыш Ермеков, Николай Назаров тағы басқалары бар. Олар өздерінің адал еңбегімен, асқан шеберлігімен үлгі көрсетіп қайтты.

Коммунистік еңбек бригадаларының еңбекшілер бұқарасын моральдық рухта тәрбиелеудегі атқаратын роліне кітапта белгілі орын берілген. Коммунистік мораль — ең прогресшілдікті, асқан адамгершілікті арқау ететін мораль. Ол жұмысшы табы мен қоғамның барлық алдыңғы қатарлы күштерінің мүдделерін бейнелейді және адамзаттың прогресіне сәйкес келеді. Оның принциптері қоғамдық даму заңдарын ғылыми тұрғыдан түсінуге негізделген. Коммунизм орнату үшін күресу, коммунизмге шексіз берілгендік және оның жауларына мейірімсіз болу — коммунистік моральдың мәні міне осында.

Коммунистік моральдың нормалары мен принциптерін, адамға қойылатын негізгі талаптарын коммунизм жолындағы күрес қана белгілейді. Коммунизм үшін күрестің әрбір тарихи кезеңінде бұл мораль нақтылы мазмұнмен толықтырылып, нақтылы міндеттерге бағындырылып отырады. Сөйтіп, қазіргі кезде коммунистік адамгершіліктің жаңа сыйпаттары коммунистік еңбек коллективтерінен айқын да анық көрініп отыр. Оларда еңбек коллективтерінің жаңа, нағыз коммунистік этикасы қалыптасуда. Олар жаңа моральдық принциптерді жүзеге асырып отыратын толық мағыналы, жан-жақты, жасампаз өмірге, коллектив мүшелерінің ең асыл адамгершілік қасиеттерін тасыта беруге талпынуда. Коммунистік еңбек коллективтері мен екпінділеріне тән үлкен бір қасиет — өзара жолдастық көмек пен қарым-

қатынастың кең өріс алуы, өндірісте де, тұрмыста да бір-біріне қамқоршы болу. Коммунизмдегіше жұмыс істеу және коммунизмдегіше өмір сүру деген ардақты қағидалардың өмірде қоян-қолтық ұштасуы, біте қайнасуы міне осыдан көрінеді.

Кітапта коммунистік еңбек жарысын өрістетуге кейбір партия ұйымдарының жөнді басшылық етпейтіндігі, бұған үстірт, салақ қарайтындығы батыл сыналған. Жарыстың бұл жаңа түрі республикамыздың кейбір құрылыс орындарында онша өріс алмаған. Кейбір құрылыс орындарында өндірістік жоспардың толық орындалмайтыны, құрал-саймандардың босқа қарап тұратыны, жұмыстың сапасыз істелуі осыдан. Кейде социалистік жарыстың қорытындысы бір жақты шығарылып, онда тек өндірістік жетістіктер ғана есепке алынады да, жұмысшылардың оқуы, олардың тұрмысы, мінез-құлқы, сана-сезімі, еңбек тәртібі мәселелері көбінесе ұмыт қалады. Сондықтан коммунистік жарысқа қатысушылардың арасында қыдырымпаздыққа салынатындар, социалистік тұрмыс салтының ережелерін бұзатындар некен-саяқ болса да кездесіп қалады. Кітапта кейбір өндіріс коллективтерінің жұмысының жеткіліксіз жақтарына терең талдау жасалып, көптеген практикалық кеңестер беріледі. Мұның өзі басқа коллективтердің жұмысын дұрыс жолға қоюына көмегін тигізетіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда, А. Сармурзиннің республика өміріндегі өте бай материалдар негізінде жазылған бұл кітабы — партия, комсомол, кәсіподақ қызметкерлерінің күнделікті практикалық жұмысына да, үгітшілер мен насихатшыларға да пайдасын тигізе алатын құнды еңбек.

Ө. МАЛЫБАЕВ,

тарих ғылымының докторы,

Ғ. АҚМАМБЕТОВ,

философия ғылымының кандидаты.

Партия тұрмысы мәселелері байыпты жазылсын

Міне алдымызда үш облыстық газеттің тікпелері жатыр: олар «Еңбек туы» (Жамбыл), «Ертіс» (Семей) және «Ленин жолы» (Қызылорда) газеттері. Соңғы бірнеше айдағы номерлерін шолып отырғанда «Партия тұрмысы» деген таныс рубрика кейде жиі, кейде сирек бой көрсетіп қалады газет беттерінен. Осыған карап, «көп жазылады екен, жақсы жазылады екен» деп, немесе «аз жазылады екен, нашар жазылады екен» деп бағалау, әрине, дұрыс болмас еді. Ендеше газеттердің беттеріне тереңірек үніле түселік: материалдардың мазмұнына зер салалық; көтерілген мәселелердің бүгінгі өмір тынысымен қаншалықты үйлесіп жататындығына назар аударалық; жергілікті партия ұйымдарының сан қырлы, терең мәнді жұмысы қаншалықты жүйелі, қаншалықты білгірлікпен жазылатындығын салмақтап көрелік.

Аталған газеттердің беттерінде партия тұрмысы, идеологиялық жұмыс тақырыптарына берілген материалдар жалпы алғанда аз емес. Редакциялардың кейбір реттерде «Партия тұрмысы» деген жалпы рубрикамен қанағаттанып қалмай, партия жұмысының белгілі бір мәселелерін кеңірек көрсетуге бағытталған арнаулы рубрикалар енгізуге де талаптанғаны, яғни кейбір ретте творчестволық ізденудің нышанын көрсеткені де байқалады.

Жергілікті партия ұйымдарының жұмысындағы жақсы тәжірибені ортаға салу, төменгі партия қызметкерлеріне көмек көрсету мақсатымен Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газеті «Партия қызметкерлерінің сырттан өткізілетін семинары» рубрикасын ашты. Газет бетінде ұйымдастырылған бұл семинарға қалалық, ау-

дандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары және басқалары қатысып, өздерінің тәжірибелерін, ұсыныстарын, ойларын ортаға салды.

Мысалы, Ә. Ысмайыловтың көлемді мақаласының мазмұны «Бастай да, ұйымдастыра да білсек...» (мақала осылай аталады) өрге баспайтын іс, орындалмайтын міндет, түзелмейтін кемшілік жоқ дегенге саяды. Мерке аудандық партия комитеті шаруашылыққа партиялық басшылықты жақсарту жөнінде бірсыпыра игі істер істеген. «...Біз, — деп жазады автор, — қабілетті және инициативалы колхоз председателдерін, совхоз директорларын, ауыл шаруашылығы мамандарын іріктеу жөнінде үлкен жұмыс атқардық. Партком шаруашылық ісін ақсатқан қызметкерлерді батыл ауыстырды. ...Қазіргі кезде 24 совхоз директоры мен колхоз председателінің 23-нің жоғары және орта білімі бар. Олардың көпшілігі ауыл шаруашылығының мамандары. Бөлімше, ферма меңгерушілерінің, бригадирлердің тең жартысының арнаулы білімдері бар...». Айта кету керек, бұл жерде автор істелген жұмыстарды жәй тізбектеп айта бермейді, «жарамсыз кадрларды ауыстырып едік, істің жайы өзінен өзі жақсарып сала берді» деп келте қайырмайды, іскер, білімді, маман кадрларды дұрыс іріктеп алудың, бастауыш партия ұйымдары секретарьларының құрамын жақсартудың, жалпы ұйымдастыру, басшылық жұмысын жолға қоюдың қандай нәтиже бергенін бұрын артта қалып келген кейбір шаруашылықтардың мысалы арқылы байыпты көрсетеді.

Сол сияқты, Жамбыл атындағы

колхоз парткомының секретары Ш. Мырзалиев партия жиналыстарын әзірлеу, өткізу және қабылданған қаулылардың орындалуын тексеруді ұйымдастыру жөніндегі тәжірибелерін ортаға салды. «Трудовой пахарь» колхозы партия ұйымының секретары С. Жүнісовтың, Жамбыл қалалық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Р. Келесовтың сөздерінде де бірсыпыра жәйттер әңгіме болады.

Семей облысының Ақсуат ауданындағы «Комсомол» совхозының партия ұйымы идеологиялық жұмысты шаруашылық және мәдени құрылыстың келелі міндеттерімен тығыз ұштастырып отыру, бұқараға идеялық ықпал жасаудың жаңа әдістері мен құралдарын жете пайдалану жөнінде игілікті бастама көтерген болатын. Бұл бастаманың мәні мынада: ауылдағы барлық үйлер он-онан үгіт үйлеріне бөлініп, әрбір он үйге екі үгітшіден бекітіледі. Үгіт жұмысын бұлайша ұйымдастырудың бұрынғы онүйліктерден айырмашылығы — үгіт үйі екі апта сайын он үйге кезектесіп көшіп отырады. Үгіт үйі көшіп келген үйге жаңа кітаптар, газет, журналдар қойылады. Сол он үйдегі еңбек адамдарының өндірістік табыстары, балаларының оқу үлгірімі де жазылып ілінеді. Әр аптаның сәрсенбісі «Үгіт күні» есептеледі, осы күні он үйдің адамдары үгіт үйіне жиналып, әртүрлі тақырыпта қызықты әңгіме тындайды, өздерінің тілектерін айтады, ойларын ортаға салады.

Облыстық «Ертіс» газетінде «Комсомол» совхозы партия ұйымының осы бастамасы өткен жылдың басында арнаулы «Бет-плакат» болып басылғанды. Облыстың партия ұйымдарында бұл бастама кезінде қызу қолдау тапқан болатын. Енді арада бір жыл өткен соң, газет сол бастама иелеріне қайта оралып, комсомолдықтардың өткен уақыт ішіндегі жұмысын қорытындылауға тағы да бір бет арнады. «Үгіт жұмысынан есеп береміз» деген рубри-

камен жарияланған арнаулы «Бет-плакатта» совхоз партия ұйымының секретары Ә. Қасенғазин мен газеттің арнаулы тілшісі Қ. Туғанбаевтың «Жаңа бастаманың өзін ақтағанын» (бет осылай аталады) тартымды баяндап бергендігі өте құптарлық іс болған. Бұл жерде редакцияның саяси үгітті жаңаша ұйымдастырудың берген кейбір нәтижелерін айта отырып, игілікті бастаманың одан әрі қанат жаюына жаршы болу мақсатын көздегені аңғарылады.

Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде де партия тұрмысы, әсіресе атеистік насихат тақырыбы бірсыдырғы тәуір жазылып келе жатқанын атап өту керек. Редакция өткен жылдың сентябрь айынан бері «Бастауыш партия ұйымдары секретарьларының трибунасы» деген арнаулы рубрикамен колхоз, совхоз, кәсіпорын партия ұйымдарының секретарьларына газет бетінде сөз беріп келеді.

Алайда бұл айтылғандардан газеттерде партия тұрмысы, идеологиялық жұмыс мәселелерін жазуда елеулі кемшіліктер жоқ деген қорытынды әсте шықпауға тиіс. Ең басты кемшілік, — бұл басқа газеттерге де тән деп есептейміз, — партия тақырыбындағы материалдардың жүйелі, жоспарлы түрде берілмеуі. Редакциялар әйтеуір «Партия тұрмысы» рубрикасы газет бетінен түспесін деген ниетпен қолға түскен материалдарды талғаусыз баса береді, авторлармен жеткілікті де дәйекті жұмыс істемейді. Мұның ақыры жергілікті партия ұйымдары өмірінің үстірт көрсетілуіне, басты-басты мәселелер төңірегінде келелі әңгіме қозғаудың, шаруашылыққа партиялық басшылықтың, идеологиялық жұмыстың тәжірибесін жинақтап отырудың орнына, барлық мәселелер жөнінде, егжей-тегжейіне жетпей, жалпылай жазуға, түрлі жиналыстар мен кеңестерден құлаш-құлаш есептер басумен тым көп әуестенушілікке әкеп соқтырады.

«Еңбек туы» газеті өткен жыл

ғы 1 ноябрьдегі номерінде № 10 Қордай автобазасы партия ұйымы секретарының орынбасары М. Головинге сөз берген. Қызылша жинау мен тасудың ақырғы, шешуші шағында шоферлердің үлкен коллективі саяси жетекшілерінің бірін газет бетінде сөйлету, әрине, қажет нәрсе. Бірақ автордың бар айтқаны қызылша тасудың қызу жүріп жатқандығы, озат шоферлердің көрсеткіштері ғана болды. Коллективте саяси тәрбие жұмысының жолға қойылуы, социалистік жарыстың ұйымдастырылуы жайында ешнәрсе айтылмай қалды. Ендеше әдетте көп беріліп жататын мұндай хабардың «Партия тұрмысына» қандай қатысы бар?

«Ертіс» газетінде «Сенім» деген (авторы М. Жәкембаев, 24 ноябрь, 1964 ж.) тілі біршама жатық суреттеме басылды. Онда әңгіме «Ақсуат» совхозының озат шопаны Тоқан Шәйкеновтың партком мүшелігіне сайланып, оған үлкен сенім көрсетілгенінен басталады. Енді ол осы сенімді қалай ақтады, коллективтің саяси өміріне қалай ат салысып жүр? — суреттемені оқып отырғанда осыны білгің келеді. Бірақ бұл үмітің ақталмайды — суреттемеде озат шопанның бейнесі бар, ал партком мүшесі шопанның бейнесі жоқ. Суреттеменің тақырыбы «Сенім» болған соң, әңгіменің өзегі «сенім» болған соң, осы «сенім» төңірегінде көбірек сөз болуы керек емес пе. Автор бұл міндетті: «...Тоқан Шәйкенов озат қана емес, жақсы тәжірибенің, большевиктік жалынды сөздің жаршысы да. Партком мүшесі ретінде көрші шопандар арасында тартымды әңгіме өткізуді, оларға жолдастық қолғабыс жасауды міндетіне алыпты. Жайлауда да, қыстақта да асыға күтеді оны еңбектес достары...» — деген дағдылы жалпылама сөздермен «орындап шыққан».

Атап кететін елеулі бір кемшілік — газеттерде идеологиялық жұмыс мәселелері әлі де болса үстірт жазылады. Партиялық на-

сихат, бұқаралық-саяси үгіттің ықпалы жеткілікті көрсетілмейді. Партия оқуы жүйесіндегі түрлі үйірмелердің, семинарлардың жұмысы, таңдаулы насихатшылардың, үгітшілердің немесе тұтас үгіт коллективтерінің жұмысы жан-жақты көрсетілген материалдар, теориялық мақалалар жоқтың қасы деуге болады. Әдетте редакциялар партия оқуы жайында оқу жылының басында және аяғында ғана еске алады. Осы кездерде бір-екі бас мақала, жеке хабарлар, корреспонденциялар беріледі. Ал бұл мәселені жүйелі түрде, ұдайы жазу, жергілікті партия ұйымдарына көмек боларлықтай материалдарды бүкіл оқу жылында үздіксіз беріп отыру дағдыға айналмаған.

Коммунистік еңбек жолындағы жарыс бүкіл халықтық сыйпат алып, заманымыздың қуатты қозғалысына айналды. «Болашақтың барлаушылары» деп аталған жарыс озаттары, тұтас коллективтер қазір әрбір облыста, ауданда, колхозда, совхозда, кәсіпорында бар және аз да емес. Осы қозғалыстың одан әрі қанат жаюы, барлық совет адамдарының коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі бойынша еңбек етіп, өмір сүруіне жету үшін енді партия баспасөзден коммунистік еңбек екіпінділерінің, коллективтерінің еңбектегі табыстарын, рухани өмірін неғұрлым толық және байыпты жазуды талап етіп отыр.

Алайда бұл аса маңызды тақырып шын мәнінде ұмытылып барады. Егер алғашқы кезде коммунистік еңбек жолындағы жарыс жаңа басталған шақта, газеттер өмірдің өзі туғызған бұл тамаша жаңалықты іліп әкетіп кеңінен жазған болса, соңғы уақыттарда оқта-текте шағын хабарлар басумен, коммунистік еңбек жолындағы жарыс озаттарының кеңестерінен есептер берумен ғана тынып келеді. Ал коммунистік еңбек коллективтерінің өмірінде барша жұртқа үлгі етіп тартарлықтай өнегелі істер көп. Сондай-ақ бұл

тамаша қозғалыстың одан әрі қанат жаюына кесірін тигізетін кемшіліктер — бос сөзге әуестік, даурықпалық, үстірттік те жоқ емес. Демек, коммунистік еңбек жолындағы жарыс газет бетінен түсірмей, ұдайы жазатын маңызды тақырыптың бірі болуға тиіс.

Сын мен өзара сын — қоғамның алға басын тездететін орасан зор күш, кадрларды тәрбиелеудің маңызды тәсілі деген белгілі қағиданың баспасөзге тікелей қатысы бар. Газет бетіндегі сын жалған сын да болмасын, жалтақ сын да болмасын, ал жұмыстағы кемшіліктер мен қателіктерді жалғанның жарық дүниесіне алып шығып, көптің талқысына салатын, ақыл-кеңес беретін, сөйтіп істің жайын жақсартуға жәрдемдесетін сын болсын деп үйретеді бізді партия. Алайда біздің газеттерде жарияланып жүрген сын материалдардың көпшілігі бұл талаптарға сай емес. Нысанға дөп тиіп жататындары өте аз. Кейде газеттердің кімді сынап отырғанын, қандай кеңес беріп, тұжырымды ой айтып отырғанын ажыратып алу қиын. Әрине, мұндай сынның жұмысымызға келтірер пайдасы шамалы, ол елеусіз қалып қояды.

Бір мысал. «Ленин жолы» газеті өткен жылдың 16 декабріндегі номерінде «Табыс кілті — партия басшылығында» деген көлемді сын мақала жариялады. Бірақ оны оқып шыққанда «колхоз партия ұйымының негі ескермей отырғанын» (тақырыпшасы осылай аталады) түсіну қиын. Өйткені автор «бәрін қамтыған, бәрін жазған». «Мүлде қанағаттанғысыз», «тапсырмалар берілмейді», «бетімен жіберілген», «қамтамасыз етілмейді», «естен шығарған», «өткізілмейді», «шұғылданбайды» деген сөздермен бітетін сөйлемдер мақаланың басынан аяғына дейін тізбектеле береді. Ал осы кемшіліктердің сыры неде, істің жайын қайткенде тез түзетуге болады? — бұл жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Автордың фактілерді тіз-

бектегені соншалық, кейде өзіне өзі қайшы келіп те жатады.

Мақалада кемшіліктердің соншама тізбектелгеніне қарағанда бұл үшін біреулерге елеулі кінә тағылатын шығар, газет өзінің кесімді сөзін айтатын болар деп ойлайсың. Бірақ ұзақ әңгіменің түйіні тағы да жалпылама сөздерге саяды.

Әдетте летучка аталатын жиналыстарда болсын, редколлегия мәжілістерінде немесе партия жиналыстарында болсын «суреттеме, очерк жазбаймыз, фельетон жоқ, оқушыны тартатын материал азайып кетті» деген пікірлер айтылып жатады. Осыдан кейін «қаламының желі барлар» қойын дәптерлерін ақтаруға кіріседі, онда ештеңе қалмаса редактордан командировка сұрайды. Ақырында, ат қойылып, айдар тағылған материалдар секретариатқа түсе бастайды. Бірақ, егер суреттеме, очерк болса, тағы да шаруашылық тақырыпқа — озат механизатор, озат сауыншы, озат құрылысшы туралы болады. Ал жергілікті партия ұйымдарында күнбе-күн істеліп жатқан үлкен жұмысты үлкен шабытпен жазуға талаптанушылар суырылып шыға қоймайды. Бұл неліктен сонда?

Мұның басты себебі — кейбір редакцияларда, журналистер арасында партия тақырыбындағы материал «ұстамды, қарапайым болуға тиіс» деген теріс пікірдің орын алып келе жатқандығында; «ұстамды, қарапайым» жазу дегеннің мәжіліс хат, болмаса анықтама үлгісімен, стилімен жазу емес екеніне мән бермеушілікте; партия ұйымдарының сан қырлы, қызықты өмірі туралы жазу үшін творчестволық ізденуге ықыластың жоқтығында.

Партия тақырыбына суреттеме де, очерк те, жалынды публицистика да, қызықты корреспонденция да, фельетон да, өткір сын мақала да жазу керек және жазуға болады да, сондай-ақ партия ұйымы секретарының, насихатшы мен үгітшінің сөзін де, хаттарды да тартымды әзірлеудің жолдары

көп. Ал бұған қабілетті журнал-листер бізде аз емес. Әңгіме партия жұмысының стилі мен әдістерін жетік білуде, сөйтіп бұл тақырыпқа жазғанда бос сөзге әуестіктен, жалпылай айту әдетінен біржолата арылуда болып отыр.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь Пленумдарынан кейін еліміздегі коммунистік құрылыс ісінде партия ұйымдарының ролі бұрынғыдан да арта түсті. Партия өмірінің және коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен нормалары одан бі нығайтылып, партия жұмысының стилі мен әдістері жетілдірілуде партияның бұқарамен байланысы одан сайын күшейіп келеді. Совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін жақсартуға бағытталған шаралар белгіленді, өнімнің сапасын арттыру, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісін жолға қою талап етіліп отыр. Шаруашылық құрылысқа басшылықта соңғы кезде орын алып келген даурықпашылыққа, саяси сөзуарлыққа, мақтаншақтыққа, субъективизмге, түбі шикі, лақпа сәуегейлікке қарсы батыл күрес ашылды.

Осымен байланысты газеттерге қойылатын талап та үлкен. Ең алдымен, партия тұрмысы тақырыбы газет бетінен түспеуге тиіс. Мұның өзінде жергілікті партия ұйымдарының жан-жақты өмірі түрлі жиналыстар мен кеңестерден есептер беру, саяси-ағарту жүйесіндегі сабақтардан хабарлар басу арқылы ғана емес, газет бетінде партия бұқарасының өзін — коммунистерді, партия ұйымы секретарьларын, насихатшылар мен үгітшілерді, партия қызметкерлерін неғұрлым көп сөйлету арқылы көрсетілуі шарт. Газеттер шаруашылық құрылысқа партиялық басшылықтың тәжірибесін, партия ұйымдарының идеологиялық жұмысын үнемі жинақтап отыруға, сонымен бірге орын алған кемшіліктер мен қателерді принципіл, әділ сынға

алып, оларды түзетудің жолдарын көрсетіп, бүкіл партия жұмысының стилі мен әдістерін үнемі жетілдіре беруге барынша жәрдемдесуге міндетті. Коммунистердің өндірістегі және қоғамдық өмірдегі авангардтық ролі, социалистік жарыс, оның ең жоғарғы формасы — коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс, адамдарға коммунистік тәрбие берудің әдістері, бұқараға саяси басшылықтың тәжірибесі, басшы қызметкерлердің моральдық бейнесі және басқалары — міне, мұның барлығы өмірді терең зерттеп, білгірлікпен, байсалды жазуды талап ететін тақырыптар.

Әсіресе өндіріске неғұрлым жақын тұрған бастауыш партия ұйымдарының өмірін газет бетінде жан-жақты жазуға айырықша көңіл бөлген абзал. Өйткені бастауыш партия ұйымы еңбекшілер арасында тікелей жұмыс жүргізеді, оларды партияның төңірегіне топтастырады, бұқараны партияның саясатын жүзеге асыруға, елімізде коммунизм орнату жолындағы күреске жұмылдырады. Бастауыш ұйым — Коммунистік партияның ісі үшін табанды да белсенді күрескерлерді қалыптастыратын тәрбие мектебі. Міне, бұл жерде шаруашылық және мәдени құрылысқа партиялық басшылықтың тәжірибесі, бұқара арасындағы саяси жұмыс, коммунистерді өндірістің шешуші салаларына орналастыру, кадрлардың оқуы, партия ұйымының жалпы ішкі жұмысы сияқты талай тамаша тақырып газет беттеріне өздері сұранып тұрған жоқ па.

Газеттердің редакциялары, олардың партия тұрмысы бөлімдері бұдан былайғы жерде партия жұмысының түбегейлі мәселелеріне баса назар аударып, партия ұйымдарының шаруашылық құрылысқа басшылығы, партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси, идеологиялық жұмыс тәжірибелері туралы істің байыбына барып жазуда творчестволық белсенділік көрсетуге міндетті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

Бейбітшіл халықтардың әділ ісі сөзсіз жеңеді

Жер шарының әр тарабында болып жатқан агрессиялық әрекеттердің қайсысын алсақ та, оған американимперализмінің тікелей немесе жанама қатысы барлығын аңғару қиын емес. Халықаралық жаңдарм болып отырған американимперализмі, әсіресе, соңғы февраль айында Үндіқытай ауданында агрессиялық қимылды күшейтіп, дүние жүзінің халқына қарсы бағытталған соғыс қаупін үдете түсті. АҚШ-тың Соғыс министрі Макнамара жуырда американимперализмнің самолёттері Вьетнам Демократиялық Республикасының территориясын қайдан ұшып, қалай бомбалағанын баспасөз конференциясында беті бүлк етпестен жария етті. Америка Құрама Штаттарының Солтүстік Вьетнамға қарсы агрессиялық әрекеттерін ол әлденендей дәлелдер келтіріп, ақтағысы келді. Пентагон Үндіқытайдағы соғысты ұшықтыруға күштар-ақ.

Американимперализмнің таяуда құпия шешім қабылдаған. Ол шешім бойынша американимперализмнің билеуші топтары бұдан былайғы жерде ешбір дәлелсіз Вьетнам Демократиялық Республикасын бомбалауды жүргізе беруді көздейді. Олар Вьетнам Демократиялық Республикасы Оңтүстік Вьетнам халқын үгіттеп, сайгондық диктаторға қарсы күресті тоқтатуға көндірсін деп көздейді. Сонда, американимперализмнің агрессорларының айтуынша, Оңтүстік Вьетнамдағы ұлт-азаттық қозғалысын жүргізіп отырған Солтүстік Вьетнамдағылар болып отыр. Вашингтонның енді бір топ саясатшыларының ойынша, Солтүстік Вьетнам территориясын атқылау бір-бірімен итше қырқысып жатқан сайгондық генералдарды жігерлендіре, ынтымақтастыра түседі-міс.

Бұл пікірлердің дұрыс-бұрысын анықтау үшін әлде бір бейтарап жаққа жүгінбей-ақ, американдардың өздеріне сөз берейік. Американимперализмінің экономисі Роберт Браун Оңтүстік Вьетнамда үш жарым жыл тұрған кісі. Ол былай деп жазды: «Вьетнамдағы американимперализмнің қарулы күшін әкете—вьетнам халқының шын тілегі». «Нью-Йорк таймстың» әскери шолушысы Хэнсон Болдуин американимперализмнің самолёттерінің бомбасы «Оңтүстік Вьетнамда ешбір жеңіске жеткізбейді» десе, Уолтер Липпман «есі дұрыс адам бұл соғыста АҚШ-тың жеңіске жетуін ойламаса керек» деп жазды.

АҚШ президенті Линдон Джонсон конгреске жолдаған «Елдегі жағдай туралы» хатында Оңтүстік Вьетнамдағы американимперализмнің саясаты жайлы сұраққа жауап беруден жалтарды. Солай бола тұрса да, оның сөз саптауынан Американимперализмнің осы жерде мән-мағынасыз соғысты жүргізе беретіні сезіліп еді. Шетел істері жөніндегі сенат комиссиясының жабық мәжілісінде де Оңтүстік Вьетнам мәселесі қаралды. Сенатор Гор «Раск не соғыс, не саясат мәселесі жөнінде ешбір жаңа стратегия ұсына алмады» деп мәлімдеді. Ал шынтуайтқа келгенде, Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік секретары нендей ұсыныс жасауы керек еді? Американимперализмнің агрессорларының Оңтүстік-Шығыс Азиядағы саясаты әлдеқашан дағдарысқа ұшырағанын, әрине, ол ашықтан-ашық әсірге мойындай қоймас еді.

Үндіқытай жер шарының ең қауіпті соғыс ошағына айналып отыр. Қазір дүние жүзінде нақ осы маңдағыдай шиеленіскен жағдайды кездестіру қиын. Американимперализмнің билеуші топтарының осы ауданда жүргізіп отырған соғысы қазіргі ең ірі соғыс десек, ешбір қателеспейміз.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы арандатушылық әрекетті американимперализмнің агрессорларының ойластырғанына аз уақыт өткен жоқ. Вашингтон басқа елдердің ішкі ісіне арсыздықпен араласу саясатын бұрыннан-ақ жүргізіп келеді.

Вашингтонның Үндіқытайда соғысты күшейтудегі мақсаты не? Американимперализмінің өз территориясынан мыңдаған километр қашықтықтағы Оңтүстік-Шығыс Азияда көздеп отырған нендей мүддесі бар?

Америка Құрама Штаттарының соғысты өршітіп отырғандағы мақсаты біреу-ақ. Оңтүстік Вьетнамдағы соғысты оған жәрші елге де тарату арқылы Пентагон Сайгон қуыршақ үкіметінің тәртібін сақтап қалғысы келеді. Сөйтіп іріл-шіріген, күні батуға айналған отаршылдық тәртіпті Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа халқына еріксіз тапғысы келеді.

Басқа бір елге қарсы шабуыл доктринасын қолдану үшін Вашингтон ашықтан-ашық соғыс саясатын жүргізіп отыр. Ақ үйдегілер интервенция саясатын іс жүзінде көріп, сынау үстінде. Өйткені олар мұндай саясатты басқа да көптеген елдерге қарсы жүргізуді ойлайды.

Американимперализмнің агрессорлары қаншама жанталасқанымен Оңтүстік-Шығыс Азияда өз үстемдігін орната алмайды. Оңтүстік Вьетнамдағы қазіргі жағдай бұған дәлел. Жақында генерал Қхань Оңтүстік Вьетнам қарулы күштерінің бас командашасы міндетінен босады. Егер шамасы келсе, ол бұл жұмыстан айрылмас еді. Бірақ сайгондық генералдар арасында алауыздық күшейе түсуде. Көптеген генералдар Қханьға қарсы болған. Оның орнынан түсуін АҚШ-тың Сайгондағы елшісі генерал Тэйлор қолдаған кө-

рінеді. Өткен бір жылға жуық уақыттың ішінде ғана Оңтүстік Вьетнамдағы үкімет он бір рет өзгерді. Пентагон сайгондық қуыршақ өкілдерін бірінен соң бірін дойбының тасындай алмастыра бергенімен мұндағы позициясын сақтап қала алмайды. Вашингтонның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы агрессиялық әрекеттері адал ниетті барлық адамдардың ашу-ызасын келтіруде. Американдық агрессорлары Оңтүстік-Шығыс Азиядан тайып тұруға тиіс — бейбітшіл халықтардың өктем талабы осы.

Вашингтонның Оңтүстік Вьетнамдағы саясаты тұйыққа кеп тірелді. Ақ үйдегілер бұдан шығудың жолын тек қана соғысты өршіту саясатында деп біледі. Сайгондық тәртіпті қайткен күнде де сақтап қалу үшін соғысты кеңейту керек деп шешті олар. Американың Сайгондағы елшісі генерал Тэйлор өткен жылы конгреске жолдаған хатында нақ осындай жоспар ұсынған-ды. Американдық империализмі тек қарудың күшімен, соғыс арқылы ғана Үндіқытайдағы үстемдігін сақтап қалуға жанталасуда.

Осы мақсатпен американдық самолеттері Лаостың патриоттық күштері бақылаған елді мекендерді боратқан оқтың астына алды. Американдық соғыс самолеттері Вьетнам Демократиялық Республикасының территориясына шабуыл жасады. Өткен жылғы мамыр айында американдық самолеттері Лаостың территориясы үстінен ұша бастаса, ал биыл Лаос территориясын Оңтүстік Вьетнамдағы азаттық қозғалысқа қарсы, Вьетнам Демократиялық Республикасына қарсы пайдалану үшін тікелей агрессиялық әрекеттерге көшті.

Пентагонның бұдан басқа да қара ниет жоспарлары бар. Ол — Оңтүстік Вьетнамға көршілес елдерге қарсы соғыс жүргізу. Биылғы январь айында американдық соғыс кемелері Вьетнам Демократиялық Республикасының территориялық суына басып кіріп, бейбіт тұрғындарды атқылады.

Америка Құрама Штаттарының билеуші топтары 1954 жылғы Женева Кеңесінің Оңтүстік-Шығыс Азия жөніндегі қарарын өрескел бұзумен келеді. Бұл келісім бойынша, осы аудандағы барлық халықтың өз еркімен өмір сүруін қамтамасыз етіп, олардың ішкі ісіне араласпау керек еді. Бірақ іс жүзінде олай болмай отыр. Оңтүстік-Шығыс Азия күнде атқылаған жанар тауға ұқсайды.

Март айының басында американдық агрессорлары Вьетнам Демократиялық Республикасына тағы шабуыл жасады. Бұл шабуыл кезінде көптеген американдық самолеттері атып түсірілді. Еркіндікті өз қолымен орнатып, оның жемісін өз көзімен көрген солтүстік вьетнамдықтар отаршылдық тәртіптің қайта орнатылуын ешуақытта қаламайды да, тілемейді де. Олардың асқан патриоттық ынтымағын, күш-жігерін, өз Отанын қорғап қалу жолындағы саяси қырағылығын бүкіл жер жүзінің прогресшіл жұртшылығы қолдайды, бұған сүйсінеді.

КПСС Орталық Комитеті Президиумының мүшесі, СССР Министрлер Советінің Председателі А. Н. Косыгин жолдас бастаған Совет Одағының делегациясы Вьетнам Демократиялық Республикасы үкіметінің шақыруы бойынша достық сапармен Ханойға барған кезінде бірлескен совет-вьетнам мәлімдемесі жарияланды. Бұл сапардың туысқан социалистік елдер арасындағы достық қарым-қатынасты онан сайын күшейтіп, нығайта беруге зор үлес қосатыны сөзсіз.

Мәлімдемеде «Вьетнам халқы солтүстікте социализм орнату ісінде, туған елді бейбітшілікпен қайта қосу жолындағы патриоттық күресте вьетнам халқына бұрын көрсетілген және қазір де көрсетіліп отырған орасан зор көмек пен жәрдем үшін Совет Одағының Коммунистік партиясына, үкіметі мен халқына шын жүректен алғыс айтады» делінген.

Отаршылдарға қарсы күресте талай қиын-қыстау, ауыр сындардан өткен қаһарман вьетнам халқы социализм орнату жолына белді бекем байлап түсіп отыр. Вьетнамдық достар совет халқының қалтқысыз көмегін, рухани қолдауын, туысқандық, бауырмалдық қарым-қатынасын өте жоғары бағалайды.

Совет-вьетнам мәлімдемесінде американдық империализмінің қазіргі агрессиялық әрекеттері қатты айыпталды. Атап айтқанда онда: «Америка Құрама Штаттары Женева келісімдерін мүлтіксіз орындап отыруға; агрессиялық соғысты дереу тоқтатып, өз әскерлерін, әскери қызметшілерін Оңтүстік Вьетнамнан алып кетуге және қару-жарақты да әкетуге, Оңтүстік Вьетнамның істеріне қол сұғушылықтың қандайын болса да тоқтатып, Оңтүстік Вьетнам халқының ішкі істерін өзі шешуіне право беруге тиіс» деп атап көрсетілген.

Мәлімдемеде Совет Одағы мен Вьетнам Демократиялық Республикасы үкіметтерінің халықаралық мәселелер жөнінде көзқарастарының бір екенін, екі елдің де социализм лагерін нығайтуға күш жұмсай беретінін айқын бейнелейді.

Совет Одағы делегациясының Вьетнам Демократиялық Республикасына барған сапарын жер жүзінің жұртшылығы жоғары бағалауда. Болгарияның «Работническо дело» газеті бұл жөнінде былай деп жазды: «Совет Одағы делегациясының Вьетнам Демократиялық Республикасына барған сапары совет елінің барлық туысқан елдермен орнатқан терең интернационалдық ынтымағының тамаша үлгісі болып табылады. Бүкіл социалистік лагерь американдық агрессорларына қарсы барған сайын ынтымақтаса, бірлесе, біртұтас майдан болып қарсы шығуда».

Румынияның барлық газеттері Совет үкіметі басшысының совет адамдары Оңтүстік Вьетнамнан американдық әскерлері мен қару-жарағының әкетілуін талап етеді деген сөздерін толық басты. Совет халқының бұл орынды талабына күллі елдердің прогресшіл күштері қосылуда. Америкадағы Висконсин университетінің студенттері Висконсин штаты үкіметінің үйі алдында топ-тобымен жиналып, американдық авиациясының

Вьетнам Демократиялық Республикасының елді мекендеріне аюандықпен шабуыл жасауына қарсы наразылық білдірді. Германия Федерациялық Республикасы Гамбург қаласының тұрғындары осы қалаға келген америка елшісі Макги мырзаны «Вьетнамнан қолыңды тарт!» деп қарсы алған. Американдық агрессорларының аюандық әрекеттерін ашу-ызамен айыптау жөніндегі мысалдарды көптеп келтіруге болар еді. Бірақ осы бір-екі фактінің өзінен-ақ Совет Одағының, бүкіл социалистік лагерьдің сыртқы бейбіт саясатын жер шарының миллиондаған қарапайым адамдары қолдан отырғанын айқын көруге болады. Жер шарының бейбітшілік күштері американдық империализмінің Оңтүстік-Шығыс Азиядағы агрессиялық әрекеттерінің барлық халықтардың қауіпсіздігіне қатер тудырып отырғанын жақсы біледі. Бейбітшілік күрескерлері әлеуметтік құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру саясатының жүзеге аса беруіне көмектесіп, авантюристік күштерді ауыздықтай алады.

Совет Одағы американдық билеуші топтарына қарама-қарсы, планетамызда мәңгі-бақи бейбітшілік орнату жолында қажырлы да үздіксіз күрес жүргізіп келеді. Совет үкіметі американдық үкіметінен 1954 жылы Женева келіссөздерінде қабылданған Оңтүстік-Шығыс Азия жөніндегі шешімдердің мүлтіксіз орындалуын талап етуде. Бұл талапты басқа елдер де қостап отыр. Осы келісімге Вашингтон өкілі қол қойған еді. Алайда Ақ үйдегі мырзалар оң қолымен Женева келісіміне қол қойып отырса, сол қолымен соғыс кнопокасын басып отыр. «Оң қолдың не істегенін, сол қол білмейді» дегеннің кері осы да.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті өткен жылғы октябрь және ноябрь Пленумдарында лениндік бейбіт сыртқы саясатты дәйектілікпен жүргізе беретінін тағы да мәлімдеді. Совет Одағының халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, соғыс ошақтарын жоюға бағытталған нақ бүгінгі елеулі шаралары осыған тағы да айғақ. Совет-вьетнам, совет-корей мәлімдемелерінен бейбітшілікті жақтаған Совет Одағының позициясы тағы да айқын көрінуде. СССР Министрлер Советінің Председателі А. Н. Косыгин жолдас жуырда телевизия арқылы сөйлеген сөзінде Совет Одағының лениндік сыртқы саясатын тағы да атап көрсетті. Бұл саясат — СССР-дің сыртқы қарым-қатынастағы басты бағыты.

Халық «Не ексең, соны орасың» дейді. Американдық қарақшылары, егер соғыс қауіпін ушықтыру позициясынан бас тартпайтын болса, халықтар арасында арандатушылық әрекеттерін жүргізе беретін болса, онда сол өртте алдымен өздері өртенетін болады. Отпен ойнаған күйеді. Мұны американдық билеушілерінің біліп қойғаны жөн.

Агрессорлардың қандай да болса авантюристік әрекеттерін ауыздықтай алатын жер үстінде күдіретті күш бар. Ол күш — бүкіл социалистік система және барлық прогресшіл халықтар. Ат төбеліндей агрессорлардың жер шарын соғыс өртімен шарпу арманы ешуақытта жүзеге аспақ емес. Халықтар мұндай әрекеттің күлін көкке ұшыра алады.

Жуырда американдық президенті Джонсон Вашингтонда Өнеркәсіп конференциясы ұлттық советінің мүшелері алдында сөйлеген сөзінде Америка экономикасына тоқталып, сөзінің соңында Вьетнам туралы мәлімдеме жасады. Джонсон Америка Құрама Штаттарының Вьетнамда «анағұрлым ұлғайтылған соғыс» жүргізуге ұмтылмайтынын айта келіп, американдық билеушілерінің бұл аудандағы агрессиялық әрекеттерін жуып-шайып, ақтауға тырысты. Бірақ ол қаншама тырысқанымен американдық арандатушыларының қылмысты ісін жер жүзі халықтарынан жасырып қала алмайды.

Империализмнің өктемдігі барған сайын әлсірей түсуде. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы американдық саясатының оңалмастай күйзеліске ұшырауы осыған айғақ. Американдық империализмі соғыс қауіпін болдырмау, жер шарын соғыс өртіне шалдырмау жөніндегі бейбітшіл адамзат тілегін аяққа басып, соңғы уақытта барлық халықты апатты соғыс сұрапылына ұрындыратын авантюристік әрекеттерді күшейтуде.

Тарих тегершігін ешкім де кері айналдыра алмайды. Осы бір ақиқатты американдық саясатшыларының кейбіреуі сезетін сияқты. Шетел істері жөніндегі сенат комиссиясының председателі Джеймс Фулбрайттың «Батыстың болашағы» атты кітабында: «біз асып кеткен көреген де, күшті де емеспіз, қаншама жанталассaq та дүниені өз еркімізше қайта құра алмаймыз» деп жазғанын, ал «Сент-Луис пост диспетч» газетінің: «қай жерде езілген бұқара жақсы тұрмыс үшін күресіп жатса, сол жерде миллиондаған адам Америка Құрама Штаттарына өзінің ежелгі жауы ретінде қарайды» дегенін айтсақ, американдық империализмнің қазіргі халықаралық жағдайына, оның келешегіне кейбір американдық саясатшыларының өздері қандай сенімсіздікпен қарайтынын әбден білуге болады.

Американың саяси өмірінде екі фактор айқын көрінуде. Оның бірі — Америка Құрама Штаттарының авантюристік әрекеттерге итермелейтін әсіре оңшыл империалистік күштер де, екіншісі — өмірге нақты қарайтын, өз болашағын ойлайтын қарапайым американдар. Өмір ақиқатын түсіне білетін американдар Вашингтонның Үндіқытайдағы саясатының қандай қауіпті жолға айдап түсіретінін жақсы сезеді де, бұл саясатқа қарсы болады. Қазір осы қарама-қарсы екі күш арасындағы күрес күшейе түсуде. Пентагон басшылары Оңтүстік-Шығыс Азияда американдық саясатының тұйыққа тіреліп, ең жексұрын сыйпат алғанына қарамастан, соғысты соза беруге күштар. Пентагон генералдарының әмірімен қазір Оңтүстік Вьетнамда 23 мың американдық солдат бейбіт халықты қыру, атып, асу соғысына қатысып отыр.

Әсіре оңшыл күштердің Америка Құрама Штаттарының билеп-төстеушілеріне әсер ете алатынын, реті келсе жер жүзі халқын жаңа соғысқа душар етуге тырысып отыра-

тынын тағы бір мынадай мысалмен дәлелдеуге болады. Пентагон жыл сайын соғыс мақсатына 50 миллиард доллар жұмсайды. Жақында «Рэнд корпорейшн» әскери ғылыми-зерттеу ұйымының қызметкерлері Ч. Хитч пен Р. Маккин «Ядролық ғасырдағы соғыс экономикасы» атты кітап жазып шығарды. Бұл кітапта баяндалған соғыс-экономикалық жоспарлау принциптері ресми түрде танылып, Америка Құрама Штаттарының соғыс бюджетін жасауға негіз болып алынды. Кітап авторлары дүние жүзілік термоядролық соғысқа әзірлікті, ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншуға бағытталған апатты соғысты уағыздайды. Осы бір теоретиксымақтардың Америка Құрама Штаттарының күші басым деген байбаламы шылғи өтірік. Қазіргі заманда бейбітшілік күштерінің қуаты әлемге аян. Сөйтсе де «Бөрі күшігін қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» дегендей, американ империализмі озбырлық саясаттан, зорлық-зомбылық саясатынан ешбір бас тартпай, дүние жүзіне күш көрсету арқылы барлық халықтарды соғыс шегінде ұстауды мақсат етеді.

Бейбітшілікті жақтаушы күштермен қатар АҚШ-та соғысты уағыздаушы күштердің де басым екенін, ал орайы келсе есуас соғыс құмарлар жер шарын сұрапыл термоядролық қырғынға ұшыратқысы келетінін әсте естен шығаруға болмайды.

Империалистік күштер арандатушылық әрекеттер жасап, қаншама тырысқанымен халықаралық жағдай прогресшіл, революцияшыл күштердің пайдасына шешілуде. Тарихи дамудың барысы, революцияшыл күштердің жеңістері империализм лагерін, оның басты тірегі — Америка Құрама Штаттарын қатты абыржытуда. Империалистік топтар дүние жүзінде болып жатқан тарихи жаңалықтардан зәресі ұшып, бұрынғы позициясын сақтап қалу үшін халықтар бейбітшілігіне хауіп төндіретін қимылдар жасап бағуда.

Варшавадағы кеңесте, Ханой мен Пхеньяндағы келіссөздерде социалистік мемлекеттердің өкілдері қазіргі халықаралық жағдайды талқылап, тиісті шешімдер қабылдады. Варшава Договорына қатысушы мемлекеттердің саяси консультативтік комитеті НАТО-ның көп жақты ядролық күштерді құруы туралы агрессиялық жоспарына қарсы қорғаныс шараларын жүзеге асыруға мәжбүр болатынын мәлімдеді. Ханой мен Пхеньянда социалистік елдердің өкілдері Америка Құрама Штаттарының Вьетнам Демократиялық Республикасына қарсы агрессиялық әрекеттерін батыл айыптап, егер қажет болса, Солтүстік Вьетнамға тиісті көмек көрсетуге әзір екенін мәлімдеді.

Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасында достық, одақ және өзара көмек туралы Договордың қол қойылғанына он бес жыл толуына байланысты Совет үкіметінің хатында екі елдің одағы империалистік топтардың агрессиялық әрекеттеріне тосқауыл болады деп барынша батыл айтылды.

Совет Одағы, басқа да социалистік мемлекеттер бейбітшілік, халықаралық хауіпсіздік жолындағы күресте, империализмнің қара ниет тіміскілеуіне қарсы күресте авангардтық роль атқаруда. Бейбітшілік ісін қорғау жолында социалистік елдер өздерінің топтасқандығын, ыңтымағын тағы да көрсетті. Социализм, прогресс, демократия және бейбітшілік күштері империалистік арандату әрекеттерінің қандайын болса да тұншықтыра алады.

Оңтүстік Вьетнамдағы халықтық соғыста қатты соққы жегенін, басқыншылық саясатының мықтап дағдарысқа ұшырағанын американ империализмінің мойындарысы келмейді. Пентагон жаңадан агрессиялық жоспарлар жасауға әзірленіп жатыр.

Батыс Германия бундесверін ядролық қарумен жарактандыру, Жапонияны Америка Құрама Штаттарының Қиыр Шығыстағы атом базасына айналдыру жоспарлары жер жүзіндегі прогресшіл күштерден асқан қырағылықты талап етеді. Американ империализмі бастаған агрессиялық қара түнек күштер ертеректе нақ осындай саясат жүргізген герман фашизмі мен жапон милитаризмінің күні не болғанын ұмытып, сонау өткен тарихтың сабағын әлі де ұқпай отыр.

Совет адамдары, сондай-ақ жер жүзінің прогресшіл күштері американ империализмінің Оңтүстік-Шығыс Азиядағы арандатушылық әрекеттерін ашу-ызамен айыптап, «Вьетнам халқынан қолынды тарт!» деп батыл талап етуде.

Совет Одағы, басқа да социалистік елдер, егер халықаралық империализм агрессиялық әрекеттерін тоқтатпаса, оған тиісті тойтарыс беруге әзір. Соғысты уағыздаушылардың да, жер шарын соғыс шегінде ұстауға тырысушылардың да бұл шындықты біліп қойғаны абзал. Бейбітшіл халықтардың әділ ісі сөзсіз жеңіп шығады.

С. ДІЛДӘБЕКОВ.

«ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСІНІҢ» СЫНЫНАН KEЙІН

«АДАМ ҚАМЫН ОЙЛАСАҚ...»

Осы тақырыппен журналдың 1965 жылғы бірінші номерінде жарияланған баспасөзге шолуды «Коммунистік еңбек» газетінің редакциясы творчестволық қызметкерлерді және меншікті тілшілерді қатыстыра отырып, өзінің өндірістік мәжілісінде талқылады. Редакция бұл шолуды кезінде және өте дұрыс жазылған деп тауып, ондағы көрсетілген кемшіліктерді жоюға, алдағы уақытта тұрмыс мәселесін жүйелі жазып отыруға бағытталған шаралар белгіледі.

Т. БИСКЕНОВ,
«Коммунистік еңбек» газетінің редакторы.

* *

*

«Қазақстан коммунистінің» осы жылғы бірінші номерінде жарияланған «Адам қамын ойласақ...» деген баспасөзге шолуда «Орал өңірі» газетінің атына да сын айтылған-ды. Бұл шолуды жиналыста талқылап, редакция коллективі көрсетілген кемшіліктерді және айтылған сынды орынды деп тапты.

Облыс еңбекшілерінің мәдени-тұрмыстық қажетін өтеу, еңбек адамдарына қамқорлық көрсету мәселелерін байыпты жазу жөнінде нақты шаралар белгіленді.

Х. НҰРМҰХАМЕДОВ,
«Орал өңірі» газетінің редакторы.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов
(жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев,
Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, Қ. Мендібаев,
Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103;
Тел. 2-23-03, 2-24-95,
2-38-56, 2-57-23.

6/III-1965 ж. басуға қол қойылды, к. 70×108 1/16, 2,5 қ. — 6,85 авт. т. УГ01280. Т. 25767.

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 1687.